

А 2007
79 к

Әдібай Табылды

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫ

4





80
КРТИ



Әдібай Табылды

ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫ

БЕКЖАН-БОБЕК
Көңілді балалар



Алматы

ББК 84 (Қаз-7)

T12

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды

Табылды Ә.

T12 Таңдамалы шығармалары:

Т. 4 Көңілді балалар. —Алматы:

“Балалар әдебиеті” баспасы. —2006. —270 бет.

ISBN 9965-650-45-4

T 4803250201
00 (05)-06

ББК 84 (Қаз-7)

ISBN 9965-650-45-4 (Т. 4)

9965-650-33-0

© Табылды Ә., 2006

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

БЕКЖАН–БӨБЕК

Бекжантайым—бөбегім,
Сағынышпен өбемін:
Құшақтадың атанды
Қуанышқа бөледің.

Сүйісіңнен айналдым
Иісіңнен айналдым.

АНСАРЫМ

Жан бөбегім— Ансарым
Сәл көрмесем, аңсадым:
“Ата!” деген сөзіңнен,
Бақытымды сезінем.

Балдай тәтті қылығың,
Бақытты бол, құлыным!

ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, БАЛАЛАР!

Арайланып таң, атты,
Алтын шапақ таратты,
Қайырлы таң, балалар!

Әлемде нұр – тыныштық,
Әрбір бейбіт күн ыстық!
Қайырлы таң, балалар!

Жарқырады қаламыз,
Жайнай түсті даламыз,
Қайырлы таң, балалар!

Аман Отан – панамыз,
Аман ата–анамыз,
Қайырлы таң, балалар!

ДУЛАТ КЕЛДІ МЕКТЕПКЕ

Алға бастап бар талап,
Ақ сөмкесін арқалап.
Дулат келді мектепке,
Думан, мейрам мектепте.
Соғылды алғаш қоңырау,
Гүлге толды омырау,
Ұстазға гүл ұсынып,
Ұялып та, қысылып,
Дулат тұрды күлімдеп,
Дұғамды айттым “күнім!” деп.
– Ұлым, білім күніңмен!
Ұлы адам бол біліммен!

Өнер, оқу, еңбекте
Сенер ұл бол сен көпке!
Қуанышың көп сенің,
Құтты болсын мектебің!

ЗЕРДЕЛІ

Бабалардың —
Даналардың
Сөзін жаттап, зерледі:
Халқын сүйіп,
Салтын биік
Қастерледі Зерделі.
Өнерлінің
Өлең—жырын
Өрнектеп, ол жаттағыш:
Алғыр бала
Ата—анаға,
Ағайынға мақтаныш.

“Тергені” көп — көргені
Текті бала Зерделі.

ӘДЕПТІЛІК САЛТЫМЫЗ

Әдеп—білік, ұлы сөз
Әдептілік — адамдық:
Әдемілік — гүл мінез
Әдемі құт — адалдық.
Әдептілік — иманың,
Әдеп біліп, кісі құт:

Әр адамды сыйлаудың,
Әдебі де кісілік.

Әдеп күзет: адамда,
Әдепсіз көп, — безінгін.
Сабыр, ойың әманда
Абыройың өзіңнің.

Әдепті құт халқымыз:
Әдептілік салтымыз!

СҮЙЕМ ӨЗ ТІЛІМДІ

Сүйсем өз тілімді,
Боламын білімді:
Өз тілім үйретер,
Өнерді, ғылымды.
Сүйем өз тілімді.

ЖАҢА КҮН

Бүгін жаңа Күн келді,
Бүкіл әлем гүлденді:
Ол Наурыз той — береке,
Құтты болсын мереке!

БАЛБӨБЕК

Балбөбек — жырымсың,
Бағымсың — гүлімсің!

Балдайсың — шырынсың,
Бақытым — күнімсің!

ЖЕҢЕШЕМ

— Алтыным! Күнім! — деп,
Атымды тергейсің.
Жүресің күлімдеп:
Жүректі тербейсің.
Сүйікті ағамдай
Сүйдің от сезіммен:
Жеңешем анамдай,
Кеңесем өзіңмен.
Сезінем, мол ісің,
Өзіңе бағынам:
Бермесем қол ұшын,
Көрмесем сағынам.

Жарқыным, жүр есен,
Жанашыр жеңешем.

РЫСЖАН МЕН АТАСЫ

Атасы келсе жұмыстан
Алдынан шығып Рысжан,
Ұсынар, тауып шөркесін:
Атасы сүйер “еркесін”.
Атаға оның сыйы — мың:
Шөткелеп берер киімін.
Аймалап, сүйіп “ботасын,”
Беріп жүр ата батасын.

ЕКІ ДОС

Көбей, Құрбан — қос бала —
Көрші, құрбы, дос бала:
Бірлік жасап жүреді,
Бір ұшқандай қос қанат.

Екі достың бірлігін,
Ел мақтайды тірлігін.

АЙМАННЫҢ САНАСЫ

Айманды әкесі:
— Айым! — деп, сүйеді.
Күлімдеп көкесі:
— Күнім! — деп сүйеді,
Аймалап анасы:
— Ай — күнім — сен! — дейді, —
Айманның санасы,
Айтқанға сенбейді:
— Ай емес, Күн емес,
Адаммын — мен дейді.
Еркелік жасамай
Жүргенім — жөн, — дейді.

БИЛЕ, БӨБЕК

Айналайын
Бөпетайым!
Әнге салып,
Мың бұралып,

Биді баста:
Әс-са! Әс-сә!

Жаны шырын
Жарық күнім!
Шаттық күйге
Шаттан, биле.
Биле, ойна:
Күндей жайна!
Жа-са! Жа-са!
Әс-сә! Әс-сә!

АЙНАЛАЙЫН, БӨБЕГІМ

Айналайын, бал балам,
Аймалайын, жан балам!
Сенің әрбір қылығың —
Маған ыстық, құлыным!
Құштым сені, күліндеп,
Құлпыра бер күнім боп

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚАДАМЫҢ

Құшақ ашып—
Тәй-тәй басып, кел, бөпем!

Кел құшақта:
Ең құшаққа, ен, бөпем!

Кел! Жүрегі
Елжіреді ананың:

Нықты болсын,
Құтты болсын қадамың!

ШӨБЕРЕ СӨЗІ

Сәлем берсе өрені,
Бабам жақсы көреді:
“Айналайын күнім!” – деп,
Ақ батасын береді.

Баба сыйлар баламын:
Бабамызға барамын,
“Ассалаумағалайкум!” – деп,
Ақ батасын аламын.

КІШКЕНТАЙ ҚАРЫНДАСЫМ

“Ағатайым келді!” – деп,
Қара көзің күлімдеп,
Қарсы аласың елжіреп,
Қарындасым –
Қарлығашым!

Сен құшасың күлімдеп,
Мен құшамын “гүлім!” – деп,
Жайнай берші, күнім боп.
Қарындасым –
Қарлығашым!

Айналайын өзіңнен –
Айтқан ыстық сезіммен

“Аға!” деген сөзіңнен!
Қарындасым —
Қарлығашым!

ІЗЕТТІ БАЛА

Бекен қандай елгезек:
Берді ағайға жол кезек:
— Ағай, ғапу етіңіз!
Алға қарай өтіңіз!

— Оқасы жоқ, ұланым!
Ізетіңмен ұнадың! —
Деп, ағай да ұланды,
Жақсы көріп, нұрланды.

Елгезек жас өренді,
Ел де жақсы көреді.

ТЫНЫШТЫҚ КЕРЕК БӨПЕМЕ

Соқпашы өршіп азынап,
Тоқташы, жел, азырақ.
Абайлап ақшы, балбұлақ,
Ақ бөпем жатыр балбырап.
Бөлекше бізге тым ыстық
Бөпеме керек тыныштық,
Тынықсын құйттай балақан,
Бейбіт күн әкел, жаңа таң.
Ақ нұрға күн бөлегін:
Алып боп өссін бөбегім.

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

Атасынан немере:

— Бақыт деген немене?

Деп сұрады бір күн кеп.

Қарт:

— Ойланғын, — ұлым, — деп,

Ақ сақалын тарады:

— Бақыт деген, қарағым,

Оңай келмес адамға,

Арманына қалаған

Жету үшін әр адам,

Еңбек етіп әманда,

Өз ісіне сенеді,

Қиындықты жеңеді....

Пайдалы өтсе уақытың,

Ол да сенің бақытың!

Бақыт — іске сенгенің,

Денсаулық пен еңбегің.

ИМАНДЫ БОЛ, ШЫРАҒЫМ

Талап інім атамның

Тарап аппақ сақалын,

Сүйіп еді бетінен:

— Айналайын ниетіңнен!

Инабатпен ұнадың,

Иманды бол, шырағым! —

Деп, елжіреп аташым,

Берді ініме батасын.

— Иман деген немене?

— Деп сұрады немере.

– Иман – сенім, адалдық,
Инабаттық, адамдық.
Көкеңнен үйрен әдепті –
Инабатты әдетті.
Қамқоршы бол кішіге,
Қайырымды бол кісіге.
Ар–ұятты жоймасаң,
Тек жақсылық ойласаң,
Ол иманды болғаның –
Инабатты бол, жаным!
“Сөздің мәнін білдім!” – деп,
Інім тұрды күлімдеп:
– Көкемнен үлгі аламын:
Мен иманды боламын!

АТА, БІЗГЕ КЕЛІҢІЗ

Ата, бізге келіңіз!
Дайын сізге төріміз.
Өзіңізді дәйім біз,
Күту үшін дайынбыз.
Мақтап, жақсы көреміз:
Тақпақ айтып береміз.
Жүзіңізден әр таймай,
Жүз жасаңыз қартаймай.

ӘПКЕТАЙЫМ

Әр күн сайын
Маған дәйім
Қамқор болдың,
Әпкетайым!

Жаны — шырын
Жанасылым,
Жасай бергін
Жанашырым!

Анамдайын —
Әпкетайым!

МЕНИҢ ІНІМ БАР!

Жақсы көріп сыйлайтын,
Жайраңдасып ойнайтын.

Кіп—кішкентай інім бар,
Күлімдеген күнім бар.

Ол тіл алмай қырысса,
Отырғызам бұрышқа,
Бөлек кетсе азырақ,
Сағынамын қазір—ақ.

Мөлдір қара көздері,
Былдыр—былдыр сөздері.

Құлдыр—құлдыр жүгірген,
Айналайын інімнен,
Айналайын күнімнен!

НАҒАШЫМ

Анамның анасы,
Әкесі, ағасы —
Ең жақын сүйікті
Жақыным — нағашым.
Нағашы аташым,
Анашым, апашым.
Мерейлі, мен келсем,
Береді бар асын:
Керегің аласың...
Аңыз қып ел айтқан
“Нағыз жұрт — нағашым!”.

АҚ БЕСІК

Әшекейлі ақ бесік —
Әлдиіме бақ бесік.
Түбегінді қадайын,
Шүмегінді салайын.
Сылдырмағын тағайын,
Жібек көрпе жабайын.
Бауың өсем пүліштен,
Балдақтарың күмістен,
Жабдығыңмен сайлысың.
Жатса бөпем, жайлысың.
Құйттай бөпем өседі:
Құтты болсын төсегі!

ӘДЕП ПЕН ӘДЕТ

Әр мектептің өзінде,
Әдептілер мақталар:
Үзілістің кезінде
Қатаң тәртіп сақталар.
Ал бізде шу бірақ та,
Айтшы, неге бүйтеміз?
Шыңылдайды құлақ та,
Жұқарады жүйкеміз.
Жояйық жаман әдетті,
Болайық біз де әдепті.

ҰЯТ БОЛДЫ

“Тұрам айтқан сөзімде,
Әр істі дер кезінде,
Орындаймын!” – деп едім, –
Ойымда жоқ “дегенім”,
Тәтті ұйқыға батыппын,
Түске дейін жатыппын.
Ойға алған жұмыс көп,
Орындалған бір іс жоқ.
Жалқауланып өзім де
Жұрттың ақыл сөзін де
Құлағыма ілмеппін:
Құнын ойлай білмеппін
Уақыт деген досымның.
Ұят болды осыным...

МАҚТАНЫШ

Таудай үлкен талабы,
Күнінде “бестік” алады —
“Білгіш” дейміз мектепте,
Мақан деген баланы.

Қастерлейді ананы,
Қадірлейді ағаны—
“Ізетті” деп мақтаймыз
Мақан деген баланы.
Өнерлі де саналы,
Күй тартып, ән салады —
“Өнерпаз” деп мақтаймыз
Мақан деген баланы.
Көп—ақ түрлі талабы,
Көрген жан таң қалады:
Мақтап жүрміз мектепте
Мақан деген баланы.

ТӨЛ ШАҚЫРУ

Шөре—шөре, лағым!
Шөпшендеме, шұнағым!
Жайсам, дәйім желдеме:
Майса дайын, құрағым!

Пішәйт—пішәйт, қошақан!
Пішәйт! Болма қашаған.
Қандай дәмді!? Жем дайын:
Балдай дәмді жасағам!

Құру—құру, құлыншақ!
Жем беремін шырын сап.
Тайталасар жем жеуге,
Тай, құнаннан бұрын шап!

Көс—көс! Сүт ем, боташым!
Көс! Қызыққа батасың:
Бөгіп ене сүтіне,
Шөгіп, жырғап жатасың!

Ауқау—ауқау! Бұзауым!
Аулақ неге ұзадың?!
Ененді еміп, баса ғой
Емшегінің сыздауын!

ҒАРЫШКЕРЛЕР – ЖҮЛДЫЗДАР

Асып көктен,
Айға жеткен,
Айдан өткен кемеміз:
Марстан да
Алыс жайға —
Ғарыштарға келеміз!
Жұлдыз жақтан,
Жарқылдатқан,
Жұлдыз жаққан ұл—қыздар:
Намыскерлер,
Арыс ерлер —
Ғарышкерлер — жұлдыздар!

НЕ ЫСТЫҚ?

– Аспанда күн ыстық?
Ал, жерде кім ыстық?
– Әке мен шешеміз
Сүйікті, тым ыстық!
Әркімге туыстық,
Туған қыз, ұл ыстық.
Бәрінен: “Тыныштық!”
Деген сөз тым ыстық!

Жасасын туыстық,
Достық пен тыныштық!

КЕНЖЕ БАЛА

Апам мені: күнім, –деп
Аймалайды күлімдеп.

Ақ әжемнің “жанымын”:
Айтатын жыр – өнімін.

Атам: “менің панам”, – деп,
Көкем: “ойлы балам”, – деп,

Сенім артты маған көп,
Шығады деп адам боп.

Мен сүйікті баламын –
Кенжесімін анамның.

БЕС ДОС

Жалғыз тұрсам, алаң боп,
Жалғыздықтан жаман жоқ,
Маған сыңар қосылды,
Таптым солай досымды.
Екіге бір жанасты,
Үшеу болып жарастық,
Төртеу бірге тұрғанды
Қос егіз боп туғандай.
Төртке біреу қосылса,
Көпшілік боп осынша,
Бес жұлдыздай жайнаймыз,
Бес дос бірге ойнаймыз.

ӘЖЕМ МЕН ӘЛЕН

Әжеме сыр ақтарып,
Әлен отыр мақтанып:
— Үлкен менің талабым,
Жаңа дәрі табамын.

Әже сенің емдеуші
Дәрігерің боламын.
Тау аралап көремін,
Шипалы шөп теремін.
Әлдендірер дәріні
Әже, саған беремін.

Әжем айтты:
— ұланым,
Талабыңмен ұнадың.

Мына сөзбен, шырағым,
Мың жасайтын шырағым!

“Қуанттым, — деп, — әжемді!”
Әлен біздің мәз енді.

БӨБЕГІМЕ

Құлдыр—құлдыр, бөбегім,
Қуанышқа бөледің.
Ал мін, бөпем, арқама,
Атың болып желемін.

“Шабандозбын” деп сен де,
Мен “шапқанда” сескенбе...
Бірақ әке мойнына
Мініп алма өскенде.

БӨПЕМНІҢ ТІЛІ

Бөпемнің бір жастағы
Тілі шыға бастады:
“Әпа” дейді апаны.
“Әта” дейді атаны
Қозы көрсе, “Мә—әә!” — дейді,
Бұзау көрсе, “Мө—өө!” —дейді,
Бота көрсе, “Бө—өө!”—дейді.
Оған біздер күлеміз:
— Бұл — бір тәтті тіл, — дейміз.
— Әрбір сөздің анығын
Түсіне біл, дәл ұғын,

Деп, ерінбей ініме
Сөз үйретем күніге.

БЕСІК ЖЫРЫ

Бесігіңе бөледім:
Әлди, әлди, бөбегім,
Қуатым боп, сен мені
Қуанышқа бөледің

Нұрланасың күн жебеп,
Күлкің әсем, күл бөбек;
Еркелетіп өсірер
Ел қадірін біл, бөбек.

Гүлдей жайнап өсерсің,
Өнер қуып, кетерсің.
Ата—анаңа мақтан боп,
Арманыңа жетерсің!

Әлди—әлди, бөбегім:
Ұйықта, балғын өренім.

ТҰСАУ КЕСЕР

Тәй—тәй, бөпем, кідірме!
Тәй—тәй бас та, мүдірме!
Ал кәнекей,
бір,
екі,
үш!

Абайлап бас, жүре түс!
Жығылам деп сескенбе,
Батыр болып өс сен де!

АҒАСЫ МЕН ІНІСІ

Жақсы көріп інісін:
— Қолқанатым, тынысым! —
Десе Қуат, інісі
Тындырар үй жұмысын.
— Ақылды бол, білім ал,
Анамыздың тілін ал, —
Дейді ол: — үйрен, жирен де,
Өнер сырын біліп ал...

Ол оңайға түспейді:
Оқуға сал күш, — дейді.
Ағасының айтқанын
Інісі әр кез істейді.

Ағатайым күлімдеп,
Сүйеді оны: “Күнім!” деп.

АНА МЕН БАЛА

— Ана! — деді баласы,
— Ау, не? — деді анасы.
— Тек қырықта жасыңыз?
Неге ағарған жасыңыз?
— Ағарғаны шашымның:
Көп кейіттің, ашындым...

Шаршаттың ғой анаңды:
Шашым содан ағарды.
— Кемшілікті біртіндеп,
Түзетеді ұлың, — деп,
Бала тұрды күлімдеп.
Ана тұрды:
— Күнім! — деп.

ҮШ ДОС

Тегі—негр, қап—қара
Бен Куан Се жас бала:
Туған жері сахара,
Тұрған жері — астана.

Мәскеулік ер атасы,
Ваня келген Оралдан.
Батыр оның папасы,
Ғарышқа барып оралған.

Асан шопан аулында
Туған киіз отауда.
Алатаудың баурында,
Әкесі жүр отарда.

Бір қалада бас қосып,
Үш балдырған жүр бүгін.
Жұбын жазбай достасып,
Жақсы көрген бір — бірін.

Қара, сары, ақ бала
Құшақтасып жараса.

Бірге ойнап жүр шаттана,
Нағыз достық — тамаша!

ҚАҚПАҚЫЛ ДОП

Көкшіл орман айналаң,
Көлде мөлдір айнадан.
Қандай қызық айдында
Қақпақыл доп ойнаған!
Додаға түс, қызып кет,
Допты қуып, жүзіп жет!
Қапы қалма, кідірме,
Кедергіні бұзып өт!

Қандай қызық қақпадан
Доп өткізбей, мақталған!
Дене ширап, құрыштай
Денсаулықты сақтаған!

АЛТЫН ҚАҚПА

(Ойын—өлең)

Қосарланып жұптасып,
Қолымыздан ұстасып,
Алтын қақпа жасайық,
Алдыға жол ашайық.
Болмаса кім қосарда
Босайды бір босаға:
Бұзбау үшін қақпаны,
Сыңарыңды тап көне!...

Қақпа дайын келіндер,
Қаламызға еніңдер!
Ал сыңарды қосарға:
Мықты болсын босаға.
Білсе “көше” тәртібін,
Жолы болар әркімнің!

ШАҢҒЫ ЖАРЫС

Ақ қыс тойын бастады:
Ақ қар үйіп тастады,
Шаттандырып жастарды,
Шаңғы жарыс басталды.
Қырдан түсіп келеміз:
Қызып кетті денеміз!
Қос қанаттай шаңғымыз,
Қия бетке салдық із.
Сырғы дөңнен, зырқырат,
Шаңдат қарды, бұрқырат!
Ақ күмістей кеңісте,
Жету қызық жеңіске!

Берікпіз серт, намысқа:
Біз озамыз жарыста!

ЖЫЛЫЛЫҚ ПЕН ҰЛЫЛЫҚ

Аяулы ананың
Көзінде — жылылық,
Сөзіндеі дананың,
Сөзінде — ұлылық.
Жүрген біз сезінбей

Жақсылық көп шығар, —
Ананың өзіндей
Аяулы жоқ шығар.

Анада — ұлылық,
Шапағат, жылылық.

УӘДЕ

Ағатай, күлімдеп,
Аялар күнің көп:
Баулисың інім деп...
Үлгіңді әдеппен
Үйренем бірін деп.
Әдепті өренмін:
Әкемей көремін.
Артыңнан еремін...
Өзіндей болам деп
Уәде беремін!

АТА СӨЗІ

“Ертеке айт”, деп, өтіне,
Құшақтадым атаны.
Сүйген кезде бетіме
Жұмсақ тиді сақалы.

Ғажап екен ертегі
Айға ұшқан алыптың,
Қызықтырып ертеді,
Ұйып тыңдай қалыпшын.

Қуанышпен мен күліп:
Үшса алып алысқа,
– Үшам – дедім сендіріп,
– Ертең менде Марсқа.

НЕМЕРЕЛЕР СӨЗІ

Әжем келді, алақай,
Әжеме кел балақай:
Қолтығыңнан демейік,
Көрпе төсеп берейік.

Тынығып, әже, сергіңіз,
Ертек айтып беріңіз.
Сүйіп, сүйіп аламыз:
Сізге бала боламыз!

КІШКЕНТАЙ ҒАЙША

Үй оңаша:
Біздің Ғайша,
Өзі қожа – жұмыс көп,
Ыдыс жуды,
Үй сыпырды,
Еденде жоқ сынық шөп.

Сүртті құнттап:
Стол, шкаф,
Жылтылдайды айнадай.
Мамасы кеп,
– Көмекшім! – деп,
Сүйді оны аймалай.

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

Құс шарлап аспанды,
Күз айы басталды:
Бірінші қоңырау
Жайнатты жастарды.

Алақай келіңдер:
Сыныпқа еніңдер;
Балалық өмірдің
Бақытын көріңдер!

ОТ ШАШУ

– Ура! Достар, ұл – қыздар,
Үшты жарық жұлдыздар:

Жарқылдады аспан да,
Жарқылдады астана.

Алқызыл, ақ, көк жұлдыз,
Атырылды көп жұлдыз.

Сәндендіріп жер–көкті,
Салды жарқын өрнекті.

Бүгін – Күні жеңістің,
Бұл күн – бақыт ел үшін!

Тыныштық боп мәңгілік,
Тұрсын шашу жаңғырып.

МЕЙМАНДОС

— Ататай, келіңіз:
Дайын түр төріміз!
Киімді ілейін,
Шешіңіз беріңіз!

Тамақтар дап—дайын,
Таңдайсыз қандайын.
Тағамның не түрін
Тағы да қамдаймын...
Келіңіз, келіңіз:
Сый—сипат көріңіз!

БАЛ БАЛА

— Бала, бала, балдайсың,
Бал жеміспен қандайсың?

— Балдай төтті бал жеміс:
Бал жемістен ал деңіз!

— Бала, бала, балдайсың,
Бауырсақпен қандайсың?

— Бауырсақтың майы көп,
Жеймін “нәйім—нәйім” деп.

— Бала, бала, балдайсың,
Бал қаймақпен қандайсың?

— Қаймақ жесем толамын:
Балпанақтай боламын.

– Балдай тәтті дейсің де,
Бәрін өзің жейсің бе?

– Бөлке, жеміс, балымыз...
Бөліп жейміз бәріміз!

ҮЙІМІЗДІҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Үйімізде бір қыз бар –
Жарқыраған жұлдыз бар!
Өзі сондай тіл алғыш:
Еститіні – кіл алғыс.

Сөйлескенде бізбенен,
Сөзі жақсы “Сіз” деген.
Ол – Гүлмейрам аппақ қыз,
Мадақтаймыз мақтап біз.

ИМАНДЫ БОЛ ШЫРАҒЫМ

– Иман деген немене? –
Деп сұрады немере.
Жауап беріп атасы,
Айтты ақылын – батасын:
– Илан біліп әдетті:
Имандылық – әдепті,
Инабатты жан болу
Қамқоршы боп кісіге,
Білсең адам сыйлауды,
Жек көрсең бос қинауды,
Жасамасаң күншілдік –
Имандылық – бұл шындық!

Инабатпен ұнағын:
Иманды бол шырағым!

АТАМНЫҢ ӨСИЕТІ

Тарамдап күміс сақалын,
Тақпақтап үлгі — мақалын,
Өнеге қылып айтқаны —
Өсиет сөзі атамның:

— Ерлікпен туған азат күн,
Еңбегі, салты ғажап тым,
Дәстүрін сақта қазақтың:
Мейірің күнмен тең болсын,
Пейілің шалқар, кең болсын!

Әділ бол дос пен қасыңа,
Жақсылық көрсең тасыма,
Жамандық көрсең жасыма:
Алымды тап та асылдан,
Арыңды сақта жасыңнан!..

Халқымның салтын сақтаймын:
Атаның сөзін жаттаймын.
Өнеге, тәлім, үлгісін
Өнермен іспен ақтаймын.

ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ

Күнде дәйім:
—Айналайын,

Асың дайын,
Деп, ас баптап,
Таза сақтап,
Тәтті тағам
Берген маған.
Аялаған
Аяулы адам
Асыл анам.

АҒАТАЙЫМ

Ағатайым:
— Күн мен айым!
Деп, сүйеді
Мені дәйім.
Жақсы баға
Алсам, ағам
Алғыс айтып,
Риза маған.
Жұмсаса,
Дайын болам:
Ағайымнан
Алғыс алам.

БӨПЕМ МЕНІҢ

Бөпем менің іңгөлады,
Әлдилесем, тыңдамады.
Емізгенде мамам келіп,
Ақ мамасын бөпем еміп,
Оймақ ерні бүлкілдеді,

Онысына күлкім келді.
Өзі қандай сүйкімді еді?!

ӘДЕППЕН СӨЙЛЕП ӘДЕТТЕН

Үлкенге сіз деп иіліп,
Сыйласаң, ол да сүйініп,
Мақтайды жақсы бала деп,
Жақсыда ақыл, сана көп.

Әрқашан озба әдептен,
Әдеппен сөйлеп әдеттен.

ҚОШ БОЛ, БАЛАБАҚШАМЫЗ

Өстік: жеті жастамыз,
Өнерпаз жас баламыз.
Қош бол, балабақшамыз,
Біз мектепке барамыз.

Біз мектептен аялы
Оқып, білім аламыз:
Қош болыңыз аюлы,
Тәрбиеші анамыз!

ТЫҢДА, БЕКЕН

Тында, Бекен,
Қызық ертеке айтайын.
Қандай екен
Зейініңді байқайын.

Естігенді
Айтып берсең қайтадан,
Есті, жөнді
Ақылды деп айта алам.

Ертек тыңдай білмесең,
Есеймейсің мүлде сен.

МАМАМА СЫЙЛЫҒЫМ

Мерекеде Бекен ағам
Үш шар әкеп берді маған.
Қуансын деп көріп анам,
Үш әріпті жаздым оған.
“А–Н–А!”—деген биіктегі
Сөзді оқып, сүйіп мені,
— Үлгілі бір іс атқардың:
Үш шар — сыйлық “ұшақтарың”,
Деп, анашым құшақтады.

СЕГІЗІНШІ НАУРЫЗДА

Сегізінші наурызда,
Біз балалар бар қызға
Көде сыйлық береміз:
Бірге қызық көреміз.
Мерекені қарсы алып,
Би билейміз ән салып.

СЫЙКӘДЕ

Наурыз күні, анажан,
Жинап келген даладан
Сыйкәдеміз—гүліміз,
Ән мен би, күй, жырымыз.
Құтты болсын мерейлі,
Мерекелі күніңіз!

ЖҰЛДЫЗ

Жұлдыз—көктің тұрағы,
Түнде жайнап тұрады.
Өйткені ол көрікті
Көк аспанның шырағы.

БӘЙШЕШЕК

— Бұл қай шешек?
— Гүл — бәйшешек.
Қар астында өседі.
Күнді көрген
Гүлдің өнген
Үсімейді шешегі.

БАЛБӨПЕМ

Бал—бал бөпем, бал бөпем,
Балжемістен ал бөпем,
Шырынына қан, бөпем:
Шынығып өс, жан бөпем.

КӨКТЕМДЕ

Көктем кеп,
Көкпенбек жер беті:
Нұрланды
Гүлзарлы келбеті.

Жайнап бақ,
Ойнақтап төліміз.
Жер—көкте
Еңбекте еліміз.
Қызығын көріңіз.

АТА, АСҚА КЕЛІҢІЗ

Ата, асқа келіңіз,
Ас мәзірін көріңіз:
Ас—дәм ішіп болған соң,
Батаңызды беріңіз.

БАБА ӘЖЕ

Баба әжем — киелім:
Басымнан иіскеп,
“Шөжем!” деп, сүйеді.
Мен де оны сүйемін.
Атамның анасы —
Ақпейіл жанашыр:
Шөбере, шөпшек те...
Қасында қамқор боп
Қанша бір бала жүр.

Оны жас—кәрі де
Сыйлайды бәрі де.
Еліне бұл ана —
Ең сыйлы — ұлы ана.

СЫЛДЫРМАҚ

Сылдыр—сылдыр—сылдырмақ!
Сылдырлайды сыңғырлап.
Бөпем оған қызығып,
Сөйлеседі былдырлап.
Сылдыр—сылдыр—сылдырмақ!
Сылдырлай бер сыңғырлап.

ЖАҚСЫ КӨРЕМ АНАМНАН

— Артық көрем баламнан,
Айналайын панамнан!
Деп, сүйген ақ әжемді
Жақсы көрем анамнан.

АНАҢ КЕЛДІ, АЛАҚАЙ

Айналайын, балақай,
Анаң келді, алақай!
Анаң сені: —Күнім!—деп,
Аймалайды күлімдеп:
Шаттан, бөпем! Алақай!
Аяқты бас: топ—топ—топ!
Алақанды: соқ—соқ—соқ!

ҚОШ КЕЛДІҢ ЖАҢА КҮН

Сәні боп даланың,
Әні боп ғаламның,
Қарттың да, баланың
Тойы боп, ананың,
Қош келдің, наурыз той:
Жаңа жыл — жаңа күн!

ТУҒАН КҮНІ БӨПЕМНІҢ

Бөпем — Күнім!
Тойың бүгін:
Құтты болсын
Туған күнің!
Сыйлық дайын,
Ал, күн—айым!
Аман болғын,
Айналайын!

АҚ БӨПЕМ

Бөбегім — ақ бөпем!
Бөледім, жат, бөпем.
Қызығың көп екен:
Қылығың тәтті екен!

Ақ бөпем — гүлімсің:
Айымсың — күнімсің!

ӨНЕРПАЗ ӨРЕН

Мен – өнерпаз өренмін:
Өлең жаттау – өнерім:
Жамбыл баба өлеңін
Жаттап айтып беремін.

ӘДЕПТІ БАЛА

Ана тілін аламын,
Әке тілін аламын:
Қартқа қамқор боламын,
Мен – әдепті баламын.

ӨСІРГЕН АНАМЫЗ

Жер ана – панамыз,
Ел ана – данамыз:
Өзгеше бәрінен
Өсірген анамыз.

АМАН БОЛСЫН АНАМЫЗ

Аман болса анамыз,
Біз – бақытты баламыз.
Шынары боп өсеміз,
Шырағы боп жанамыз.

ДАСТАРҚАН БАСЫНДА

Сәнге сай, дәмге бай
Жайылды дастарқан:
Бауырсақ, құрт пен май...
Қойылды ас дарқан.

Жайнаттық мәуені.
Міне торт, балымыз:
Ата, Сіз әуелі
Ас алдын алыңыз.

ОЯНШЫ, АҚ БӨПЕМ

“Күн құтты бүгін!” деп,
Күн шықты күлімдеп.
Аймалап анашың,
Ұсынды мамасын.
Оянды бақ мекен,
Ояншы, ақ бөпем!

ЖОРҒА

Әйт шу! Атым, жорғала!
Жорғаласаң, жол сара.
Жорғалай бер тайпал, жай
Жорғалатам тайсалмай.
Ойпаң, тегіс жолда да
Жорға – жорға – жорғала!

КӨКТЕМ ГҮЛІН ТЕРЕМІЗ

Таңырқатып ғаламды,
Таң сәулесі тарады.
Көтеріліп күн сұлу,
Көктен күліп қарады.
Алақай, күн жайнады!
Бақта бұлбұл сайрады.
Көктем гүлін тереміз:
Көп қызықты көреміз.

БІРІНШІ КІТАП

Білімді әріппен
Үйретті әліппем.
Оқимын кітаптан
Ой—білім алып мен.
Әр білім бастауын
Әріптен бастадым:
Оқуға үйреткен
Әліппем — Бас пәнім.

БАТЫР

Бейнелеп ер алыпты,
Ағай сурет салыпты:
Міне батыр сауытты,
Бұл жауларын қауіпті
Жекпе—жекте жеңіпті:
Жеңісімен ер мықты.
Ерлікті ел мақтайды
Есте мәңгі сақтайды.

ӘЖЕМНІҢ ҚҰШАҒЫ

Ақ жаулықты әжетайым
Аймалайды сағат сайын.
Оның ыстық құшағында
Шаттанамын, құшамын да.

Жатса ұйықтап, тиіспеймін:
Жаулығынан иіскеймін.

ӘТКЕНШЕК

Алмақ —салмақ!
Алға самғап,
Артқа самғап,
Ұшып көкке
Түсіп кетпе!
Жасқанба!
Биік самғап,
Көкті барлап,
Аспанда!

ЖАНАТ

Үлпілдеген жүні бар,
Үілдеген үні бар...
Жанат қандай қырағы,
Жасыл орман тұрағы.

Өткір қара көзін—ай,
Өзі момын қозыдай.

Мұны шепке аламын,
Мұнтаздай қып бағамын.

ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАП ӘДЕТТЕН

Сәлем берсе иліп,
Үлкен кісі сүйініп,
Сүйер жақсы баланы.
Ондай бала – саналы.
Әрқашан озба әдептен:
Үлкенді сыйлап, әдеттен.

ҚЫЗЫҚ КІТАП

Жазған мынау даналар –
Жақсы кітап, балалар.
Мұнда қызық ертегі
Мың түрлі сыр шертеді.
Үлгі санды саралап,
Үйретеді санамақ.
Жаңылтпаштар – тіл үлгі,
“Жақсартады” тілінді.
Мақал – ақыл–өнеге,
Мәтел – үлгі өренге.
Әуенді сөз – тақпағын
Әсерленіп, жаттағын.

“Кітап – білім бұлағы,
Білім – ойдың шырағы”.

НАУРЫЗДАҒЫ ӘУЕНДЕР

Наурыз мейрам жеткенде,
Нағыз гүлді көктемде,
Төрт түліктің төлдері
Төрге шығып белдегі,
Әсем әнге қосылды,
Ән сап бәрі жосылды:
– Бө–бө! Елдің төліміз!
– Мө–мө! Дарқан еліміз!
– Ме–ме! Көркем жеріміз!
– Мә–мә! Жайсаң көліміз!
– Еһе! Жайлау– төріміз!
Қостап төлдер әнін біз,
Ән саламыз бәріміз.

ОРНАТАМЫН ТЫНЫШТЫҚ

Көкем: –Туған күнің, –деп,
– Көрші міне, күнім!–деп,
Сыйға берді автомат.
– Адам атып қат–қабат
Ажал сепкен автомат.
Керек емес!–деді мен,
Соғысты кім жақтамақ?!
– Ер мерген боп әс сен де,
Ел қорғайсың өскенде,
Деді көкем, –Баламсың,
Берген сыйды аласың...
– Өссем мерген болармын,
Өзім қару алармын.
Жауласпаймын әманда,

Жау болмаймын адамға.
Дауласатын ер болса,
Жауласатын ел болса,
Олармен жай тынысып,
Орнатамын тыныштық.
— Ақылдымсың!—деп, мені
Көкем сүйіп алды да,
— Арманыңа жет!—деді.

САЯЖАЙДА

Саяжайда келістік,
Бақ күтуді бөлістік.
Гүлдеген бақ өрігі
Күлдіргенге берілді.
— Қопсытамын тал түбін,
Өсер жеміс бал—шырын!
Деп, Күлдірген мәз болды.
Десе де іс аз болды.
Талай апта өткенде,
Тал гүлдерін төккенде,
Күлдіргеннің өрігі
Күнде түсіп, терілді.
Баптап күнде күтпесең,
Бақтан жеміс күтпе сен.

ЖӘМПІШ

Құйттай Жәмпіш
Мұрны тәмпіш.
Көзі — қара,

Сөзі — сара.
Бұйра шашты,
Қиғаш қасты.
Сүйікті қыз:
Сүйеміз біз.

НӨСЕРДЕН СОҢ

Көлдетіп өткенде
Көктемнің нөсері:
Көркейіп көктемде,
Көкмайса өседі.
Жарқырап күніміз,
Жайнайды гүліміз.

ЖАҒАЖАЙДА

Жағажай қызық—ақ,
Жанға жай қызынбақ.
— Қыздырам денемді,
Шынығам!—деп енді,
Күлдірген мақтанды,
Бес сағат қақтанды.
Қарайтып аңқасын,
Күйдіріп арқасын,
Күн өтіп кетіпті,
Күлдірген кеш ұқты.

КҮНТУДЫҢ АТАСЫ

Күнту сүйіп атасын,
Күтіп, көмек береді.
Атасы беріп батасын,
Оны жақсы көреді:

— Тартып туған балама,
Артық туған түлегім:
Өстіп жүрсең, әманда
Орындалар тілегім.

Балнемерем — жарқыным,
Бақытты болсын бар күнің!

САНАЛЫ ҰЛ

Әкені, ананы
Сыйлайтын ағаны
Бақ деген баланы
Жұрт сүйіп, ізетгі
Ұл дейді саналы.

ІЗЕТСІЗ БАЛА

Кер ұрыс, күл мейлі,
Ізетгі білмейді.
Сондықтан жұрт оны
Ізетсіз ұл дейді.

ҚҰЛЫН

Жел есіп тұлымың,
Желесің, құлыным.
— Моһ!— десем, келесің,
Қолымды емесің.
Тұмсығың түйісіп,
Тұрасың “сүйісіп”.
Өзінді баптаймын:
Төзімді аттайын
Шынығып, толасың,
Шын тұлпар боласың.

АЛАТАУ, АРМЫСЫҢ

Аппақ қар бастарың.
Алтындай тастарың.
Пүліштей құрағың,
Күмістей бұлағың,
Ала тау, армысың?!
Ақ бабам — қарлы шың.
Мен келдім саяңа:
Мейірлен, аяла.

БАЙЛЫҚ

Отанның кең ауқымды
Ой даласы, тау, қыры.
Орман, бағы, шалғыны...
Осылардың барлығы
Ортақ байлық әманда
Оған, саған, маған да.

АЙНАКӨЛ

Айнымай айнадан,
Айнакөл, жайнаған.
Арайлы бетінде
Аққу, қаз ойнаған.

Бұлбұлы сайраған
Гүлді бақ айналаң.
Көлімен, елімен
Көрікті бай далам.

КӨКЕМНЕН ҮЛГІ АЛАМЫН

Секен көкем екеуміз
Сертімізге бекенбіз:
Ерте тұрып, шынығып,
Еңбек еттік, тынығып.

Ол шебері әр істің,
Чемпионы жарыстың.
Көкемнен үлгі аламын,
Іскер де, күшті боламын.

БАҚТАҒЫ ӘН – КҮЙ

Тыңдаңдар өне, балалар,
Бақта ән сап жүр аралар.
Шаңқобызын шыбындар
Ызыңдатты ұғындар.
Сыбызғышы масаның

Күйін естіп, қашамын.
Сона тартып қобызын,
Домбырашы қоңыздың
Күйіне күй қосып жүр...
Әнші, күйші жосып жүр.
Шегірткелер шырылдап,
Ән салады тұрып ап.
Әр шіркейдің әні бар,
Әуендердің мәні бар.

ГҮЛСІМНІҢ ТӘРБИЕСІ

Даңғаза қып үйішін,
Дабырлаған інісін
Гүлсім жөнге салып жүр,
Інісі тілін алып жүр:
— Абайлайық, Мәжен біз,
Ауыру ғой әжеміз.
Әжем жайын ойлайық,
Әңкілдемей ойнайық...

— Жанашырым — Күнім!—деп,
Жатыр әже күлімдеп.

БАБА ӘЖЕНІҢ ҚУАНЫШЫ

Шөбересі Санжарды
Баба әжесі құшып тұр:
Бөбек нені аңғарды
Талпынып тұр, “ұшып” тұр.

Қолын көкке ұсынып,
Күлімдеді бөбегі,
Әжесі оны “ұшырып”,
Қуанышқа бөленді.

АЯНЫШ

Қатты құлап, Текестің
Қанап қалды шекесі.
Аяды оны тәтесі,
Аяды оны көкесі.
Текес сабыр сақтады:
Текке жылап жатпады.
Жесе де жерден таяқты,
Абыржитын шығар деп,
Анасын ол аяпты.

ЖАСҰЛАН МЕН АТАСЫ

— Айналайын Жасұлан,
Иіскейін басыңнан,—
Деген кезде атасы,
Қашақтады ол қасынан.

— Ата, айып етпеңіз,
Қашақтадым, — сөкпеңіз:
Менен тұмау жұқпасын,
Нашарлау ғой өкпеңіз.

— Айналайын, алтыным,
Айық дерттен, жарқыным.
Аман—сау бол, күнім!—деп,
Атасы отыр күлімдеп.

ҮКІ

Үкі күндіз көрмейді,
Түнде ұшып, өрлейді.
Үстіндегі үлпегі
Гүл сияқты күлтелі.
Ол үлпекті бағалы
Әртіс қыздар табады:
Тақияға тағады.

ЕЛ ТАҢБАСЫ

Елін сүйген жарандар,
Ел таңбасын қараңдар:
Жарқын көктен нұр шашып,
Жарқырап тұр азат күн.
Ел түндігін тұр ашып,
Шаңырағы қазақтың.

Қанаттарын қомдап тұр,
Қос пырағы азаттың.
Егін мен бақ орнап тұр:
Елтаңбасы— ғажап тым.

ӘЖЕМНІҢ КІЛЕМІ

Мен де іс білемін:
Тазалап кілемін,
Әжемнің тұсына
Әсемдеп ілемін.
— Қамқоршым, күнім!—деп,
Ол тұрар күлімдеп.

АҚБАРДЫҢ АКВАРИУМЫ

Ақбар үйдің сәні деп,
Аквариум орнатты,
Бақпады да қамын жеп,
Балықтарды сорлатты.
Ұқыптылық болмаса,
Істің арты — далбаса.

БЕЙНЕТ ПЕН ЗЕЙНЕТ

Көшек — епті, жақсы аға:
Көшет екті бақшаға.
Көмек бердік Көшекке,
Қорек бердік көшетке.
Үш жыл баптап, қиналдық,
Енді жеміс жинадық:
Көп жасаған бейнеттің
Көрдік сөйтіп зейнетін.

МЕТРО

Көрдік біз алтын арайлы
Көрікті, сәнді сарайды:
Орталық зәулім сәулеттен
Вагондар легі тарайды.

Көрдік біз одан шебердің
Көркемдеп салған мәнерін.
Құрметтейміз бағалап,
Құрылысшының өнерін.

ПАРТА

Құтты орным, досым да
Күтем таза партаны.
Білімдерім осында
Күн—күн сайын артады.

ТАБИҒАТҚА ДҰШПАН БАР

Талжан тал егіп,
Талай іс тындырды.
Жарас пәле қып,
Жас талды сындырды.
Осындай ойламайтын,
Орманды ойрандайтын,
Табиғатқа дұшпан бар,
Тайрандатпай, ұстандар!

ҚОС ПЫРАҚ

Ерте—ерте—ертеде
Ебдейі жоқ ерттеуге
Қос қанатты пырақтар
Ұшқан екен жыраққа.

Елбелгіде пырақтар —
Қос мүйізді құр аттар
Қанаттарын қағып тұр:
Ел бірлігін бағып тұр.

ҚАЗАҚ ЕЛІ

Байтақ жері,
Батыр ері,
Ғажап менің
Қазақ елім.

МЕРЕЙ – БӨБЕК

— Әлди—әлди, Мерейім!
Ақ маманды берейін!
Қылығыңды мерейлі
Қызығыңды көрейін.

Әлди—әлди, алтыным,
Маманды еміп, ал тыным.
Иісіңе сүйсініп,
Сүйісіңе балқыдым.

ӘМІРЖАННЫҢ АТАСЫ

Кішкентай жас балаға
Ешкі сүті — дәрі —ді:
Ешкі баққан қалада
Көрдік іскер кәріні.

Әміржандай ботасы,
Ішсе, сүті жағады,
Деп, ешкіні атасы
Іргебақта бағады.

Ата күнде әр үйден

Қалған нанды теріп жүр:
Зекен әже “дәрі” деп,
Бөбекке сүт беріп жүр.

Қос қария сүт беріп,
Немересін бөледі:
Сүт – бойына құт, көрік,
Өсе берсін бөбегі.

“ЖЕТІ ҚАЗЫНА”

“Білімнің көбі, азы да –
Бірінші басты қазына.
Еңбектің өнер – қазығы –
Екінші өмір азығы.
Үдеген өсіп, біліммен:
Үшінші азық – **тіліңнен**.
Төркіні нанның түйірден:
Төртінші байлық – **диірмен**.
Белгілі досқа, жауға да:
Бесінші байлық – **саудада**.
Абырой берсе жұмысың,
Алтыншы байлық – **тұрмысың**.
Жем табар төбет, тазы да:
Жетінші – **ит те қазына**”, –
Деп, атам сөзін “баптады”,
Өсиет сөзін жаттадым.

УЫЗ ТОЙЫ

Егіз туды қойымыз,
Бүгін уыз тойымыз.

Енесі түр исініп,
Қошақандар сүйсініп.

Ауызданып, тойыпты,
Бізге де уыз қойыпты.
Әжем амал тауыпты,
Сарқыт уыз сауыпты.

Бар уызды қайнатып,
Дастарқанды жайнатып,

Той жасаймыз, келіндер,
Уыз тойды көріндер!

АЛТЫН ТАУЛАР

Алтын тау біздің қырдағы —
Астықтың қызыл арманы.
Шарықтап содан тарайды
Шаттықпен еңбек жырлары.
Бункерден астық саулады,
Күн нұры соған аунады.
Кеңейсін қырман аумағы,
Көбейсін алтын таулары.

ДАҚЫЛДАР ӘНІ

Арпа, бидай, тары бар,
Сұлы, күріш — бәрі бар.
Өсіп, пісіп әндетті,
Тындап құлақ салыңдар!

Бидай:

Нан анасы — бидаймын:
Ырзықты елге сыйлаймын.
Дәнім толып, піскенде,
Қауызыма сыймаймын.

Арпа:

Күміс мұртты арпамын,
Ырыс—құтты арпамын.
Еңбек етіп, баптаған,
Еліме сый артамын.

Тары:

Ақ, қарамын, сарымын,
Мен өнімді тарымын.
Еңбегімнің жаз бойғы,
Қайтарамын қарымын.

Сұлы:

Мен — сұлымын, шырағым,
Тұлпарларға ұнадым.
Мәпелеген диқанға
Басымды иіп тұрамын.

Күріш:

Күнге ғашық күрішпін —
Күллі жұртқа ырыспын.

Ел алсын деп мол өнім,
Ала жаздай су іштім.

Дақылдардың өні бар,
Әндерінің мәні бар:
Сүйіп, көріп, оларды
Жиып – теріп алыңдар.

БӘСІРЕ

Үйір болмай ойнауға,
Жылқы бақтым жайлауда.
Көмектестім атама,
Құлындарды байлауға.

Атам айтты: – Қарағым,
Еңбек еттің – жарадың...
Бәсіре қып берейін
Қай құлынды қаладың.

Қалай бүгем шынымды:
– Қалаймын кер құлынды, –
Деп едім, ол қуанып,
Мақұлдады мұнымды.

– Өссін, балам, мерейің!
Талабыңды көрейін.
Бас білдіріп мініп ал,
Бәсіренді берейін.

Жүгендедім асауды, –
Ол “тентектік” жасады.

Мөңкісе де, үйреттім:
Асау қайда қашады?

ТАУ БАЛАСЫ

Тауда туған ұланмын,
Тауда сайран құрғанмын.

Алма, жидек, шиелі
Алатауды сүйемін.

Гүлдесте де өремін,
Жемістерін теремін.
Шығып сонау құздарға,
Шынығамын мұз, қарда.

Тауда өскен баламын,
Таудай менің талабым.

ҚҰСТАР НЕ ДЕП САЙРАЙДЫ

Күн қызуы жеткенде,
Көкек келіп көктемде:
“Көктем!”, “көктем!”, “көктем!” деп,
Көкектейді көптен — көп.

Жаздың сайрар сан құсы,
Бұлбұл шебер әншісі.
Жайсаң көлге қаз қонды:
Жазды жырлап, мәз болды.

“Күзден келді бір хабар!”
Деп, тыраулап тырналар,
Әнге салып әр қилы
Көк жүзінде қалқиды.

Қар жауғанда қарғалар:
– Қарр–қарр, қарр да қар!...
Деп, аязды қарсы алар.
Қарды мақтап жар салар.

Әрбір құстың “тілі” бар,
Оны, досым, біліп ал!

ЖАСА, КҮН, МӘҢГІЛІК!

Сәнденіп даламыз,
Сәулетті қаламыз.
Сәулеңмен құлпырды:
Сәлем, Күн – анамыз!

Әлемді жарық қып,
Әсемдік дарытып,
Бар елді достастыр,
Бақытқа қарық қып!

Тұра бер паң күліп,
Тыныштық сән құрып,
Жайнатып жер жүзін,
Жаса, Күн, мәңгілік!

ҚОЗЫ КҮЙІС

— Қандай әсем түрқың?!
Бұлтиып қос ұртың,
Шайнаңдайсын, қозым,
Шайнадың не өзің?
— Жайылып, жеп гүл шөп,
Жатырмын ғой күйсеп!
— Ол не күйсеу деген?...
— Оттап, майса жегем...
Соны қайта шайнап,
Нәр етемін жайлап.

АЛТЫН ҚАЛА

Алматының дарағы —
Алтын күзде сары алтын.
Күн таңырқап қарады:
Көше бойы бәрі алтын.

Көз тартады мұнара
Көктөбеден жарқылдап,
Асқақтайды шың анау
Алтындай боп жарқырап.

Алтын өрнек салынған
Асқақ үйлер арайлы.
Көркем нұрға малынған
Көркемөнер сарайы.

Алтын — гүлі, әр тасы,
Алма бағы жаннаты,

Алатаудың алқасы —
Алтын қала Алматы.

ШЫҢБҰЛАҚ

Шыңынан Шыңбұлақ
Шынындай сыңғырлап,
Күмістей сылдырлап,
Мөлдірін мың бұрап,
Көшеге құлдырып,
Жеткенде сылдырап,
Жайнады гүлді бак:
Бұл бұлақ — нұр бұлақ!

ҚЫС КЕЛГЕНДЕ

Қыс келгенде далама
Қызығып тек тұрмаймын.
Ат жегіп ап шанама,
Аппақ қармен зырлаймын.
Қос ат жегіп, жаратып,
Жұртты өзіме қаратып,
Ат айдаймын шанамен
Аппақ қарды боратып.
Аттар шапса қызынып,
Аймалар жел — ызғырық.
Ал соңымнан балалар
Қарап тұрар қызығып.
Арындатып, зырлатып,
Ат айдау да бір бақыт!

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Ашық түнде қарашы,
Анау – Жетіқарақшы.
Ақ боз ат пен Көк боз ат...
Аспанда бар көп ғажап.

Темір қазық қашанда
Қайсы тұсқа барсаң да,
Өзгерместен тұрағы,
Өз орнында тұрады.

Орман, тауда, жазықта
Қарап Темірқазыққа,
Бағыт тауып қалаған,
Адаспайды әр адам.

ӘҢГЕЛЕК

Жаздың күні ысыды,
Әңгелекті пісірді.
Өзі сары, дөңгелек
Исі жұпар әңгелек.
Әдемі де, ең шырын
Әңгелектің мен бірін
Тандатам да көкеме,
Үзіп берем бөпеме.

ТУНДРА

Үш ай күні батпайды,
Түн ауысып жатпайды,
Тундраның бір жылда
Үш ай таңы атпайды.
Бұғылары тұлпардай,
Бұлғындары кіл қардай.
Ақ мамық боп жатады,
Аппақ қары кір шалмай.
Аппақ онда құр құсы,
Аппақ аю, түлкісі.
Көлдеріне сыймайды
Көктемінде жыл құсы.
Көрсен, көзді тұндырған
Көркем өлке – тундра.

АҚ АЮ

Ақ қар, мұз тау етегі –
Ақ аюдың мекені.
Балық іздеп айдыннан
Балпаң–балпаң етеді.

Мұзды тырнап, үңгиді,
Қонжықтары мүлгиді.
Мұртын жалап ол енді
Ойыққа үлкен сүңгиді.
Бар “өнерін” салады,
Балық ұстап алады.
Қарпып жемін қонжықтар,
Қаужаңдасып қалады.

Ақ қонжықтар тойғанда
Асығады ойнауға:
Алысады қорбандап,
Аппақ мұзды қойнауда.

АЛЫП КЕРІК

Бар екен де, жоқ екен,
Ғажайыптар көп екен:
Ұзын мойын, көрікті
Көрдім алып керікті.
Мойны бұлттан биік тұр,
Тікұшақпен ұшамын,
Жетіп, мойын құшамын.
Тұрған кезде күйістеп,
Тұмсығынан иіскеп,
Тәтті тағам беремін,
Тәбетін байқап көремін.
Ешбір мін жоқ мойнында,
Еңселі зор бойында...
Таң қалдырам халықты:
Танытам, бұл алыпты.

ҚЫРҒАУЫЛ

Қырғауылдың қызылы—ай,
Құйрығының ұзыны—ай!
Қонып қалың қамысқа
Жүрер тобы бұзылмай.

Қоразы сақ — “командир”,
Қорғап тобын, алаң бір...

Қорықта атам қорыған
Қырғауылдар аман жүр.

ҮКІ

Жалт — жұлт еткен көздері,
Жақын келсем сезбеді.

Екі көзі бірақ та,
Түнде жанған шырақтай.
Түн ішінде қырағы,
Егін жауын қырады.

Ақ тамағы бүлкілдеп,
Үлпектері үлпілдеп,

Тікірейсе айдары,
Үкі қандай айбарлы?!

БҰЛДЫРЫҚ

Ақ бауырлы бұлдырық,
Қара бауыр бұлдырық,
Құлан бауыр бұлдырық,
Қыр жайлаған қаңғырып.

ҚАЛБАҒАЙ

Қалақ аяқ қалбағай,
Қаздандаған қалбағай.
Балшық көлді мекендеп,
Балық жейді талғамай.

ҰЛАР

Асқар таудың ұлары —
Айлалы құс, қырағы.
Тастақтан жем, гүл терер,
Тау басында тұрағы.

ҚЫСТЫҢ ТОЙЫ — ТАМАША

Ақ қыс келіп сән құрды,
Тау, далаға жараса.
Әйнектердің сан түрлі
Әшекейі тамаша.

Алға қарай көшеді
Аппақ бұлттар таласа,
Ақ боранның көшеде
Билегені тамаша.

Жан сүйсінер шыршаның
Жұлдызына қарасаң,
Оттай жарқын нұр шамын
Ойнатқаны тамаша.

Күліп Аяз атамыз,
Қуанып жүр балаша.
Қызығына батамыз
Қыстың тойы тамаша.

ТОРҒАЙЛАР

Қайшы мұрын шырша торғай,
Қара жағал сұрша торғай,
Қиқылдаған ала торғай,
Қимас досым — қара торғай...

Торғай, торғай ерінбеңдер,
Құрт, шіркейді теріп жеңдер.
Құрттамасын алма, өрік,
Құрма, жүзім — баққа көрік.

Бақ қорғап, бос отырмандар, —
Тек жемісті шоқымандар!

ГҮЛ АЛАҢЫ

Сарғалдақтар,
Қызғалдақтар
Күлтелерін ашыпты.
Қырмызы, көк,
Қалампыр көп...
Гүлдер нұрын шашыпты.

Қызыл доптай,
Қызған шоқтай
Раушан, лала құлпырды.
Қызғылт, күрең
Қызық рең
Гүл жайнады мың түрлі.

Дертке дауа
Жұпар ауа,

Сән салтанат алаңда.
Рахаттандық,
Риза халық
Гүл өсірген адамға!

ШЫҚ

Жаңбырдан соң сыртқа —
Жасыл жайға шық та,
Көз сал мөлдір шыққа:
Көркемдік мол шықта.

Алтын, гаухар, алмас
Мұндай жарқын болмас.
Қызыл, жасыл, сары...
Сонда түрдің бәрі.

Жапырақта ол “жұлдыз”
Жайнап жатыр күндіз.

ЖАСЫЛ КӨЛ

Алатаудың төбесінде
Айнадайсың, жасыл көл.
Ақ бетімнен өбесің де,
Аймалайсың, жасыл көл.

“Ақ шоқының асқарынан
Асып кетсем тез”, — дейсің,
Көп ғажапты аспанымнан
Көріп тұрған көздейсің.

Жарқырайсың шалқып түнде,
Жалдап өтсе жарық ай!
Кең кеудеңе алтын күн де,
Кетпейді бір дарымай.

Таңда киік таудан түсіп,
Тамашалар жағанды.
Мөлдіріңнен қанып ішіп,
Білген ол да бағанды.

Ақ басты тау, “киелі” тас,
Атамекен армысың!
Алдыңа кеп, иемін бас,
Ақ алмастай қарлы шың!
Келем саған сағым ауып,
Құмармын сыр шертуге.
Табиғаттан рахат тауып,
Табынамын көркіңе!

БОРАН

Боран, боран, соқпашы,
Борамашы тоқташы!
Буырқансаң шатақ қой,
Бураң болса, матап қой!

Тыншы, боран, әл кірсін,
Шешем отын жандырсын!
Қорғап жүрген мал басын
Әкем тоңып қалмасын!

МӘУ – МІШІМ

Мәу–мішім–ау, мәу–мішім,
Тышқандарға “дәу” мішім,
Жатып алдың пырылдап,
Жалқаулықтан саумысың?

Ұйықтай берме текке сен,
Уақыт бос өтпесін,
Қамбада жүр тышқандар,
Қапты тесіп кетпесін!

Жата берме көз қысып,
Тышқан ұста тез мышық.

ТҰЛПАРЫМ

Көк болат тұяқты,
Құлағы қияқтай,
Алтыннан жалы бар,
Ай қасқа жануар!

Түктері күмістен,
Жабуы пүлішпен,
Қаз мойын сұңғақты,
Мүсіні сымбатты.

Тұлпарым, қарышта:
Озып шық жарыста!

БАЛАПАН ҰШТЫ

Алақай—ау, балақан,
Ақ үрпекті балапан
Ұясынан қалықтап,
Ұшып шықты шарықтап.
“Бір құс өсіп, ұшты!” — деп,
“Даңғыл жолға түсті!” — деп,
Құрметтеген әр тұстан
Құттықтау көп аң—құстан
— Құсым,
ұшқан күніңмен! —
Деді тиін інінен.
Достар құптап ұшуды,
Сыйлықтарын ұсынды.
Сыйлыққа деп сауысқан
Сырға әкелді алыстан.
Қоян барын сыйлады,
Тауық тары сыйлады.
— Біздің үйге барғанда,
Сый ал — деді қарға да.
Ұш, балапан, алда шың, —
Қанаттарың талмасын.

ҚАСҚЫР

Қаскөй қасқыр
Қарны аш жүр;
Ол сұм ойда:
Тимек қойға.
Қақпан салып,
Ұстап алып.

Тұмсықтан ұр,
Тісін сындыр.

САУЫСҚАН

Қарғаның қу “жиені”
Қарлы жерді сүйеді.
Аққа қара жапсырып,
Ала шапан киеді.
Сасқалақтар дауыстан,
Сақ құс ала сауысқан.
Жазда тауды мекендеп,
Қыста қырға ауысқан.
Қыпылықтап қалтаңдап,
Шықылтап талтаңдап,
Бірлігі жоқ болған соң,
Жүреді ылғи жалтаңдап.

ПЛАНЕТА СӨЗІ

Нейтрон, атом бомбасы
Адамзат соры болмасын!
Бірлесіп, дос боп адамдар
Бірліктің туын қолға алсын!

Ақ, сары, қара адамның
Бәріне бірдей анамын,
Еселеп күнде қайтарам
Еңбегін әрбір баламның.

Адамзат — ойшыл ұрпағым,
Арайлап атсын нұр таңың!

Қастерлеп, туған жеріңнің
Сындырмай өсір бір талын.

ТОҒАЙДА

Өскен қалың
Өрім талдың
Саясында
Сайран салдым.
Аңдар ойнап,
Құстар сайрап,
Әндетіп тұр
Әсем аймақ.
Гүлдер тізіп,
Жеміс үзіп,
Тоғай кезсең —
Толған қызық.

АЛТЫН КҮРЕК

Күн жылып алғаш көктемде,
Күлімдеп нұрын төккенде,

Жылы жел соқса үдеп кеп,
Айтамыз “алтын күрек” деп.

Көктемнің алтын күрегі
Көк мұзды, қарды “күреді”,

Сөгіліп қыстың көрпесі,
Көктемнің болып еркесі,

Бұлқына ағып құлдырап,
Сөйледі бұлақ былдырап.

КҮНБАҒЫС

Таңда жайнап күн тұрды,
Күнбағысқа нұр тұнды,
Күлделері нұрланды,
Күнге қарап жырлады:
— Алтын күнім, аман ба?
Гүлденіп жер—анам да,
Шуағыңнан нәр алдым,
Айнымаймын өзіңнен,
Күш аламын көзіңнен!
Ақ сәулеңді сүйемін:
Ардақтап, бас иемін!
Күн сәулесін ойнатты:
Оны құшып, жайнатты.
Айтып күнге мың алғыс,
Жайнай түсті күнбағыс.

АҚ БҰЛТ ПЕН ҚИЯЛ

Әне, бұлттар аппақ
Көк жүзінде қаптап,
Ақтарғандай сырды,
Мейірленіп тұрды.
Қиял қандай мықты,
Қиянға тез шықтым.
Шарлап бұлттың үстін,
Күнге қарай “ұштым”.
Аспан — тұнық айна,

“Ұша ғой, деп, — ұлым!”
Күлімдеді күнім.

ТУҒАН ҮЙДІҢ ЖҰРТЫНДА

Ақ шоқының қасында,
Ақ бұлақтың басында,

Қыр күнгеілі өңірде
Келіппін мен өмірге.

Алғаш сәби дауысым,
Жаңғыртыпты тау ішін.

Шыңнан көріп күнімді,
Таудан теріп гүлімді,

Қия белде өстім мен,
Қызық өмір кештім мен.

Аспандағы қыранды,
Баурайдағы раңды,
Көрдім талай қызықтап,
Тау аралау — қызық — ақ...

Қанша жылдар өткенде,
Қасиетті мекенге

Көп сағынып оралдым
Қасындағы қорамның

Келдім туған жұртыма
Соқты жүрек бұлқына.

Ойнатып жас баласын,
Отырғандай анашым...

Сәлем, ізім қалған жер!
Кіндік қаным тамған жер!

“ӘНШІ” ТӨЛДЕР

“Мәә—мәә” деген әні бар,
Жібек тоны — сәні бар:
Қошақаным момақан
Сүйкімді бір жануар.

“Мее—мее” деген әні бар,
Байқамасаң, жамырар,
Селтеңдеген лағым —
Бір тынымсыз жануар.

“Бөө—бөө” деген әні бар,
Енесін тез сағынар.
Жібек жүнді ботақан,
Мөлдір көзді жануар.

“Мөө—мөө” деген әні бар,
Үй маңынан табылар.
Мөңірегінш бұзауым —
Маған үйір жануар.

“Күмбір—күмбір” әні бар,
Желкілдеген жалы бар:
Желдей жүйрік құлыншақ
Желмей шапқан жануар.

ЖЕМІС ТОЙЫ

Күзгі шақта
Біздің бақта
Түрлі – түсті
Жеміс пісті:
Анар, алма,
Алмұрт, алуа,
Алша, жаңғақ...
Үздік тандап.
Тердік жеміс,
Бітті көп іс.
Толды қойма:
Жеміс тойға.
Бар да, жайна,
Биле, ойна!

ЛАМА

Керік тұмсық, ат құлақ,
Келді лама шапқылап.
Ешкі тұяқ, қодас жүн,
Қоян құйрық қораш тым.

КОЛИБРИ

Құйттай құсты көргенмін,
Қолымнан жем бергенмін.

Шіркейді ол аулайды,
Көбелектен аумайды.

Ол сорып гүл шырынын,
Тозандатар ұрығын.

Оның бар көк, сұр, ағы...
Тропикте тұрағы.

ҚҰЛАН

Міне алмайсың үстіне,
Аттай жүйрік, күшті де.
Құйттай есек тұяқты,
Құлан—құлын сияқты.

КҮЗДІҢ СӘНІ

Меркелі күз келді:
Беркелі түз де енді,
Құстар қайта бастады.
Ел астыққа кенелді,
Жапырақты жел енді
Жерге үзіп тастады.
Аспан үкі тағынды,
Жер алтын зер жамылды.
Күздің сәні қымбатты.
Моншағы — алма үзілген,
Сырға тақты жүзімнен,
Әңгелегі тым тәтті.
Көкөніс пен жеміс те
Күздің сәні — кеңісте.

ШАЛҒЫН

Күн — ана жерге көктемде
Қуана нұрын төккенде,
Жайқалды қырда шалғын шөп,
Гүлімен шалғын мың түрлі
Күніммен жайнап құлпырды.
Көп ара гүлден шырын ап,
Көгімде торғай шырылдап,
Әндетсе, шалғын шалқыды,
Әуенге бойы “балқыды”.

КЕМПІРҚОСАҚ

Жаңбыр жауып басылды,
Күннің көзі ашылды.
Күн сәулесі құйылды:
Кемпірқосақ илді,
Қызыл, қоңыр, ақ, сары....
Гүлдей жайнап бақтағы,
Бояулары құлпырды,
Көрсен қызық бұл түрді.
Түрлі түсті қаламмен,
Сол өрнекті салам мен.

КАКТУС

Жай өседі бұл өзі,
Түрлі—түсті тұрқы бар.
Тіке түссе күн көзі,
Тікені де құлпырар.

Өзгеше бұл өсімдік
Өседі тек шөлдерде.
Баптап едім өсіріп,
Ашты гүлін бөлмемде.

СІЛЕУСІН

Тарғыл мысық секілді,
Тастан — тасқа секірді.
Тамақ іздеп сілеусін,
Талға шығып бекінді.
Домаланып, доптай боп,
Екі көзі шоқтай боп,
Жақын келген жеміне
Атылады оқтай боп.

ГЛОБУС

Глобустың пішіні —
Жер ананың мүсіні.
Төбесінде солтүстік,
Төменінде оңтүстік.
Түрлі—түсті қаланы,
Тау, орманды, даланы
Іздеп, тауып аламыз,
Мәз—мейрам боп қаламыз.

КӨШЕТ

Тіктім алма көшетін,
Бөпем үшін көктемде.

Өтгі арада неше күн,
Өсіп алма, көктеуде.

Еңбегімнің қызығын
Ерінбесем көремін:
Алма өссе қызылын
Ақ әжеме беремін.

ЖЫЛЫЖАЙ

Шам жарығын күн еттік:
Қияр ектік, гүл ектік.

Жылыжай Күн шуақты:
Бау—бақшамыз сияқты.

Гүл өсіріп тынбаймыз,
Өзімізді шындаймыз.

Кім оқыса кіл “беске”,
Ұсынамыз гүлдесте.

ЛАШЫН

Қырғидай барлап тұрасың,
Қырағы құссың, лашын.
Жемінді көрсең шүйіліп,
Жетесің сәтте құйылып.
Селт еткен затты көреген,
Сезімтал едің не деген?!
Үйретіп қолға, бағайын,
Үйрек, қазға салайын.

СОНАРДА

Қыста сонар қар қандай?
Аппақтығы мәрмәрдай!
Оған түскен іздер де
Өрнек болып қалғандай.
Жортып өтіп қасқыр нән,
Жотадан із асырған.
Қу түлкі де із тастап,
Құйрығымен жасырған.

Мынау айыр тұяқты,
Малдың ізі сияқты...
Атамыздай сонарда
Із кезбесек ұят – ты.

ШӨЖЕЛЕРДІ АЯДЫМ

Кезіп таудың аңғарын,
Ертіп балапандарын
Тастан – тасқа секіріп,
Бара жатты кекілік.

Жасырындым тасаға,
Құстан қулық асама?
Қауіп барын сезініп,
Ұша қашты безініп.

Тастан тапқан саяны,
Шөжелерді аядым:
— Ей, шөжелер, саспаңдар!
Менен қорқып, қашпаңдар!

Өздеріңдей баламын,
Жанашыр дос боламын.

ҚАРАҒАШ

Қарлы боран тұр үдеп,
Қарағаш тұр дірілдеп.
Қарағашқа таядым,
Қамқоршы боп аядым:
— Қарағаш — ау, қарағаш!
Қалтырауың жарамас...
Қарағаш та тіл қатты:
— Қамқор достым, қымбатты,
Қабығым — тон оранған,
Қорықпаймын бораннан!

Аязға бас имеймін,
Тербеліп тек билеймін.

МИЗАМ

Мезгіл суық күз еді...
Мизамды жел үзеді.
Үзілген жіп сияқты
Үлпек көкте жүзеді.

Мидай жазық даланы
Мизам шарлап барады.
Жеңіл үлпек желменен
Жер жүзіне тарады.

Желмен тұқым көшеді:
Жерге қонып, өседі.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАҢДАР

Жарқырап күн нұрланып,
Жайнасып тал бүр жарып.
Астық өсіп далада,
Жайқалсын гүл ырғалып.

Жер анаға құстар — құт:
Жасамаңдар дұшпандық.
Аялауға аңдарды
Болсын дәйім құштарлық.

Өссін, тоғай, ормандар...
Өсіргенді қолдаңдар!
Туған өлке гүлденсін,
Табиғатты қорғандар!

ЛАҚТАР БИІ

Аралап жас қияқты,
Сыртылдатып тұяқты,
Көк майсада билейміз
Биші қыздар сияқты:

– Мен – шұнақпын, бөртемін!
– Мен аппақпын, еркемін!
– Мен – болашақ серкемін!
Меее!, – бәріңді ертемін!

“Мәә – мәә” деген әніміз:
Мәз мейрамбыз бәріміз!
Ойнақтасақ би билеп,
Біз өрістің сәніміз!

АРА

Бақтағы көп аралар,
Бағбандар мен бара–бар,
Тозаңдатты гүлдерді,
Бал да жинап үлгерді.

Бос кетпепті еңбегің,
Шырын екен тергенің.
Жина, ара, тағы бал,
Сотқар тисе, шағып ал.

САЛМА ГҮЛІ

Көктем келіп
Жер көгеріп
Дала ғажап түрленді:
Ауламыз да,
Алмамыз да,
Құлпырды да гүлденді.
Есен інім,

– Алма гүлін,
Әпер, – деді, – ұнады.
– Жок, жок, Есен,
Обал, – десем,
Жер тепкілеп жылады.
Бұл әлі гүл,
Қадірін біл,
Бұдан алма өседі.
– Онда, – деді, –
Жұлма, – деді, –
Гүлдей берсін шешегі.

ТОҚЫЛДАҚ

Біз тұмсық тоқылдақ,
Ағашты тоқылдат.
Құрттаса, емші бол,
Шірімей өссін ол.

Мен оны баптаймын,
Сырт жаудан сақтаймын.
Сен құртты шоқып ап,
Тоқылдат, тоқылдақ!

ПИНГВИН

Пингвин бейне қап:
Жүрісі қызық бұлғандап;
Жақындап келсең, қашпайды,
Қимылы маңғаз саспайды.

Тұрмайды бұл күс біз жақта,
Тұрағы мәңгі мұз жақта:
Тонуды маңғаз білмейді
Талтандап мұзда билейді.

ТЕКЕ

Дөңес шеке,
Кербез теке,
Лағым бар,
Саған тете.
Әзір лақ,
Ойыншыл—ақ,
Топты бастап
Кетті жырақ.

Досан ағам,
Ұстап алған,
Бөлтірігін,
Берді маған.

Лақ тіке,
Бөлтірікке,
Тап береді,
“Өлтірмекке”.
— Қылмыс сенің,
Тепсінгенің.
Ол тимесе,
Тиме, — дедім.

БҮЛДІРГЕН

Көп екен бүлдірген
Кең сайдан терейін.
Әуелі бір—бірден,
Есептеп көрейін.

Үш қостым екіге,
Барлығы бес болды,
Көп қостым жетіге:
Шелегім лық толды...

БАҚШАДА

Ала шапан киініп,
Теңкиіпті қарбыздар,
Жесең, тілді үйіріп,
Сусыныңды қанғызар.
“Еңбек түбі — зейнет” қой,
Мен де қарбыз жинадым.
Атам сыйға береді,
Құшағыма сыйғанын.

ЖІБЕК ҚҰРТЫ

Бұл ақ құрт бір қызық,
Тек тұтты таңдайды.
Жапырақ көп жейді —
Жағы бір талмайды.

Жегенін жібек қып,
Шұбалтып ұртынан,

Шеберше шеңберлеп,
Оранар сыртынан.

Сүйемін мен оның,
Еңбегін, айласын,
Ол сезсе жібектің,
Адамға пайдасын.

КӨЛ БАСЫНДА

Көл жағасы – зер кілем,
Шөпке итім аунады.
Самал бетін желпіген,
Көлден балық ауладым.

Қармағымның жеміне,
Қаптап келді шабақтар.
Бір – біріне желіге,
Дегендей – Кел, тамақ бар.

Жемді тез кеп асады,
Кей байлық тым желөкпе.
Обыр қайда қашады,
Салдым ұстап шелекке.

БАҚБАҚ

Үрлеп едім бақбақты,
Үлпектерін қапталтты.
Тікұшақтар қалықтап
Ұшып бара жзатқандай.

Тікүшакқа мініп ап,
Ұшсам мен де зымырап.

ТИІН

Бұртық аузың бүлкідеп,
Құлағыңды бүгіп ап,
Жаңғағыңды біртіндеп,
Тауыстың ғой бүгін—ақ.

Әлі жассың жасқаншак,
Ұстамаймын сені мен,
Орғып, қарғып қашқанша,
Достассаңшы менімен.

АТЖАЛМАН

Момынсынба, бұртиып,
Тоқ қозыдай тұрысың.
Ұртың ғой бұлтиып,
Білемін сен “ұрысың”.

Ұрлығың бар ұртында.
Ол “табыс”, деп мақтанба.
Құл болып жүріп құлқынға,
Тез түсерсің қақпанға!

БӨДЕНЕ

“Быт — быт” деп бөдене,
Тығылды көдеге.

Қонса да қашық тым,
Ұстауға асықтым.

Зулатып жүректі,
Бөдене пыр етті.
Селк етіп шошыдым,
Ұят — ау осыным!

КИИК

Тау — гүл бағы сияқты,
Ойнау қызық белеңде.
Тарттым шөптен қияқты,
Киик келді елендеп.

Сайдан шығып ор киик,
Одырайып қарады.
Енді шыңға зор биик
Жалмен ытқып барады.

Тікейтіп сақ құлағын,
Ол кенет қалт тұр әні.
Аяймыз ғой лағын,
Неден қауіп қылады?

АРАЛАР ӘНІ

Қыр жайнады,
Құс сайрады,
Жердің жүзі гүлденді.
Аралармыз,
Аралаймыз,

Тозандатып гүлдерді.
Гүлді баптап,
Балды сақтап,
Еңбек еттік құлшынып.
Өрік, алма,
Алмұрт, алуа
Жеміс салды құлпырып.

Бал жинаймыз,
Бал сыйлаймыз:
Гүл нәрінен табамыз,
Еріншекті,
Еміншекті
Аямаймыз шағамыз!
Ыз – ыз – ыз!

ТЮЛЕНЬ

Бауырымен жорғалап,
Кирелендеп басасың:
Көзден жасың сорғалап,
Неге менен қашасың?!

Қашамын деп сұладың:
Қалақтай – ақ аяғың...
Жас балаша жыладың:
Жаным ашып аядым!
Қалың, үлпек ішігің
Тондырмайды қыз қайнап.
Еркін өссін күшігің,
Емізе бер мұзға ойнап!

ЖАРҚАНАТ

— Жарғақ қанат, жарқанат,
Жайың — қуыс, жарқабақ;
Түнде ұшасың жортасың, —
Күннен неге қорқасың?

— Ұшатыным түнімен,
Ұялшақпын күніңнен:
Кеште бақтың жауларын
Кезіп жүріп ауладым!

— Шөжең қалай күтілген?
— Асыраймын сүтіммен
— Жәндіксің бе, құссың ба?
— Жәндікпін де, құспын да!

ТОЙ МАСКАРАД

Үш жүз алпыс бесінде
Көрілік түсіп есіне,
Күні бітіп ақырғы,
Аяз ұлын шақырды:

— Кел, жаңа жыл, жас ұлым,
Жалғасы бол жасымның:
Жайраңдасын аның ел,
Жаңа бақыт ала кел!...

Ау, бақытты адамдар,
Айлы аспанға қараңдар!
Мініп ұшқыш кемеңі,
Күннен бөбек келеді!

Ақ сақалы желбіреп,
Аяз атам елжіреп,
Алды ұлының сәлемін,
Алды сыйын әлемнің:

Ойыншық көп көрікті!
Оны Марс беріпті.
Ай беріпті маржанды,
Күннен сыйлық — шам жанды.

Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той маскарад басталды,
Аяз биді басқарды.

“Қасқыр”, “барыс” — маскалар,
“Қасқырдан” кім жасқанар?
Қой мен қасқыр биледі,
Қойға қасқыр тимеді.

Билеп жүріп қоянды,
Барыс нұқып қояды.
— Биде керек тең жүру, —
Деді пілге кенгуру.
Ал ақ аю түленді
Аймалады, күледі,
Билеп қораз, түлкі жүр,
Биде қалжың, күлкі жыр.

Ақ, сары бар, қара бар —
Биде түрлі бала бар.
Құшақтасып жүр бүгін,
Құрметтейді бір — бірін!

Достық, бірлік тым ыстық,
Қандай тәтті туыстық?!
Жылдың сыйы жаңаша:
Той – маскарад тамаша!

ОНДАТР

Көл шетінде бір аң жатыр,
Төтем айтты: “сұр ондатр”.

Өзі тәпті тышқандай – ақ,
Қуар едім, тұрмын аяп.

Ол сақ екен елең етті,
Суға барып сүңгіп кетті.

Тұрдым ұзақ, үн шықпайды,
Суда қалай түншықпайды?

ОРМАНДА

Тоқылдағы – барабаншы,
Көкек – күйші, бұлбұл әнші.

Шаттандырып басқаларды,
Хорды осылар басқарады.

Шиқ–шиқ,

Гу–гу,

Құр–құр,

Ток–ток.

Сайрап құстар тұрды топ–топ,

Қызық көріп орман жайын

Театрда тұрғандаймын!

АҚ БОРАН

Ақ көрпесін жапты да,
Аяз ата аптыға
Кең даланы үрледі;
Ақ бораны гуледі.

Ақ боран—ау, ақ боран,
Алай—түлей соқ боран.
Ақ қар ұшып үйірілсін,
Ауламызға үйілсін.
Жас ұланмын шыныққан,
Жасқанбаймын — суықтан:
Қардан жасап ақ қала,
Сырғанаймын шаттана.

ЕРКЕ БҰЛАҚ

Егін жайға тас бұлақ,
Ентеледі құлдырап;
Еңкейсе гүл, жас құрақ,
Еркеледі сылдырап.

Шөп—шөп сүйді жер төсін,
Тентек емес бұл енді:
Сылқ—сылқ күлген еркесін
Жер құшты да гүлденді.

НАУРЫЗ КӨЖЕ

“Бүгін наурыз күні!” деп,
Бүкіл адам күлімдеп,

Әркім қалап бір істі
Той ісіне кірісті.
Әжем бір іс ұқтырды:
Әсем бидай бықтырды.
Сөйтіп оны қуырды.
Кеусеп, екшеп, суырды...
Дайындады тазалап:
Пайымдауы — ғажап — ақ!
Еркежан су қайнатты,
Ет сап, құрт пен май қатты.
Бидай көже былқыды,
Кіл май етке шылқыды.
Әжем жайып дастарқан,
Әзірледі ас — дарқан.
Әр баланы сүйіп бір,
Әжем көже құйып жүр:
— Жеткен жылды қарсы алып,
Жеті түрлі дәм салып,
Той қып бердім көжемді.
Ішіп нәрлі көжені,
Қуантындар әжені.
Көктем келді, мейрамдап,
Жаңа жылда жайраңдап!
Ұлыс күні тойындар!
Тойда қызық ойын бар
Тамақ ішіп болған соң,
Тал тігіп, бақ салған соң,
Тамашаны көріңдер!
Тойлы дарқан халыққа
Билеп, ән сап беріңдер!

ДАЛАДАҒЫ ЖАУЫН

Жонынан ат жүргендей,
Бұлт сөгілді шартылдап;
Күн қойнына кіргендей,
Жарқ етті бұл атырап.

Жалғыз басын қорғалап,
Шошып кетті кесіртке;
Аласұрып жорғалап,
Жасырынды кесекке.
Қонды гүлге көбелек,
Жалпылдайды сасқанда;
Қанаттарын жебелеп,
Бозторғай түр аспанда.

Жауын жауды сатырлап,
Шомылдырып көгалды;
Тұна қалды атырап;
Бозторғайда дем алды.

Ырғалды көп жапырақ;
Желге билеп тұрғандай.
Жауын жауса, жапырлап,
Ду шапалақ ұрғандай.

ТАМ, ТАМ, ТАМШЫЛАР

Там, там, тамшы, там,
Там, там, тамшы, там,
Тамшы там, еселеп,
Тамшыдан өсер көк.

Там, там, тамшы нәр,
Тамшымен тал шығар.
Тас тесер тамшылар,
Там, там, тамшылар!

БҰЛТ

– Бұлт – ау, көктен төнесің,
Қайдан көшіп келесің?
– Мұхит жақтан келемін
Жел үрлесе, желемін!

– Қайдан қалай жаралдың,
Қайдан қайтіп нәр алдың?
– Теңіз мұхит суданмын,
Бу боп судан тұнғанмын!

– Ақсың, сұрсың, қарасың
Қайда қалқып барасың?
– Жерге нөсер төгемін
Өссін гүлдер, көп егін!
– Гүл – гүл жайнап өсер көк
Нөсерлетсең, нөсерлет!

ЖЫЛ ҚҰСЫ МЕН ЕЛ ҚҰСЫ

Әр күз сайын тамаша
Көркем қызық жаңаша.
Құстар жиы топтанды,
Аттанар шақ боп қалды.

Қарлығашы басшы боп,
Қара торғай қосшы боп,

Тырналары тізілген
Аумайды менің ізімнен.

Қамдандым деп үйрек мәз,
Қалар емес имек қаз:
— Қо—қоок! — деді қоразың, —
Ұшуменен азабың!

Ұшты қарға қарқылдап,
Сауысқанда саңқылдап,
Жақсы көріп ұшқанды,
Үш секіріп, үш қонды.

Балалар—ау, келіңдер:
Ел құстарын бөліңдер.
Айтса да көп өкпесін,
Туған жерден кетпесін!

ЖАЗҒЫ ТАҢ

Таң атып, жер жайнады,
Жан—жануар жайдары:
Таң рахат екен деп,
Қояндар жүр секеңдеп.

Шегірткелер шырылдап,
Инеліктер пырылдап,
Гүл майсада қызықты
Гулеп думан қызыпты.

Қарға, шымшық, көбелек
Қанат қағып, жебелеп,

Бастап қызық сайранды
Барлық құстар сайрады.

Канал суын мол ішіп,
Қалың бидай толысып:
Көкпен дала құлпырды,
Көкте күліп күн тұрды!

ҚОШҚАР

Иір мүйіз,
Сүйір мүйіз,
Ай қабақты, қошқарым:
Арқар жонды,
Арқаң қоңлы,
Май бұғақты, қошқарым!
Бұқа мойын,
Бұлан—бойың.
Сымбаттысың, қошқарым:
Алтын құнды,
Аппақ жүнді
Қымбаттысың, қошқарым!
Бола берме кезеген:
Бола көрме сүзеген!

ГҮЛ МЕН ЖЕМІС

Қос білекті сыбандым,
Бақты күттім, суардым.

Бағым гүлдеп, жайнады,
Онда бұлбұл сайрады.

Ашылды ақ, сары гүл, —
Жеміс емес әлі бұл.

Қызығын күзде көреміз:
Қызыл алма тереміз!

ҚАР АДАМ

Қардан аппақ
Домалақтап,
Қаланған;
Мұрны сәбіз,
Өзі нағыз
Қар адам!

— Дәу, — деп, — мұрын, —
Қоян қырын
Қарайды,
Бұл мұрынды
Ұры қоян
Жеп кетпесе жарайды.

КӨКТЕМДЕ

Көктем, жайнап күн тұрды,
Көркейіп жер құлпырды:
Аңдар, құстар тойлап жүр
“Өнерімен” мың түрлі.

Көктемде көлде той,
Еңбек сүйгіш елде той, —

Асқар асу белде той –
Аспанменен жерде той.

Тойға көкек күй тартты,
Бұлбұл әнмен сый тартты.
Секендеп ор қояндар
Орындалды би шарты.

Құстар үні – қызық жыр!
Аққу – қаздар жүзіп жүр,
Бақалар тек бақылдап,
Барлық әнді бұзып жүр.

Көктеменің қызығын
Көріп жүрміз біз бүгін.

ТАУЫС

Өрнегімен мың түрлі
Қауырсыны құлпырды.

Хан тәжіндей айдары,
Көзі жарқын жайдарлы.

Құйрығының бір талы
Шашбаудай көз тартады.

Үлпектерін арайлы
Тұмсығымен тарайды.

Тауыс құсы – көркемдік:
Көркемдікті көрсең үк.

ТАБИҒАТ – ЕМШІ

Балақай сезімді,
Тыңдағын сөзімді:
Болуға төзімді
Шындағын өзінді.
Денсаулық байлығың,
Онда жоқ қайғы мұң.
Амандық үшін де
Адамдық ісіңе
Қолданып, ел сынар
Табиғат емші бар.

КҮН

Сәулелі, шуақты
Сәулетті қуатты
Күн – емші анамыз:
Күннен күш аламыз.
Нұрлана қыздырып,
Нұрына жүздіріп,
Абайсыз суып тән.
Ауырсаң суықтан,
Күн – ана шуағы
Дертінді қуады.

АУА

Жер шары – “дәу” әлем,
Қоршалған ауамен:
Шығып кең алаңға,

Шынық сен әманда.
Керемет ауа — бұл:
Кең тыныс ала біл.
Демге күш, дауа да
Емдегіш ауа да.

СУ

Су — өмір жүрегі,
Денсаулық тірегі.
Шөлдесең қанасың
Жуынсаң, тазасың.
Өзен су... бәрісі —
Өмірдің дәрісі.
Сусыз жоқ дәрілер:
Су — нағыз дәрігер.

ДӘМ

Нан, сүт, ет — тағамдар:
Нағыз күш, тағам—нәр.
Жеміс пен көкөніс
Жегенге берер күш.
Ас — адам арқауы:
Аспен күш артады.
Тағам іш жағымды:
Тазартар жаныңды.
Дертінді қуаты
Денеңнен қуады

АСҚАЗАН

Ас ішсең сіміріп,
Асқазан сіңіріп.
Жақсартып қаныңды,
Жаңартар жаныңды.
Асқазан жұмысын
Аяла!
Бұл үшін
Ас ішсең аптықпа:
Ал кейде “аш тұт та”,

Талға да бір сәтті,
Тазала “күрсақты”.

СПОРТ

Жаңға құт — шынығу,
Жаттығу, тынығу.
Сымбатты болу да
Спорттық жолында.
Күнделік ойын да
Күш берер бойыңа.
Шынығу — ем болар:
Шынықсаң, ем қонар.

ДЕМАЛЫС

Еңбекпен шынықтың,
Енді сен тыныққын.
Серги біл, құр жатпа:
Сейілде гүл бақта.

Көп жатпа, қоя тұр:
Көр кино, театр.
Жаңазық болмаса,
Жан күту далбаса!
Ой салып ақылға,
Оң істі мақұлда.
Ел біліп, сайлаған
Емші — бұл, пайдалан.
Қуантып еліңді
Қуатты, көңілді,
Құрыштай адам бол:
Құрыспай, аман бол!

САЙРА, БҰЛБҰЛ

Жаңа жеткен
Жасыл көктем
Айлы көктен
Арай төккен.

Таң келеді:
Ән көп енді!
Таң әлемге
Сән береді.

Гүлдеп гүл — нұр,
Гүлде бұлбұл.
Ән салып тұр:
“Гүл — нұр, гүл — жыр!”
Жайна гүл-гүл!
Сайра бұлбұл!

ДЕЛЬФИН

Көркем балық дельфинді
Көлге көкем келтірді,
Тұмсығындай қозының
Тұмсығын — ай өзінің!
Жек көреді ылайды:
Жас балаша жылайды.
Қандай ұшқыш, сезімді:
Қайталайды сөзінді.
Ақ маржандай тісі бар,
Адамдайын күші бар.
Іс үйретсең саналы:
Тез үйреніп алады.
Жап балалық қылықпен,
Жағымды әдет—құлықпен,
Сүйіндірген халықты,
Сүтқоректі балықты
Әулие деп, — киелі
Әрбір адам сүйеді.

ҒАЖАП

Жаңа туған бұзауқан,
Аяқтанды бір күнде.
Енді туған ботақан
Ене емшегін тұртуде.

Біреп сағат өткенде
Аяқтанды қозы — лақ, —
Жасы бірге жеткенде
Жүрді зорға Қозыбақ.
— Қозыбағым қайда жүр?
— Қозыларын айдап жүр.

ЖАЙЛАУДА

Мен жайлауға барғанда,
Жетіп, тілек арманға.
Құрбылармен таныстым,
Құнан мініп, жарыстым.

Көк майсаға аунадым,
Көлден балық ауладым,
Құлын, бұзау байладым,
Іштім қымыз, айранын.

Талай істе шынықтым,
Табиғаттан сыр ұқтым...
Гүлден тәжі тағындым, —
Мектебімді сағындым.

ЖАЯУ БОРАСЫН

— Көшелердің арасын
Көме соққан, борасын,
Ормандардың арасын,
Орай соққан борасын,
Қарлы, жаяу борасың,
Қайда кетіп борасың?
— Қар суырып, есемін!
Қардан көрпе төседім.
Аялдамай көшемін —
Алға қарай өсемін!
— Тентектікке құмарсың, —
Соға бер, бір тынарысың!

БАОБАП

Баобапты көрдің бе?
Африка өрінде:

Бұтақтары салалы,
Тәтті жеміс салады.

Жасап жылдар мыңдаған, —
Бір бұтағы сынбаған.

Баобапты керемет
Барсаң, сен де көре кет:

Паналайсың саясын,
Жемісіне тоясың.

ҚЫС ПЕН БАЛА

— Ау, ақ қыс аппағым!
Бір тыным таппадың,
Қандай іс атқардың?
— Мен босқа жатпадым:
Ақ пүліш жапқаным,
Ақ күміс — бақ, талың:
Ақ көрпе — ақ қарым!
— Ақырдың, мақтандың,
Ақырын аппағым!
Сырғанақ тебейін, —
Тыныштық сақтағын!

КҮН МЕН НӨСЕР

Шаңытты аптапта даламыз,
Шаң жұтып жатпақ па қаламыз?!

Қалтырап шөлдеген егін де,
Қалжырап қарайды көгіне.

Күнге гүл алақан жаяды:
Күнде бұл сәбиін аяды...

Шақырды бұлтты ол біртіндеп,
Шарқ ұрды бұлттар дүркіреп.

Бұлқынды күніміз күркіреп,
Сілкінді бұлттар, дүркіндеп.

Нөсерлеп, жауыны басылды,
Өсер көк: күн көзі ашылды!

Күн тұрды сәулесі құйылып:
Құлпырды қойқосақ иліп.

Гүл жарды күлтесін жараса,
Гүлзарлы табиғат тамаша!

АЙДЫН КӨЛДЕ

Аспан ашық, күн ыстық,
Айдын көлде тыныштық.

Жайнап өскен жағалай
Жасыл тоғай жаға жай.

Аққу — қаздар қалқып жүр,
Ақ шағала шалқып жүр.

Қияқты ну қамыстан
Қырғауылдың алыстан

Қызыл жоны көрінді:
Қызғалдақтай көрім—ді.

Көкті өзіне төңкерген
Көлді тоғай көмкерген.

Жан рахат ауасы —
Көңілдің бұл дауасы.

Көлдің жазда күнұзын
Көріп жүрміз қызығын.

БҰРШАҚ НӨСЕР

Бу биіктеп, мұз қатып,
Бұлттар көкті мұздатып,
Найзағаймен сөгілді.
Асау желмен дауылдап,
Ақ моншақтай сауылдап,
Бұршақ бұрқап төгілді.

Дауыл бұлтты ұшырды,
Басқа жаққа тықсырды:
Бұршақ нөсер басылды.

Асқан дүбір, соншама

Астаң — кестен болса да,
Аспан шәйттай ашылды.

Аспан ашық, күн ыстық;
Айналада тыныштық.
Ақ бұршақтар шашылды.

ТЫРНА КЕЛДІ

Төккен нұрын
Көктен бүгін
Жырлап жерді
Тырна келді.
Тырна жырау:
— Тырау—тырау!
Бүгін бізбен
Гүлін тізген,
Нұрын төккен,
Жылы көктем
Есік ашты
Гүлін шашты
Кілең бақты
Кілем жапты...
Тырналардың
Жырлағаны —
Көктем өні —
Көркем сәні

АЛЫП КЕМЕ

Көп бөлмелі үйі бар,
Көпке тартар сыйы бар,
Көркем, алып кемені
Көкем айдап келеді.

ШЕБЕРХАНАДА

Шеберхана ішінде
Кірісті әркім ісіне:
Ермаханда өнер көп,
Ер жасады мәнерлеп.
Айбол ағаш қашады,
Айдос қобыз жасады.
Шолпы шекті Дәріқыз:
Шебер болдық бәріміз.

МУҒАЛІМ – АНАМЫЗ

Мұғалім – анамыз,
Ісіне қанамыз:
Ақылын тыңдаймыз,
Ақыл–ой шындаймыз.
Артып ой–санамыз,
Алғысын аламыз.

МОНТЕР

Жарыққа бөлеп шалғайды,
Электр тогын жалғайды.
Ертелі–кеште бір тынбай,
Еңбегін елге арнайды.

Еңсесі биік бағана
Ерттеген аттай ағаға.
Ерлігін ердің қастерлеп,
Еңбегін сен де бағала.

СУРЕТШІ

Оңаша мен де
Бір сурет салдым:
Суретті сен де
Үйреніп алғын.

Қос сызық – қасы,
Қос нүкте – көзі.
Шеңберім – басы..

Бұл — нұсқа кезі.
Тік сызық — мұрны,
Шік сызық — ерні:
Көрдің бе мұны?
Бұл — адам енді.

Өнерді сүйсең,
Сурет сап үйрен.

БЕКТИҢ АРМАНЫ

— Ұшқыш болып өскенде,
Ел жайлауға көшкенде,
Шопандардың көшін мен
Тікұшақпен көшірем.
Асып асқар таулардан,
Асуы бар заулардан,
Кең аспанды шоламын,
Кең жайлауға қонамын,
Деп, Бек арман етеді:
Арманына жетеді.

ҰСТАЗ АНА

Бізді құшып, күлімдеп:
— Айналайын, күнім!—деп,
Аймалайды, сүйеді,
Әрбір сөзі жүйелі.
Сүйген шәкірт баланы,
Сүйікті ұстаз ананы
Бәріміз де сүйеміз:
Ардақтап, бас иеміз.

ӨНЕРПАЗДАР

Ал, балалар, келіндер,
Тамашаны көріңдер:
Ойын—сауық бастаймыз!
Ән салады ақша қыз,
Көріңіздер өнерін,
Көбен күйдің шебері.
Би билейміз басқамыз:
Өнерпаздар ордасы —
Біздің балабақшамыз.

ЖАС БИОЛОГ

“Алақан”, “таспа”, “теңгесі”,
“Қылқан”... көп—ақ өңгесі.
Жапырақтың сан түрін
Бақыладым мән—сырын.
Тал бұтақтан нәр алып,
Күн мен судан жаралып,
“Қол соғады” жапырлап,
Өссе түрлі жапырақ
Өрнектелер атырап.
Ол — өсімдік саясы,
Алақаны, аясы.
Бәрін зерттеп аламын:
Мен биолог боламын!

СІЗДЕРДЕЙ БОЛАМЫЗ

Атқарып мың істі,
Жаңартқан тұрмысты.
Жалынды жұмысшы —
Апалар, ағалар!

Ағылтып көмірді,
Балқытып темірді
Байытқан өмірді
Апалар, ағалар!

Еңбекшіл баламыз,
Сіздердей боламыз!

БАСТЫ НӘРСЕ

Басты нәрсе өмірде
Не? — дейтуғын көңілде
Көптен жүрген сауалдың
Іздеді жұрт жауабын.
Шахтер сөз қып шахтаны,
Мақтардай—ақ мақтады:
— Басты нәрсе кен, — деді,
Бас маманмын мен, — деді.
Металлург те құймасын
Мақтады сом құйғасын:
— Алтын, болат, қола да
Менсіз дайын бола ма?
Айтты диқан егінді:
— Асырадым елімді...
Астық — күнде мол асың,

Аштық мүлде болмасын.
Малшы сөзін естідік:
— Бағып жүрмін төрт түлік,
Сол — байлық, — деп мақтады,
Ғалым кеуде қақпады.
— Бәрі де жөн, дұрыс қой,
Бәрі — байлық, ырыс қой.
Басты нәрсе шынында,
Оқу менен ғылымда!

ГИМНАСТИКА

Бір! Екі! Үш! — деп
Қолды серме,
Дем тарт ішке,
Кеуде кер де...
Төрт! Бес! Алты!
Керілеміз.
Спорт салты —
Ерінбейміз.

Жеті! Сегіз!
Шынығамыз.
Жетілеміз,
Тынығамыз!

ШАЙБА — ШАЙБА

Хоккей — қызық:
Кетсең қызып,
Әдеп сақта.
Қақпа жаққа

Соқ та шайба,
Қуан, жайна!
Мүздан тайма!
Тауып айла,
Әділ ойна!
Соқ! Соқ! Шайба! —
Қақпаға айда:
Шайба! Шайба!
Сақ бол...
Соқ бол!
Го — ол!

ШАҢҒЫ ЖАРЫС

Аяз тойын бастады:
Ақ қар үйіп тастады,
Шаттандырып жастарды,
Шаңғы жарыс басталды.
Борандатып келеміз:
Қызып кетті денеміз!
Қос қанаттай шаңғымыз,
Қия бетке салдық із.
Сырғы дөңнен, зырқырат,
Шаңдат қарды, бұрқырат!
Ақ күмістей кеңісте,
Жету қызық жеңіске!

Берікпіз серт, намысқа:
Біз озамыз жарыста!

КҮЙШІ БӨБЕК

Бөпем жайнап жанары,
Домбыра қолға алады:
Жалап оның тиегін,
Шанағына салады.
“Бар, – деп, мұның талабы!”
Атам сүйіп алады.
“Діңгіл – діңгіл” домбыра,
Дүңгірлейді шанағы...
Бөпем өсіп толады:
Оған өнер “қонады”
Нағыз күйші болады.

ӘЖЕМ МЕН МӘЖЕН

Шаттандырып әжені
Ән сап берді Мәжені:

Әжем оны мақтады,
“Әншімсің!” – деп, мақтанды.

Театрға Мәжені
Ертіп барды әжені.

Әдепті деп Мәженді,
Әжем соған мәз енді.

Құтты ісі баланың –
Қуанышы ананың.

ӘНШІ ҚЫЗ

Әсем салар әндерін,
Әсел – шебер әншіміз:
Мәнеріне әндердің,
Өнерліге тәнтіміз.

Әніне жұрт елтеді
Бұлбұл дейміз гүл қызды:
Ол елінің ертеңгі
Өнерінің жұлдызы.

ЖАРАСЫМДЫ КИІМ

Көрікті сән, көркім де:
Көркемдік мән – бөркімде,
Құндыз бөрік бағалы,
Жұлдыз нөрік жағалы,
Зерлі шапан пүліштен,
Зерлі шаңқан күмістен,
Сымдай балақ шалбарым,
Сырма қоныш сандалым,
Бар асылды киіндім:
Жарасымды киімім.

ҒАРЫШКЕР – АҒАМЫЗ

Ғажап елдің ұланы –
Ғарышкері – қыраны –
Тоқтар ағай өзіндей
Ер боламыз қырағы.

Қайырмасы:

Арман қанша мол,
Алда сонша жол:
Отты жігермен,
Оқу – өнермен

Еңбек салтыңды,
Ерлік даңқыңды
Жалғай береміз:
Самғай береміз!

Ел – қамқоршы анамыз,
Ер қолбасшы – ағамыз!
Сүйікті елге мақтан боп,
Биіктерге барамыз!

МЕН ПАРАВОЗ

Бөп–бөп, пыш–пу...
Мен – ең күшті!
Менен күшті
Кім бар? Пыш–ту!

Вагондардың
Тіркеп бәрін,
Жүкті артып,
Кеттім тартып.

Темір жолшы,
Абай болшы:
Жол ашып қой
Жер қашақ қой.

Бөө – бө – бө!
Бө – ге – ме!

КІШКЕНТАЙ ШОФЕР

Ойнама үйтіп десек те,
Бөпем шықты төсекке,
Кереуетте секірді,
Машина боп өкірді.

Жастықтарды лақтырып,
Мазаны алды бақырып.
Бұл не деген машина?
Өстіп те жүк таси ма?

КІШКЕНТАЙ ДӘРІГЕР

Динара қыз тынбайды:
“Ауруларды” тыңдайды.

“Дәрігермін мен!” – дейді,
Қуыршағын емдейді.

– Шығады ғой жай үнің,
Баспа екенсің аюым!

Ептеп укол саламын:
Емдеп, жазып аламын...

– Айналайын, лағым,
Ауырыпты құлағың...

Айтып едім бұрын да,
Ақ қозыға ұрынса! —

Деп қамқор боп жүргені
Дәрігерден көргені.

ҮЙ — ІШІМІЗ — АНСАМБЛЬ!

Әпкем біздің бишіміз,
Әкем — асқан күйшіміз.
Апамның көп өлеңі,
Інімнің мол өнері.
Сүйемелдеп мен бәрін,
Тартам баян, мандолин.

Оқып келген қаладан
Аға — жеңгем салады ән.
Көпке таныс,
Нансаң, бұл —
Үйелмендік ансамбль.

ЦИРКТЕ

Бапкер бұйрық беріп жүр,
Өзіне — өзі сеніп жүр.
Аңдар оған бағынып,
Айтқанына көніп жүр.
Қасқыр мініп текені
Жұрт алдынан өтеді, —
Тентек болса қасқырды
Теке жығып кетеді.

Тым ақымақ десек те,
Ақыл тауып есек те,
Төрт амалды біліпті —
Жүйрік екен есепке.

Маймыл тілге көнеді,
Маймаң басып келеді.
Тақылдаған тоты құс
Тақпақ айтып береді...

Еңбексүйгіш жандарға
Бағынады аңдар да.

МЕТАЛЛУРГ

Құйманың от ағыны,
Құрыш қолға бағынды.
Темір, болат құйылды,
Текшеленіп жиылды.
Өрттей қызыл құйманы,
Өзектерге құяды.
Бағындырған жалынды
Ол металлург кәдімгі.

АСТРОНОМ

Түнде де, күндіз де,
Тілдескен жұлдызбен,
Күнді де тексеріп,
Күнделік жүргізген
Бағдарлап ғарышты,

Зерттеген Марсты,
Астроном ағамнан
Үйреніп дәл істі
Барлаймын алысты.

ГЕРБАРИЙ

Жасыл шөптер мың түрлі,
Жаз айында құлпырды.
Шөпті таңдап көремін,
Гербарий қып теремін.
Сарбасқурай, зиректі,
Жинауды ағай үйретті.
Жалбыз, жантақ... бәрі де,
Керек екен дәріге.
Бағбан болу – талабым:
Ботаника сабағын
“Төрт” пен “беске” оқимын,
Ойға білім тоқимын.

ҒАРЫШ КЕМЕСІ

Алып кемем оқтай ұш,
Айға біраз тоқтай ұш,
Апар мені ғарышқа –
Ақ Шолпанға, Марсқа.
Аралап аспан әлемін,
Айтам жердің сәлемін.

КЕЛЕШЕК КӨЛІК ӘМБЕБАП

Біздің көлік бір ғажап,
Қар мен мұзда сырғанап,
Ұшам десең, зырламақ.

Мінген адам мақтайды,
Суда жүзсе батпайды.
Құрлықта да, көкте де,
Жылдамдығын сақтайды.

Келешек көлік – әмбебап,
Кедергісіз самғамақ!

ОТАНЫМНЫҢ ҰЛЫМЫН

Бұл – гүлденіп жайнаған,
Гүлстандар Отаны!
Бірін – бірі сыйлаған
Туысқандар Отаны!
Бұл – ғажайып мұратты
Халықтардың Отаны!
Алтын заман құратын
Алыптардың Отаны!

Сол алыптың бірімін –
Отанымның ұлымын!

КІШКЕНТАЙ ТІГІНШІ

Тігінші боп Сарамыз,
Киім тікті қараңыз.

Сабактады инені,
Саусақтары биледі.

Бастап істің қиынын,
Қуыршақтың киімін,

Тікті жаңа сәнімен,
Көйлек әсем бәрінен.

Ол анамдай болмақшы,
Мақсаты — зор, сол жақсы.

АНА ТІЛІ

Ақыл—ойын адамның
Ана тілден аламын:
Ана тілім ардақты
Ақ сүтіндей анамның.

Өсірген ой, білімді
Сүйем туған тілімді:
Мақта етем әр сөздің
Мәнін терең білуді.

КІШКЕНТАЙ АТБЕГІ

Күтіп жүрмін дөненді,
Атбегімін мен енді.

Ерін зерлеп күмістен
Жабу жауып пүліштен,

Жем беріп, шөп саламын,
Мәпелеймін, бағамын.

Тарап жалын жібектей,
Баптай білем жүдетпей.

Бәйгені мен тосамын:
Дөненімді қосамын.

ӘДЕБИЕТ СӨЙЛЕЙДІ

Әдебиет пәнімін:
Оқысаң көп тәлімім.
Ұға білген балаға
Терең ойдың мәнімін.

Аңыз, жұмбақ, ертегі...
Әдемі сыр шертеді
Аңғарсаң, әр шығарма —
Ақыл — ойдың өркені.

Мақал—мәтел, санамақ...
Маңызын біл саралап.
Оқысаң, көп білесің,
Ой әлемін аралап.

Шәкірттер ой салыңдар:
Менен тәлім алыңдар!

ТАҚТА БІЛІМІ АЙНАСЫ

Таза тақта сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:

– Шатпақ салып не түрлі,
Былғамандар бетімді.
Әркім сынып тақтасын
Сүртіп, таза сақтасын.
Қате болса жазуың,
Бар ма менің жазығым?
Білімді тақтадан
Көрсем мәз боп шаттанам...

Баршаңа бар пайдасы,
Тақта—білім айнасы.

АТЫМТАЙ

Арындаған аспанға
Асау мініп жас бала.

Жуасытпай қоймайды,
Ат үстінде ойнайды.

Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,

Ол жылқыны үйірді,
Ісіне жұрт сүйінді.

Жас жылқышы Атымтай
Жалындаған батырдай.

Ертең өсіп толады,
Ер шабандоз болады.

ДӘНЕКЕРШІ

Әне, көрші:
Дәнекерші
Биік өрлеп
Шықты терлеп.
Темір қарып,
Күннен жарық
Жұлдыз жақты:
Жарқылдатты!
Риза халық:
Дәу үй салып,
Күнді сүйіп
Тұрған биік
Ол ер маман —
Менің мамам!

СӘТІБЕКТИҢ САПАРЫ

Сағат бірде Сәттібек
Қатты ұйықтап жатты тек.

Ол түс көріп екіде,
Айдың жүрді шетінде.

Үште шолып марсты,
Марсиянмен танысты.
Төртте жетті Шолпанға,
Жазып кетті қолтаңба.

Ақ Шолпанмен достасып,
Бесте шықты қоштасып.

Соқты сағат алтыны,
Қайта ұшты, қалқыды;

Туған елге жетті де,
Сүйді бізді жетіде.

Мініп алып өгізге,
Малға шықты сегізде.

Тоғызда жүр мал жайғап,
Онда жеді балқаймақ.

Он бірде атып қоянды,
Ол шошынып оянды.

САҒАТТЫҢ ТІЛІ СӨЙЛЕЙДІ

Тікі — тікі, ты — қы — тақ...
Сағат соқты тықылдап:

— Көрсеткішім — сүйрік тіл,
Өте берер құйғып бұл!

Тікі — тікі, ты — қы — тақ...
Тұр, Жылқыбай, жылқы бақ;

Қойлыбай, сен қойға бар,
Сиыр қайыр, Қойбағар!

Тікі — тікі, ты — қы — тақ...
Тымбай, үй сал ұқыптап.

Еркебай, сен егін сал:
Ешкімде жоқ тегін мал!...

Сабақ оқы, Көпбосын:
Уақыт бос өтпесін!

СТАНОК

Темірді
Кемірді:
Кесті де,
Тесті де,
Қашады.
Машина тетігін
Жасады.
Оны мен
Қолыммен
Меңгердім ұста боп,
Ол—құрыш
Станок.

САЯХАТШЫЛАР

Асынып ап жолдорба,
Шықтық алыс жолдарға.

Алдымызда асқар бел,
Алтын дала, шалқар көл.

Барлап тауды, даланы,
Ертедегі қаланы,

Тарих сырын табамыз,
Шежіре қып жазамыз.

Зерттеп елдің әр тасын,
Жасап елдің картасын.

Өсіреміз білімді,
Дамытамыз ғылымды!

ДӘРІГЕР

Төтешімнің халатын,
Киіп інім — Қанатым: —
Дәрігермін мен — деді,
Қуыршақты емдеді.
— Қызуың бар, қарағым,
Саған укол саламын!
Шыда, жаным, азырақ,
Жазыласың қазір — ақ!

Тез “айықты” қуыршақ,
Біздің Қанат білгіш—ақ!

ҰСТА

— Міне, шапқы, балға, төс,
Сом темірді сал да кес:
Тура қойып тесені
Кесіндіні тес енді.

Ұсталықтың түрі көп —
Үйренерсің бірін деп.

Қолындағы қысқашты,
Былай түзу ұсташы.

Әр бөлшектің нұсқасын,
Дәл істесең ұстасың:
Дәлдік керек абайла, —
Деп жүр ұста ағай да.
Аңғарып көп өнерін,
Айтқан сөзін шебердің
Ұғып алдым кезінде,
Ұста болам өзім де!

НҰРМАШТЫҢ ЕҢБЕГІ

Ою ойды асығып,
Қиқым қалды шашылып,
Еден жатыр қобырап,
Сыпырмады ол бірақ

Рас, нұсқау күтпеді,
Кітабын да түптеді, —
Желім, бояу баттасып,
Қоқсық жатыр қаттасып.

Біздің Нұрмаш зерек — ақ,
Ал, жинақтық керек — ақ...

БАҒДАРШАМ

Көреген дәу қырағы
Көшемізде тұрады,
Ол бергенде команда

Бағынамыз әманда!
Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп үк үш сөзін:
– Тоқта! Сақтан! Жол ашық!
Жүрме жолға таласып.
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға!
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға!

Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба!

КІШКЕНТАЙ ҒАРЫШКЕР

Шекербек ер пішінде
Ракета ішінде
Руль ұстап, теңдейді
“Ғарышкермін мен!” дейді.

Көлігімен Шекерді
Көкем көкке көтерді,
Аспандата ұшырды,
Ақырындап түсірді.

– Айдың арғы жағына
Ұшам! Дейді тағы да:
Бізде сондай өнерлі
Батыр өсіп келеді!

ГЕОЛОГ

Аппақ тасты, көк тасты
Кенді, мәнді көп тасты
Таңдап—таңдап жинаймын,
Тастамаймын, қимаймын:
Алдымдағы жалтыр тас
Аса қымбат алтын тас.
Құрамында мән бар тас.
Ал мынауым мәрмәр тас —
Гранит тас, мысты тас,
Темірлі тас, күшті тас...
Қуантамын мен де елді:
Көбейтемін кендерді
Тасқындаған талабым,
Талай кенді табамын.
Мен геолог боламын.

ШЕБЕР

— Кімде тесік шелек бар?
Кімде жыртық елек бар?
Шелекті де түптеймін!
Електі де түптеймін!

Бар ма шәугім, кернейің?
Бәрін жөндеп берейін!
Аямайтын өнерін
Ақкөңілді шебермін!

АТАМ ҰСТА

Атамыз — шебер ұста,
Әр ісі үлгі нұсқа.
Ол білер темір сырын:
Ойыншық тегершігін
Орнатар тез — ақ жасап,
Әртүрлі машинаны
Жөндейді “ашып жаны”
Шаңсорғыш, тоңазытқыш...
Бәрінің “тілін” ұққыш.

Іс біліп, нұсқау алам,
Атамдай ұста болам.

ӨНЕРПАЗ БАЛА

Домбыраға қосылып,
Ән салып ем көсіліп,
— Әнші бол! — деп аташым,
Берді маған батасын.

Көкешіме тартып ем,
Көсілте күй тартып ем,
— Күйші бол! — деп аташым,
Берді маған батасын.
Өнерпаз боп атаулы,
Қуантамын атамды.

ЕМШІ БАЛА

Әжем сырқат, аядым:
Уқаладым аяғын.
Телефонмен ақырын,
Дәрігерді шақырдым...
Дәрі беріп, әжемді
Емдедім, ол мәз енді.

ЖАНАР МЕН АЙГҮЛ

Жинақы бол десек те,
Жанар шығып төсекке
Үйден “дүкен” ашады:
Үйеді, не шашады.
Айгүл үйді жинайды,
Ана сөзін сыйлайды.
“Қыздың ақыл – өресін
Қылығынан көресің!” –
Деп мақтайды анамыз,
Біз де мәз боп қаламыз.

БЕС МІНДЕТ

Әжеміз алдына
Шақырып алды да,
Бес түрлі міндетті
Өзіме үйретті:
Бірінші ісің – сол:
Болсын ой, күшін мол,
Ерте тұр сен енді,

Шынықтыр дененді.
Екінші ісің — жай.
Бетің жу, тісің шай.
Үшінші пайымда:
Сабақты дайында.
Төртінші — әманда
Көмек бер анаңа.
Бесінші міндетің
Өрнектеп күнбе — күн
Киімің сайлап қой —
Ертеңді ойлап қой.

Әрбір күн сайын мен.
Бес іске дайынмын.

ГҮЛ ӨСІРГЕН ГҮЛСІМ ҚЫЗ

Гүлсім, бақты гүлдеңті:
Гүлсымақ қып гүл екті:
Гүл бар түрлі, бірөңкей
Гүлзар түкті кілемдей.
Раушан мен еңлікті
Өрнектеп ол егіпті,
Қалампыр мен көк гүлі —
Қалы кілем көп түрлі...
Гүл — күн нұры, қуаныш:
Гүлсім қызға мың алғыс!

ТАЛАПТЫ БАЛА

Әке — камқор, жанашыр да,
Сеніп ұлдың санасына,

Оның арман — ойы ұнап,
Пікірлесіп қойды сұрақ:
— Өскен, оймен күн шоласың,
Өскенінде кім боласың?
— Әке, мен де жалындаған,
Бейбітшіл ер, ғалым болам!
Соғысшылды сорлатамын:
Тыныштықты орнатамын.
Жарылыстың, оқтың бәрін
Жер анадан жоқ қыламын.
Елді апаттан сақтап қалам!...
— Онда сүйем мақтап, балам!

Жақсы бала салып жанын,
Жастай ойлар халық қамын.

ЖАС ТУРИСТЕР ЖЫРЫ

Ата жұртқа тамаша
Аттанамыз таң ата:
Асқар тауға шығамыз
Ақ қар мұздан әрі аса.
Тағлым еткен бабамыз
Тарих сырын табамыз:
Көріп өмір іздерін,
Көп ғибрат аламыз!
Саяхатта шынығып,
Сайраңдаймыз тынығып.

ДИҚАН БОЛАМ

Қолыма күрек алдым:
Жер қазып, тұқым салдым.
Төленді төккен терім:
Мол енді еккендерім.
Бақшаның шөбін шауып,
Баптадым ебін тауып:
Жинадым өнім күзде:
Сыйладым елімізге.

БІЛЕСІҢ БЕ, ДОСЫМ, СЕН

Білесің бе, досым, сен
Білім үшін не қымбат?
Бақыттысың түсіңсең,
Уақыт, ісің — ең қымбат.
Өскеніңді білдің бе
Бір сабақтан, бір сабақ:
Ойың өсті, білім де,
Бойың өсті, білдің бе?
Болам десең бақытты,

Әрекетте — пайда, мән:
Бос өткізбей уақытты,
Әр минутті пайдалан.

ӨЗЕН

Қайнардан бір бұлақ
Су ағып, құлдырап,
Бұлқынып, жосылып,

Бұлаққа қосылып,
Өзен боп, жарқырап,
Ағуда сарқырап.
Арна сап, қалаға,
Егінге – далаға
Су тартып ел енді
Байлыққа кенелді.
“Өмірдің өзегі” –
Дейді жұрт өзенді.

КҮЛДІРГЕННІҢ “МОДАСЫ”

Күлдірген сән деп кесірді,
Күлтелеп шашын өсірді.
Басы ұсқынсыз кірпі болды,
Байқаған көзге түрпі болды.
Осындай “мода” бола ма?
Ондайға, досым, жолама.

КҮЛДІРГЕННІҢ КӨМЕГІ

Күлдірген інісін
Тым жақсы көреді
Күн сайын есебін
Шығарып береді.
Өнбеді бұл “ісі”
Көмегі көп еді, —
Есептен інісі
“Екі” алып келеді.
Мен айттым: — Пайымда
Інің де зерек қой

Тап қылмай дайынға
Есептің әр жолын
Үйрету керек қой...
“Онысын кім білген?”
Деп күлді Күлдірген.

ӨКІНІШ

— Ерте тұрып, шыныққын, —
Еңбек ет те тыныққын, —
Деген әке сөзіне
Құлақ аспай кезінде
Әлжуаз боп өсіппін
Өз қатемді кеш ұқтым, —
Шынығамын күн сайын
Деп, Күлдірген, бекінді,
Кейін бәрін ұмытып,
Өткен іске өкінді.

ЖЕДЕЛ — ЖЕДЕЛ БАСЫП ЖҮР

Күлдіргеннің әдеті:
Тартпаса да төбеті
Жеміс—жидек талғамай,
Жей береді аңдамай.
Ол қанағат етпейді,
Оған қоса ет жейді.
Ас түріне қарамас:
Құрт пен майды аралас
Соғып алып, сасып жүр
Сыртқа қарай ол енді
Жедел — жедел басып жүр.

КҮЛДІРГЕН – БОКСШЫ

“Мен боксшы болам” деп,
Қызықтырды Жолан кеп.
Күлдірген де жаттықты
Ұра, ұра жастықты,
Шаршады да бастықты.
Алты сағат өткен соң,
Ащы тері кепкен соң,
Кездесті де Жоланмен
Бокстасты ол әбден.
Қапшылыста “ұрылды”
Қанатып ап мұрынды.
Көздерінен от ұшты...
Тастай қашты боксты.

ІС ТӘРТІП

Күлдірген де әр күні
Күндік істің тәртібін
Түзіп, жазып қояды:
Міне, ерте оянды.
Қайтадан ол маужырап
Қалғып кетті “азырақ”.
Тұрса, дайын тамағы,
Ұмыт қалды сабағы.
Ол ойнайтын кезінде
Дүкендерді кезуде.
Теледидар алдына
Енді отырып алды да
Түн ортасы кезінде
Ұйықтап кетті езіле.

Іс тәртіп тек қағазда
Не дейсің бұл “сабазға?!”

ЖӨНДЕГІШ

Күлдіргеннің “тамаша”,
Жедел ісі қызады:
Ойыншығын оңаша
Жөңдеймін деп, бұзады
Іскер мұндай бола ма?
“Бұзушыға” жолама.

ШАҢҒЫШЫ

— Шаңғы теуіп биіктен,
Зымыраймын күйгіп мен!
Деп, Күлдірген сөреге
Шықты биік төбеге.

Берілгенде команда,
Берік болмау жаман да:
Шаңғылары “қалт кетіп”,
Құлап түсті ол жалп етіп.

АҢҒАЛ

Аңқау екен Күлдірген,
Аңғалдығын кім білген?
Ыдысқа сүт кұйды да,
Отқа апарып қойды да,
Кірісбаймен екеуі

Кірісті ойын — дойбыға.
Ойынға олар қаныпты,
Кейін назар салыпты:
Тасыған сүт төгіліп,
Күйген қаспақ қалыпты.

БАТЫР

Күлдірген айтты жымыып,
— Ұшамын ертең тым биік!
Зымыранға мініп ап,
Айға барам зымырап.

Күн күркіреп шарт етті,
Найзағайы жарқ етті
— Кел, шапка жасырын!
— Деп тұр маған батырың.

ҚИЫН СҰРАҚ

— Ағай, сұрақ қиын ғой,
Жетпей қойды миыма ой.
Оңай сұрақ беріңіз,
Сөйтіп тыңдап көріңіз.
Ойланам да азырақ,
Жауап берем қазір—ақ...
Деп Күлдірген өтінді,
“Бес” алуға бекінді.

Қойған жеңіл сұраққа
Жауап таппай бірақ та,

Аңырып ол көп тұрды:
— Қиын екен, — деп тұрды.

МӘТЕК

Класта болған жиында
Ұсыныс айту қиын ба?
Күлдірген айтты зорайып:
— “Бес” алып, озат болайық!
Кім “екі” алса, халайық,
Басынан мәтек алайық.
Ақыл деп сөзі өтерлік,
— Мақұл!—деп, қолды көтердік.
Сөзіміз бос, құр налып,
Өзіміз сертте тұрмадық.
Боларын мұның кім білген
“Екі” алып қалды Күлдірген.
Жоқ енді басқа шарамыз,
Өзінен мәтек аламыз.

АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА

— Ана тілі тым оңай,
— Деп, Күлдірген тыңдамай,
Терезеге қарады.
Теректерді санады.
Оны көріп мұғалім,
Қойды кенет сұрағын:
— Айтшы тұрып сен енді,
Анықтауыш дегенді.
— Анықтауыш...Әрине,
Анықтайды бәрін де...

Сөзі тым—ақ ұзарып,
Күлдірген түр қызарып.

ТАҢДАУ

Күлдірген бірде: — Мұғалім
Боламын!—деп соғады.
Аталам деп шын ғалым,
Оймен бәрін шолады.

Қалауының түрі де
Қанша өзгеріп тұрады.
Мамандықтың бірін де
Таңдай алмай жүр әлі.

ӨКІНІШ

Сабағына күн—түні
Дайындалып, бір күні
Күлдірген де “бес” алды.
Көп қуанды бұл күні.
Сәті түсіп бағына,
Ертеңіне тағы да
Оңай сұрақ қойылды.
Ол сөйледі ағыла..
Жан семіртіп екі “бес”,
Жалқауланды кетіп ес:
Келер күні “екі” алды,
Енді қалай өкінбес!

КҮЛДІРГЕННІҢ КІТАПТАРЫ

— Туған күнің — тойың, —деп,
Өссін оқып ойың, —деп,
Достар кітап сыйлады,
Күлдірген тек жинады.
Жақсы кітап — өнеге:
Жарасып тұр сөреде.
Істің болмай жүйесі,
Кітаптардың иесі
Оқымады бірін де,
Ой салмады білімге.

Оқып, біл кітап мәнісін,
Жинама тек сән үшін.

КАПИТАН

— Капитан болам!—деп,
Теңізді шолам!—деп
Қуантып атамды,
Күлдірген бата алды.
Ал бірақ батырың,
Айтуға батылың
Жүзуді білмейді.
Мұндайды кім дейді?

БӨПЕМ ТӘРТІП БҰЗЫП ЖҮР

Бөпем тәртіп бұзып жүр:
Қабырғаны сызып жүр.

— Өзім сурет салам, — деп,
Өңкей сызық түзіп жүр.

Бұл кішкентай балаға
Айтыңызшы, жан аға,
Суретшілер суретті
Қабырғаға сала ма?

“БАТЫР” ҚЫЗ

— Құбыжық пен Мыстанды
Тек кинодан көреміз.
Шындап көрсек дұшпанның
Сыбағасын береміз!..
Сөйтіп Айгүл ақырын
Қуыршағын жатқызды.
Қорықпайтын “батырың”
Ұйқысыз таң атқызды.

КИНОШЫЛ БАЛА

Күндіз де көреді,
Түнде де көреді:
Жаныбек киноға
Жанын да береді.

Ал енді қараңыз:
Азыпты балаң жүз,
Әйнексіз көрмейді
Әлжуаз баламыз.

ТҰМАРДЫҢ ОЙЫНЫ

Кішкентай Тұмаржан
Ойынға құмар жан:
Үй шашып ойнайды.
Шашылған заттарды
Орнына қоймайды.
Ойынға тоймайды,
Ол қашан заттарын
Жинауды ойлайды?!

КҮЛДІРГЕН МЕН БҮЛДІРГЕН

Жайқалып тұр бүлдірген
Жағажайда көрікті.
Бүлдіргенді Күлдірген
Етегіне теріпті.
Ақ көйлектің етегін
Қызыл шырын бүлдірді,
Шырын сұртсем кетеді,
Деп, ол бізді күлдірді.

КӨРКЕМ ҚЫЗДЫҢ БӨЛМЕСІ

Шкафтары ашылып,
Іс заттары шашылып,
Үйдің ішін шаң басқан:
Киім, пішін, сән қашқан.
Жинақы бол десек те,
Жимапты ол төсекті...

Көркем қыздың бөлмесі —
Көргенсіздің “көрмесі”.

АҚЫЛБЕК ПЕН МАҚҰЛБЕК

Ақылбектің мамасы:
“Айналайын — жанашыр!” —
Деп, жұмысар, тілалып,
Демеу болар баласы.

Жан анаға Мақұлбек —
Жатып ішер, масыл тек:
Атқармайды міндетін,
Айтқанымен мақұл деп.
Сөз аңдағыш Ақылбек,
Көз алдағыш Мақұлбек
Қараңдаршы балалар,
Қай балада ақыл көп?

КЕСІР МІНЕЗ

Шешеге діңкілдеп,
Әкеге күңкілдеп,
Ағаға бақырып,
Ашуын шақырып,

Кер айғай салады.
Қашан ол саналы,

Қамқоршы ағаның
Үлгісін алады?

ҚИЯҢҚЫ ҚИЯС

Қияс деген баланың
Қияңқысын қарағын:
“Тентек болма!” — десек те
Теріс мініп есекке,
Екіленіп, желпінді,
Есек қатты мөңкіді.
“Батыр” оңбай жығылды,
Басы лайға тығылды.

Қиқар мінез оңа ма?
Қияңқыға жолама!

САЛЖАН ОЛАҚ

Салжан — селтек, олақ—ақ:
Салпаң етек, сабалақ.
Кірі кетпес бетінің,
Күтіп кимей етігін,
Өкшесінен басып жүр:
Етегі шаң тасып жүр.
Жүрміз соған алаң боп:
Олақтықтан жаман жоқ!

КЕР МЕН ПЕС

Көрдің бе желіккенді?
Кер Песке еліктеді:
Пес: — ШЫЛЫМ үйрен! — деді, —
Кер топас жиренбеді.

Шылымшы болып енді,
Шылымнан сорып еді, —
Елтіді — талып қалды:
Есінен танып қалды.

Есірік — у — зәр қанға:
Есіріп, мұндар болма!

БӨПЕСІ МЕН “КӨКЕСІ”

Күлімдейді бөпесі.
— Күнім! — дейді көкесі.
Жылай қалса бөпесі, —
Құлай қашар “көкесі”.

“Бөпем—бөпем—бөпем—ай!
Бөтен бе екен көкең—ай?!
Көке деген бөпені—ай,
Көтермей ме екен—ай?!”

ТҰРЫСБЕК

— Еңбек етсең, ырыс көп:
Ерте тұру—дұрыс! — деп,
Айтсақ ақыл: — Білем! — деп,
Ақырады Тұрысбек.

— Сенде босқа жүріс көп,
Сенделмеуің дұрыс! — деп.
Айтсақ: — Бұйрық берме! — деп,
Айғайлайды Тұрысбек.

Тындамасаң ақылды,
Болмайсың сен ақылды.

ҚОРҚАҚ БОЛУ ӨЗІҢНЕН

– Бабай келе жатыр! – деп,
Басын жапты Батырбек.
– Жалмауызды көрдім! – деп,
Сендіреді Бердібек.
– Мен кездестім шайтанға!
Деп соғады Айтан да.
Естеместің Жортаны
Естіп содан қорқады.
Бәрі қиял, балалар,
Байыптаған даналар.
Қорқу – сенім, сезімнен:
Қорқақ болу – өзіңнен.

КЕРЖАЛҚАУДЫҢ АРМАНЫ

Өрік, алма, балмүздақ...
Өзі келсе андыздап,
Шіркін, шіркін, шіркін–ай!

Оқу соқпай қиынға,
Қона қалса миыма,
Шіркін, шіркін, шіркін–ай!
Көп ісімді қат–қабат
Істеп тұрса автомат,
Шіркін, шіркін, шіркін–ай!

Тірлік етпес адам боп
Кержалқаудан жаман жоқ.

ЖОҒАЛҒАН КІТАП

Дүрліктіріп баршаны,
Ұқыпсыз Бек жар салды:
— Белгілері қыруар:
Әр бетінің кірі бар,
Мұқабасы жыртылған,
Суреттері қырқылған,
Ана тілім жоғалды,
Жоғалмаса, кім алды?!...

Кітап қайтсін жоғалмай?!
Әй, обал—ай!
Обал—ай!

САНАТ САБАҚТА

— Ағай, тыңдамай сізді,
Жанай тәртіпті бұзды.

— Ағай, сыйламай сізді,
Тағай партаны сызды.

Сабак жаңадан қызды,
Санат жамандап бізді.
Сөзді сан рет үзді:
Өзі тәртіпті бұзды.

СЫЛДЫР СӨЗ

— Еден жуу керек қой,
Ол апама көмек қой, —
Дейді біздің Күлдірген,
Сөз жүзінде “зерек” қой.

— Бақша күту керек қой,
Ол көкеме көмек қой, —
Деді тағы мақтанып,
Елгезекпін демек қой.

Сөйлеп жүр іс тындырмай,
Сөздерінің сылдыры— ай!

ӨСЕК ПЕН ЕСЕП

Достар тыным таппай,
Есеп шығарады, —
Ажар ауыз жаппай
Өсек шығарады:

— Аржан, білесің бе?
Арман бұзық екен...
Соған ілесуде,
Солтан қызық екен!...
Тез—ақ бітті сабақ, —
Ажар ұқпай қалды:
Өсек бітті, бірақ,
Есеп шықпай қалды.

ӘТЕН БАЛА ҚАНДАЙ – ДЫ?

Әтен бала қандай–ды?
Әке тілін алмайды,
Шеше тілін алмайды:
Жатып алып төсекке,
“Ауырдым” деп алдайды.
Ал ойыннан қалмайды:
Алдына жан салмайды.
Ол тілазар дегенге
Оқушылар нанбайды.

АЙДАБОЛ

- Оқуда жоқ қайда ол?
- Ойында жүр Айда бол!

- Еңбекте жоқ, қайда ол?
- Еріншекте айла мол:

Аузы–басы көпіріп,
Ауырып тұр өтірік.

- Ас ішеміз, қайда ол?
- Асқа дайын Айдабол!

“Айдабол–ау, Айдабол,
Ас ішерде пайда бол!”

ӘДЕП ПЕН ТӘБЕТ

Шкафқа әкеп мамамның
Конфет қою әдеті:
Сұрап қана аламын, —
Білем мен де әдепті.
— Бірақ—ақ конфет алайын, —
Деп мамамнан өтінем.
Сөйте—сөйте талайын
Жеп қоям да өкінем.

ӘБІГЕР

— Ой—бой—бой, тамағым!
— Не болды, қарағым?
— Тамағым ісіп тұр,
Денем де ысып тұр!

— Жаным — ау, не дедің,
Не іштің, не жедің?
— Қар жедім, мамамтай,
— Қап жаным, Жанат-ай!

Шақырам дәрігер!
Деп, апам әбігер!

КҮЛДІРГЕННІҢ ҚИЯЛЫ

“Құлтемірді әзірлеп,
Құл етемін көнімді.

Компьютерді әзірлеп,
Көмекші етем сенімді”.

“Компьютермен ғылымды
Көп үйреніп аламын.
Үйде біліп білімді,
Үйде ғалым боламын”.

“Ойлап қойдым бәрін!” — деп,
Күлдірген дос күлдірді,
Жалқаулығы мәлім, тек
Аңқаулығын білдірді.
Оңай келмес білім — кен:
Орақ орма тіліңмен.

ИМАННЫҢ ІС ТӘРТІБІ

Иландырып достарын,
Иман құрып жоспарын,
Тізді ісін әр күннің —
Тізді жұмыс тәртібін:
Ерте жатып, тынығам,
“Ерте тұрып, шынығам,
Тойып алам тамаққа,
Дайындалам сабаққа.
Оқимын да, ойлаймын,
Одан соң аз ойнаймын.
Досым келме үйге, мен
Домбырасын үйренем.
Бар ісімді жатарда
Баяндаймын атама”...
Қостар оның ісін кім?

Жоспарының — ісінің
Орындалмай ешбірі,
Кеш жатты да, кеш тұрды.

Бұзсаң істің тәртібін,
Босқа кетер әр күнің.

САЛАҚ САСҚАЛАҚ

Аман сабақ тындамай,
Алаңдап—ақ шаршайды.
Қызық істі құндамай,
Үзілісті аңсайды.
Қоңырау нақ соғылса,
Омыраулап бұлқынар:
Соқтығыса—соғыса
Есік жаққа ұмтылар.

Пайымы жоқ салақтың:
Парқын білмес сабақтың.

ЖАЛҒЫЗДЫҚТАН ЖАМАН ЖОҚ

Класымыз дүрлікті:
Ұнамсыз бір мықты —
Қали жаман құрысты...
Қадишамен ұрысты,
Есентаймен керісті,
Ешенбаймен тебісті,
Шын шығарды шатақты:
Шымшып алды Шапақты:

Жақындасақ, кет деді,
Бізден қашып, шеттеді.
Өзі шетке қуылып,
Өзгелерден суынып,
Жалғыз отыр алаң боп:
Жалғыздықтан жаман жоқ!

ҰЯТ—АЙ

Автобустың ішінде
Ақ сақалды кісіге
Тұрып, орын бермедің?
Неге көңіл бөлмедің!

Оның қалай, Мият—ай!
Ой! Ұят—ай! Ұят—ай!

Көкем байқа десе де,
Көлбең қағып көшеде,
Бұздың жолдың тәртібін:
Бұзды көлік қарқынын.

Тәртіп қайда, Мият—ай?
Ой! Ұят—ай! Ұят—ай!

Болсын маған сый ісің,
Жина, — десе, — үй ішін, —
Ана тілін алмадың,
Сылтау айтып, алдадың.

Суайтсың—ау, Мият—ай?
Ой! Ұят—ай! Ұят—ай!

БАЛАҚАЙ МЕН МАЛАҚАЙ

Қар жауды, — деп, — алақай!
Киді бала малақай.
Жатпады бос балақай,
Жасады мұз аланқай.
— Сырғанақ бар, алақай! —
Сырғанамақ балақай.
“Шана” болды малақай,
Шаттанып жүр балақай.
Жыртылса да малақай,
Аямады балақай.

— Києм жаңа малақай! —
Деп, қуанды балақай:
— Алақай!
Дұрыс па осы, балақай?!

ҰШҚАДАҚ ЖОЛАН

“Домбырашы болам”, — деп,
Үйірмеге Жолан кеп,
Жүрдім—бардым ат үсті
Бір—екі рет қатысты:
“Діңгіл—дiңгіл—дiңгілдік!”
Ермек болды бір күндік.

Енді “биші” болам деп,
Үйірмеге Жолан кеп,
Жүрдім—бардым ат үсті
Бір—екі рет қатысты.
Оның сәті келмеді,

“Драмаға” келді енді.
Ұшып қонып ауысты,
Үйірмені тауысты.
Ықылассыз әманда,
Ынтасы жоқ адамға
Өнер оңай қона ма?
Ұшқалақ жан оңа ма?

“ЖЫРТҚЫШ”

Кітаптың да суретін,
Журналдың да суретін
Жұман інім ұнатса,
Жыртып алып жүретін.

Кітап, журнал бүлінді,
Кінәлі де білінді.
Енді бәрі мазақтап:
“Жыртқыш”, – деп жүр інімді.

АНА ТІЛІ САБАҒЫНДА

– Ана тілі тым оңай!
Деп Күлдірген тыңдамай
Терезеге қарады,
Теректерді санады.
Оны көріп мұғалім,
Қойды кенет сұрағын:
– Айтшы тұрып сен енді
Анықтауыш дегенді.
– Анықтауыш.... Әрине....
Анықтайды бәрін де...

Күбір сөзі ұзарып,
Күлдірген түр қызарып.
Ана тілін білмесең,
Аһ ұрасың күнде сен.

КІМ КІНӘЛІ?

— Таза еді парта айнадай,
Тазалық жайын ойламай,
Партаны кім қырнады?
Деп мұғалім сұрады.

Асанбек айтты:

— Мен емес.

Асқарбек айтты:

— Мен емес.

Гүлжамал айтты:

— Мен емес.

Гүлжанар айтты:

— Мен емес.

Жалғыз—ақ бұған кінәлі
Елемес үнсіз түр әлі.

ЕРІНШЕК ЕЛЕШ

— Ерте тұршы,
Елеш—ау, ұйпаланбай.
— Есім ауып жатырмын
Ұйқым қанбай!
— Еден жуып,

Үй ішін жинамадың.
— Ер баламын,
ондайдан ұяламын!
— Сабағыңды неге сен
оқымадың?
— Қалай шыдап,
Қадалып отырамын?!
— Неге айтқанын аныңның
Істемейсің?
— Өзім білем,
Сен мені күштемейсің!
— Досым қашан қоясың
Қырсығуды!
— Доғар сөзді:
Көрсетем “қырсығыңды”

Жалқау әуес егеске,
Құлақ аспас кеңеске!

ЖАЗА

Асанбек інім
Ауланың гүлін
Аялап күнде баптады.
Қорабай тентек
Қолында келтек
Гүлдерді жұлып, таптады.
— Қай сотқар бұл! — деп,
Гүлдерден гулеп
Аралар ұшып қаптады...
Шағыпты мұрнын
Қарандар түрін,
Қалшылдап дегбір таптады.

Жазасын алды арадан,
Жұмылды көзі жарадан.
Безіндер мұндай баладан!

БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТІК

Айтқан тілді алмайды.
Жұмсағанға бармайды.
Сылтай айтып әрдайым
Айтатыны: — Бармаймын!

— Ана тілін алмаймын, —
Дейді, — ойынға қанбаймын.
Дос сөзіне сенбеймін,
Достығына көнбеймін!

Мәнді білер қайсың бар?
Мәденге жөн айтыңдар:
Етістікті болымсыз
Көп айтпасын орынсыз.

Кербағумен өтпесін —
“Болымсыз” боп кетпесін.

БҰЛ КІМ ДЕСЕМ...

Тарсыл—гүрсіл,
Тарсыл—түрсыл...
Қиқар енді
Шифонерьді
Қағып өтті,
Қолдың кірін

Жағып кетті.
Барлық құнды
Заттар сынды.
Абайламай
Жүрген бұлай
Бұл кім десем,
Гүлсім екен.

ЕРДЕННІҢ “ЕҢБЕГІ”

Ерден бізді күлдірді —
Епсіздігін білдірді:
Еден шаңын сыпырса,
Бұрқыратып, бүлдірді.
Айтты достар: — Бұл қалай?
Атқар істі бұлданбай.
Абайлап сұрт еденді
Ауаны да былғамай...

Ол ақылға көнбеді:
Өз қулығын жөн деді.
Таппаған соң амалын
Ешбір ісі өнбеді.

Істің жөнін білмесең,
Опық жейсің күнде сен.

“ҚИЫН ЖҰМЫС”

“Анау жұмыс қиын”, — деп,
“Мынау жұмыс қиын”, — деп,
Сырғытып жүр әр ісін
Сылтау тауып Сүйінбек.

Орындалмай талабы,
Қиял болып қалады.
Олақтық пен салақтық
Ондыра ма баланы?!

“ЖАЙБАСАР”

Тамаққа да кешікті,
Сабаққа да кешікті...
Бітірмейді бір ісін,
Қараңдаршы жүрісін.
Ісінде жоқ береке,
Болды елге келеке.
Әр жұмысты “жай” жасар:
Оның аты – жайбасар.

“ЗЫРЫЛДАУЫҚ”

Алмабекте тағат бар ма?
Дегбір таппай тамақта да.
Алып–ұшып ойын көрсе,
Алаңдайды сабақта да.

Ойланбайды ол бір ауық,
Отырмайды тыным тауып:
Орнықпайды бір орынға,
Оның аты – “зырылдауық”.

ҚАЗМОЙЫН

Басталса жазу сабағы,
Балабек амал табады.
Оңға да мойын созады,
Солға да мойын созады.

Әркімнен жазу көшіріп,
Созам деп, мойнын өсіріп,
Қазмойын болды бұл күні:
Қарасаң, сұрқы — күлкілі.

ОЙСЫЗ ҚҰЛАҚ

Түрлі—түрлі құлақтар бар,
Түптеп тартсаң, “сыр” ақтарар:
Сыбыр күтер түрік құлақ,
Сыр естімес “бүрік” құлақ.
Түрік құлақ бәрінен де
Естігіш—ақ, әрі демде
Тек сыбырға түріледі, —
Ойлы сөзге бүріледі.
Ойсыз құлақ ой алмайды:
Одан сезім оянбайды.

ДОСАНТАЙ НЕ ОЙЛАП ЖҮР?

— Алды, — деп, — қалай “екілік?”
Әжесі отыр өкініп,
Күйінді оның анасы:
“Баламның жоқ деп санасы?”
Ұрысты кейіп әкесі,

“Ұят—ақ!” деді әпкесі.
Айыпты өзі болса да,
Арланбай оған оншама,
Доп қуып әлі ойнап жүр:
Досантай нені ойлап жүр?

ӨССЕ КІМДІ СЫЙЛАЙДЫ?

“Ақ мамам да — менікі!
Аппақ нан да — менікі!
Торт қалай да — менікі!
Құрт пен май да — менікі!
Деп, бұл маған ұнайды!”
Демеу бала жылайды...
Ыза болып сызданып,
Әрбір затты қызғанып,
Өзгелерге қимайды:
Өссе кімді сыйлайды?

КӨШЕНІҢ АМАЛЫ

Көрдіндер ме “қызықты”,
Көшен тәртіп бұзыпты:
Ұрлап сынып журналын,
“Екілігін” сызыпты.
Күлдан апай бағаны
Күнделікке тізіпті.
Жоғалыпты күнделік...
Түземек боп бұзықты,
Достар салса талқыға,
“Кінәм жоқ!” — деп қызыпты.

Жасырғанмен “амал” қып,
Түзеле ме жамандық?

ЖАПАЛДЫҢ СӘНІ

Жапал құмар киімге:
Жаңа “мода” киюге.
Джинсы, тexas, “адидас”...
Жатыр бықып үйінде.

Сән қуғыш бұл сабазда
“Екіліктің” саны аз ба?
“Қаламайды” оқуды,
Қарамайды қағазға.

Ой түзеуің болмаса,
Бой түзеуің далбаса.

СӨЗ БЕН ІС

Сыныптағы жиында
Сөйлей салу қиын ба?
Көбекбайдың Асаны
Көп “ұсыныс” жасады:
— “Омар істің шебері,
Оның көп—ақ өнері...
Кергүін ол тастасын,
Кешті келіп басқарсын”.
Күлән гүлді суарсын,
Ұлан газет шығарсын...
— Рахмет сөзіңе!

Бір міндет ал өзің де,
Десек, Асан бүй деді
— Маған міндет үй мейлі, —
Менің қолым тимейді!...

Қу жалқауда айла көп,
Құр сылтаудан пайда жоқ.

ҰРЫСҚАҚ

Ұрыс—керіс басталады:
Бекті Сара бас салды...
Ожарын — ай мұның!, —деп,
Одан достар жасқанды.

— Делбе, милау, сумұрын, —
Деп, ұсады бір—бірін.
Тыңдап тұрсаң естисің,
Ұрысының түр — түрін.
Қой деп айтқын, жүз мейлі,
Қоймай, ұрыс іздейді.
Сондықтан жұрт Сараны
Ол—ұрысқақ қыз, —дейді.

МЕН ЕМЕС

Паналап Асан қалқаны,
Тоқылдатты партаны:
— Мұның Асан жөн емес!...
— Жо — о — жоқ ағай мен емес.

Қағып өтті Мұратты,
Добын алып жылатты.
Жүрген жері төбелес,
Айтары сол: “Мен емес!”.

Кешіксе ол сабаққа,
Кінә тағар сағатқа:
— Кешіккенің жөн емес!...
— Ол сағат қой, мен емес...

Қорықса кім шындықтан,
Пайда таппас “қулықтан”...

МӘТЕН ҚОРҚАҚ

Есек кенет ақырды,
Мәтен қорқып бақырды:

— Ол есек қой! — десек те,
Жатты бұғып төсекте.

Сиыр келді мөңіреп,
Қашты Мәтен еңіреп:

Қорқақтығын сұрама,
Тығылыпты ұраға!

Ойнап жүзді лағы:
Ол тырайып құлады...

Көргенде дәу бұқаны,
Бүкшең қағып зытады.

Қоян қашты секеңдеп, —
Бір құбыжық екен деп,

Жан—жағына алақтап,
Үйге қашты далақтап,
Түнде жүрсе сасады,
Көлеңкеден қашады:

Жүрмейді бір шошынбай,
Мәтен қорқақ осындай!

АҚПАҚҰЛАҚ

- Жақсы сөзді жатта, шырақ!
- Мап—мақұл—ақ!
- Еңбексіз бос жатпа бірақ!
- Мап—мақұл—ақ!
- Өтірікті шатпа құрап!
- Мап—мақұл—ақ!

- Ұстаз сөзін ұқпадың ба?
- Ойламаппын!
- Бақ күтуге шықпадың ба?
- Ойнап қаппын!

- Сөзің қайда “мап — мақұл — ақ!”
Ақпақұлақ... ақпақұлақ!

МІРӘЛІ — КІНӘЛІ

Қаламсабы састы ма:
Қашты парта астына.

Ұрыншақ тыс қаламұш —
Әр затқа бір қадалғыш.

Кітап тыным таппады:
Орнында жай жатпады.
Түсті еденге шашылып,
Сумка жатыр ашылып.

Қарындаш та партаны,
Шимайлағыш картаны,
Бәріне кім кінәлі —
Өзің айтшы, Мірәлі!

БҰРШАҚ ПЕН БҰЛАНБАЙ

Өсіпті бұршақ, өсіпті көктеп,
Күттік біз қопсытып, шөптеп.
Бұланбай шөпті танымай жүр.
Бұршақтар оған табылмай тұр.

Бұршақты, шөпті де жұлыпты,
Жүйкені тып—типыл қылыпты.
Бұршақ қайда біле алмай,
Бұланбай түр ұялмай!

ДОДАБАС — МОДАБАС

Серіктің өскен кекілі
Қодастың жүні секілді.
Басының кірі бес батпан,
Өзінің сиқын кетірді.

Қорламай күтсең ол да бас,
О, “Модабас” – додабас:
Мойныңның кірін иіскеп,
Мойнақ та саған жоламас!

САЯХАТТА

Үш бала бір қыз –
Төртеуі күндіз
Келеді қалың орманда.
Қасқырмен, қабан,
Аю мен қабылан
Бар шығар мүмкін ол маңда?

Үш “батыр” кенет
Қақты бір дедек:
“Өлдік – ау!” деп те ойлады.
Ханымгүл қашпай,
Қараса саспай,
Тұр екен алда мойнағы.

ҰЯТ ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

– Орында, – деп, – алтыным!
Орынға өз халқының
Салтын айтты атасы:
– Атаңның сол батасы:
Біл үлкенді сыйлауды,
Бол, шырағым, иманды.
Орын сонда қырысты,
Ойланбады, құрысты:
– Өйткен салттар – ескілік,
Кеткен жоқ па ескіріп.

— Орынжаным, егеспе,
Оның ұят емес пе?
Ұят деген немене?—
Деп сұрады немере.
— Ұят, — ізет кісіге,
Зият, ақыл үшін де,
Мият болу кішіге,
Токтау оғаш ісіне,
Жамандыққа өкіну,
Жақсылыққа бекіну!

Арсыз болсаң, сол—қайғы:
Арсызда ұят болмайды.

ТӘКЕННІҢ ТӘБЕТІ

Төкеннің бір әдеті —
“Тәтті құмар” тәбеті:
Айтсақ та, “қой”, “жетер” деп,
Конфет, қант, шекер жеп,
Қабысса да іш мейлі, —
Басқа тамақ ішпейді.
Жүрек сазып, құрысты,
Жүдеп, азып, бүрісті.
Аппақ тісі мүжілді:
Асқазаны бұзылды.
Тәтті меңіп бауырды,
Қатып—семіп ауырды.
Әр тамақтың қалпы бар:
Әдеп сақтау — салты бар.

ТАРСЫЛДАҚ ТАНАБАЙ

Үзілістің кезінде
Тәртіп бұздың, – сездің бе?
Арсыз боп тым сен енді,
Тарсылдаттың еденді...
Әй, тарсылдақ Танабай,
Әй–шайға бір қарамай,
Осынша көп жүгірме,
Оқыра қуған танадай.

ЖАЛҒАН ДОСТЫҚ

Қасқыр мен қой дос бопты,
Көңілдері хош бопты,
Қасқыр қойды жеп қойып,
Қайран достық бос бопты.

АҢҚАУ ҚАСҚЫР

Қасқыр сеніп түлкіге,
Дос болыпты ілкіде,
Алдап кетіп түлкі қу,
Қасқыр қапты күлкіде.

ҚҰЛТЕМІРДІҢ МАҚТАНЫШЫ

— Айға шықтым ауасыз,
Адам бұл іске дауасыз, —
Деп, құлтемір мақтанды.
Демігіп, сыр ақтарды.
— Сені жаратқан менің ақылым, —
Деді адам оған ақырын.
Мақтаншаққа күл мейлі,
Шыққан тегін білмейді.

БОТА МЕН ТАЙЛАҚ

Бота мен тайлақ сүйісті:
Тұмсыққа тұмсық түйісті.
— Қайталап сүйіс! — деп інген
Қайтарып жатты күйісті.

Тату болса баласы
Сүйінер ата—анасы.

СЕРКЕ

Ешкінің серкесі —
Қойшының еркесі.
Судан да өткізіп,
Нудан да өткізіп,
Өріске жеткізіп,
Қой бастап жүреді,
Ойқастап жүреді.

Жол бастай білгенге
Бас иер күллі ел де.

АЮ МЕН АРА

Аю: — Дәумін! Күштімін! —
Деп, бөскенде күштінің
Бал жегенін біліп ап,
Аузын ара торыпты,
Танауына қоныпты.
Ара мұрнын шаққанда,
Аю жаны шыққандай
Шалқасынан құлапты:
— Шақпашы! — деп, жылапты.

Араның алма мазасын:
Аю да алған “жазасын”.

ТУҒАН КҮНІ ҚОЗЫНЫҢ

Туған күнін қозының
Лақ досы өзінің
Қуанышпен қарсы алды:
— Мәәә! Мәәә!—деген ән салды.
Қозы тыңдап, тамсанды.

Құрбыға қымбат сыйласым:
Бір—бірін өстіп сыйласын.

ӨРМЕКШІ

Тоқып ап өрмекті,
Торына өрмекші
Шыбынды түсірді
Зәресін ұшырды.

Ау құрма басқаға,
Дау қылма, қастанба.

КӨБЕЛЕКТІҢ ӨНЕРІ

Көбелекте өнер көп:
Қанатына мәнерлеп
Салыпты сан өрнегін,
Көбелектің өнерін
Мен үйреніп аламын:
Өрнек—сурет саламын.

ҚОЯННЫҢ ТҮСІ

Арыстанға мініп ап,
Қоян ұшты зымырап,
Ол — ғажайып іс екен!
Оянса, ол — түс екен.

ӘНШІ БАҚА

Бақа көлде жатып ап:
— Бақ—бақ!—деді бақылдап.
Бақылдақ ән бастады,
Бақылдауын қоймады,
Әншімін деп ойлады:
Желігуін баспады...
Бақылдаудың сәні не?
Оның мәнсіз “әніне”
Ешкім құпақ аспады.

МАҚТАНШАҚ ШАР

Менде күш бар! Деді де
Ышқынды шар деміге:
Кеуіп кетіп қарыны
Тарс етті де, жарылды.

Мақтаншақтық — өлім деп,
Айтпаған ғой елім тек.

БИДАЙ МЕН БИДАЙЫҚ

Өркендеп, гүл жайып,
Өсіпті бидайнық,
Бидайдан дәумін деп,
Бөсіпті бидайық.
Егіннен бидайды
Ел жинап алыпты.
Даурыққан бидайық
Далада қалыпты.

ТАСБАҚА ЖҮРІС

Тасбақа аяңдаған:
— Аяңмен қоян алам!
Деп әлі аяңдап жүр,
Бос сөзін баяндап жүр.

Талпын сен, болма болбыр, нас:
Тасбақа жүріс ондырмас.

КЕРІКТІҢ КЕСКІНІ

Айнадан керік
Өз сиқын көріп:
— Мынау шибұт кім! — депті.
Өз ұсқынын білмепті.

Өзгені қырт тілдейді:
Өз кемісін білмейді.

ҚАРҒАНЫҢ СҮЮІ

Қара қарға қаңқылдап,
Қанаттары жалпылдап,
Балапанын: –Сүйікті
Аппағым!—деп, сүйіпті.

ТЕНТЕК ЛАҚ

Лақ мінез танытты:
Қозыны сүзіп, налытты.
Көп сүзіскен тентектің
Мүйізі сынып қалыпты.

Дос әдепті болмаса,
Достасуың — далбаса.

ЕСЕК ҚУЛЫҚ

Түйе мен есек жұптасып,
Келе жатты жүк тасып.
Қандай күшті десек те,
Қулық жасап есек те,
Өтірік өліп қалыпты:
Аямастан түйесін,
Барлық жүкті иесі
Түйеге артып алыпты.
Түйе сорлы налыпты.

Есер досың — қас, қайғы:
“Есек қулық” жасайды.

БҰЗАУ МЕН КҮШІК

Жасырынбақ ойнап еді,
Бұзау күшікті тауып алды.
Қараулығын қоймай енді,
Күшік бұзауды қауып алды.

Қалыс болмай, тәлкек етер:
Қарау доспен ойнау — бекер.

ҚОРАЗ БЕН БАЛАПАНДАР

Дән тапты да: — Әй көп балапан,
Дәнді бөліп жеңдер! — деді қораз.
Дәнді жеп қойды көк балапан,
Басқалары — түгел араз.

Қанағатсыз тоймайды:
Қара басын ойлайды.

ҚОДЫҚ ПЕН ҚОНЖЫҚ

Күрескенде қонжықты,
Қодық жеңіп, он жықты.
Күреске қонжық тоймай жүр:
“Ит жығыс” деп, қоймай жүр.

Өз шамаңды білмесең,
Өкпе айтасың кімге сен?

ҚАРҒАНЫҢ БАҒАСЫ

Құстардың ән тойында
Қарға төреші болды:
Қанатын қағып қойды да,
Үйрек га—га—лады.
Қарға “бес” қойды да,
“Әнші” деп бағалады.

Білгіш деп қыртты ойлама,
Төреші қылып сайлама.

БОРСЫҚ

— Өмірі бір тоймайсың,
Кеміруді қоймайсың
Қарның сенің торсық па, —
Деді кірпі борсыққа.
Борсық бірақ тоймай жүр,
Обырлығын қоймай жүр.
Болмаса тойым, қанағат,
Мешкейлік те жаман-ақ!

БІРЛІКСІЗДЕР

Шақырды Бек күшігін,
Шақырды көк мысығын.
Бір табак сүт алды да,
Қойды олардың алдына.
Күшік: — Обыр мынау! — деді.
Мысық: — Итсің, мәу! — деді.
Таласуды жөн көрді:

Табакты олар төңкерді.
Бірін – бірі бас салды:
Бірліксіздер аш қалды.

ҚҰЛТЕМІР МЕН МЫСЫҚ

Құлтемірдің бір мысық
Төбесіне тырмысып
Шығамын деп құлатты:
Шырылдатып, жылатты.
Пысып “достан” қашыпты,
Мысық босқа сасыпты.
Жатқан тетік құр темір,
Жабырқамас құлтемір.

БАЛ ІЗДЕГЕН ҚОНЖЫҚ

Қонжық жазда аяқтанып,
Қолына тор, таяқ алып,
Орман жақтан бал іздеді.
Омартаны дәл іздеді.

Тауып ара омартасын,
Татып, жалап бал ортасын,
Таланды да араларға,
Қашып келді ол балаларға.

БЕС БАТЫР

Басбармақ, сұқ саусақ,
Ортан қол, аты жоқ,

Одан соң шынашақ
Туыпты батыр боп.
Батырлар – намысты,
Тік тұра қалысты.
Бесеуі бірікті:
Бітірді тірлікті.

ТІКҰШАҚПЕН ТАУЫҚТАР

Көкке қалқып тікұшақ
Төмендеді пыр–пырлап.
Тауықтарым тіпті сақ,
Қарай қалды қыт–қыттап.

Олар таң боп түр еді,
Қораз: –Қо-ок, –деп үркітті,
“Орнығыпты жүрегі”
Үркіттім, деп бүркітті.

ЕМЕН МЕН ЖАҢҒАҚ

Жаңғақтар піскенде,
Топырлап түскенде,
Топырақ сүйіпті:
– Досымсың сүйікті,
Кел, жаңғақ, қойныма,
Құнарға той мына!
Нәр алып менен көп,
Өс биік емен боп.
Жаңғақта қуанды,

Дос сөзін құп алды:
Құнардан нәр алды
Емен боп жаралды.

Еңбек ет талаптан,
Өс сенде, қанаттан!

ЕКІ КҮШІК БІР ТӨБЕТ

Екі күшік келіспей,
Екіге тең бөліспей,
Ырылдасып, үріп те
Таласты бір жілікке,...
Төбет келіп қалды да,
“Төрелікке” салды да
— Таласпаңдар босқа тек!
Таласқандар дос па?! — деп,
Тастандар, — деп, — бүлікті!!
Тартып алды жілікті.
Керауыздар өкініп,
Керіспеуге бекініп,
Сыбағадан сымпиып,
Жатыр енді тымпиып.

Бақыт мәні— бірлікте,
Байлық — достық тірлікте.

ЕКІ ТЫШҚАН, БІР КҮШІК.

Аштық қысқан
Екі тышқан.
Тінтіп үйдің іргесін,
Асханадан
Астан қалған
Ет тауыпты бір кесім.
Келісуге,
Бөлісуге,
Бір—біріне сенбеді.
Күшікке кеп,
“Етті жөндеп,
Бөліп берші сен”, — деді.

Наразыға,
Таразыда
Күшік қулық жасады,
“Бұл артық” — деп,
Еттен ептеп
Бөле кертіп асады.

— Бұл нең — десе,
— Тең ғой есе,
Тең бөлмесем обал-ды, —
Деп ол “төре”
Бөле-бөле
Еттің бәрін жеп алды.

Қарау болса төрешің.
Қасіретін көресің.

ӘЛЕККЕ ТҮСКЕН ӘРІПТЕР

Серік салған әріптер
“Семіп қалған”, танып көр.
Әрбір әрпі – бір шимай,
Әсем жолға түр симай.
“Қорлады!” – деп кейбірі
Зарлады көп, кейіді.
Шыр–шыр етіп “И” тұрды:
– Шығарды ғой итімді!
Ұсқыным жоқ сорыма
“М” мен “П” –ның орнына
Мен жүремін итеңдеп,
Ойламап ем бүйтем деп!
Айтып мұның “М” тұрды:
– Анық жазбай өлтірді!
“Ш” мен “Т” да жылады:
Оңдырмайды бұл әлі!
Бірімізді біріміз
Шатастырған түріміз
Ұқсамайды жазуға!
Жазу мүлде азуда!

“Көркем жазу – өнер!” – деп,
Көркем салса мәнерлеп,
“Пошым” сақтап әріптер,
Досын мақтап, дәріптер!

Жайын ұқпай өнердің
Жалқау кергіп, ерінер:
Жарқын ойы шебердің
Жазуынан көрінер.

ЕКІ ҚОШҚАР МЕН БІР ИТ

Екі қошқарға бір ит кеп
Ерегістіріп “үрит!” деп,
Бүліктірді де, кеңкілдеп,
Күліп тұрды: Соқ! Өлтір! — деп.

Залымның тілін алмаңыз:
Иттікке сеніп қалмаңыз.

УЫҚ ПЕН ШАҢЫРАҚ

— Үй сәні менмін, — деп, — қымбатты!
Шаңырақ шалқайып тіл қатты.
Сөз айтты уық та: — Шырағым!
Сені мен төбеме шығардым...

Басына көтерсе сүйіп көп, —
Тасыма сол көптен биіктеп.

ЛАҚТЫҢ СЫНЫ

Көк ешкінің лағы
Көк қозыны сынады:
— Аяқтары ұсқынсыз, —
Деді, — салпаң құлағы.

Өзінен мін таппады:
Өзін—өзі мақтады:
— Мен — текенің еркесі,
Мен — ешкінің аппағы!

Мүйізім бар күмістей,
Тісім аппақ күріштей,
Қорласа да бұл дауға
Қозы тұрды кіріспей.

Өзін-өзі мақтаған,
Өзгелерді даттаған
Өркөкірек, мақтаншақ
Мін тапқыш-ақ басқадан.

ӨРМЕКШІ МЕН ШЫБЫН

Өрмекші құмар еңбекке,
Өрнегін салып өрнекке,
Керіпті торын бұрыштап,
Келіпті шыбын көрмекке.

Өнермен алға басқанды,
Өзінен солай асқанды
Жақтырмай шыбын күйініп,
Жасамақ болды қастандық.

Көре алмай жүрген көп күндеп,
Өрмекті соқты екпіндеп.
Шырмады торға өрмекші,
“Шын ажал саған жетті”, – деп.

Достығын қайтар, түңілме,
Қастығың жетер түбіңе.

ҰРЫ ШЫБЫН

“Шырын—ақ” деп шырынды,
Шыбын келіп ұрынды, —
Шырын оған жабысты:
Шыбын қорқып, “жаны ұшты”.

Қорғап жаудан шырынды,
Ұстап алдық шыбынды:
Алған жұрттың мазасын,
Алды шыбын жазасын.

Ұқсап шыбын бұзыққа,
Ұрлық іске қызықпа.

ҚҰЛТАЙ МЕН ҚҰЛТЕМІР

Жаңа ғажап Құлтемір:
Жаны ток пен қыл темір.
Оның ісін жүйелі
Оқушылар сүйеді
“Сымды адамның” өнері —
Сын айтудың шебері:
Адам қандай екенін
Ашық айтар мекерің
Құлтай бала ерігіп,
Құлтемірге желігіп,
Сұрақ қойды жақындап,
Жауап берді ол тақылдап:
— Мені достар сынайды,
Әділетті, шынайы
Сынды қабыл аламын.
Айтшы қандай баламын?

— Айтсам саған шыным деп,
Аңғармаған мінің көп:
Кергіп жүрсең, “ірісің”,
Кесірлісің, қырыссың —
Кержалқаудың бірісің.
Өтірікші — суайтсың...
Өстіп мінді кім айтсын?
Құлтемірге өкпелеп,
Құлтан оған өктем кеп,
Ұрып қалды жез жоның,
Ұрып алды өз қолын.

Өз мініңді білмесең,
Өкпе айтасың кімге сен?

ҚОЯННЫҢ АРМАНЫ

Болса қасқыр тышқандай,
Қорқыныш жоқ ешқандай.
Мерген мылтық атпаса,
Қақпан жолда жатпаса,
Батыр қоян болар ем,
Батыл ноян болар ем!

МАҚТАНШАҚ БАҚА

Бақа шығып жағаға
Байқап тұрған балаға
Деді: — Мені, әй бала,
Спортшы деп бағала!...

– Нағыз жүзгіш екенмін,
Сүңгіп те алыс кетемін!
Жарыссам да қашыққа
Жұрттан бұрын жетемін!...

Бала келіп көл жаққа:
– Жүзісейік кел, бақа! –
Деп балықша сүңгіді,
Шоршып кетті көлбақа.

Артықпын деп өзгеден,
Өз шамасын сезбеген
Мақтаншақтан бақадай
Аулақ қашып, без дер ем.

ТОҚЫЛДАҚ

Тоқылдақ тоқылдап:
– Тоқ – тоқ, то–қыл–дақ...
Орман күйшісі – өзім дейді –
Бұлбұл әнін сезінбейді.

ҚЫРШАҢҚЫ

Қатарға жетіп еді сары құнан, –
Қыршаңқы көк дөненнің “жыны қозып”,
Аямай тістеп алды сауырынан
– Су мұрын, барасың, – деп, – менен озып?!...

ЖАПАЛАҚ

Қаршыға айла асырып, күшін салып
Отырды кекілікті ұстап алып.
Жем алған қаршығадан үміттеніп,
Жапалақ жарбандайды күліп, төніп:
“Сіз боп, біз боп алдық қой!
Бір қуанып қалдық қой!”

ТАЛ ЖЫЛАП ТҰР

Тал бұтағын ойыпты —
Талап атын жазыпты.
Көркемдігін жойыпты,
Тал мұңайып, азыпты.

Тағылғандай бар атак,
Талапқа бұл ұнап тұр.
Жазу орны — жарақат,
Жазықсыз тал жылап тұр.

Талда да бар тіршілік,
Күт, тіксең де бір шыбық.

ҚЫЗҒАНШАҚ БАЛАПАН

Үзім нан тауып,
Балапан қашты,
Басқаға қимай,
Өлердей састы.

Зәресі ұшты,
Әлекке түсті.

Қыт — қыттап тауық,
“Таласпа” деп жүр,
Ол қашып, нанды,
Бір өзі жеп жүр.

Тойса да өзі,
Тоймапты көзі.

МАҚТАНШАҚ ЛАҚ

Сымбатты кербез — ақ —
Сүйкімді ақ лақ.
Болса да көрікті,
Мақтаншақ ол бірақ,
Мақтан қып ақтығын,
Баспайды аптығын,
Мұрынын шүйіріп,
Дейді: “мен жақсымын!”

Дуалдан асыр сап,
Қарғыды мақтаншақ.
Ақырды болды ақсақ,
Ол енді жасқаншақ.

ӨШ АЛДЫ

Ақ күшік мысықты,
Жазықсыз тысқыртты.

Мысық кілт тоқтады,
Күшікке оқталды.

Кежілдеп тұрмады,
Мұрнынан тырнады.
Алды да “сыйлығын”,
Қысты ол құйрығын.

КҮШІКТІҢ ЕРЛІГІ

Цирктік жарнама,
Бар еді аулада.
Жолбарыс суретін,
Көрді де ол – үрді өкім.

“Мысықтың төресі,
Күшімді көресің!”
Суретті қарпыды,
“Жеңдім”, деп шалқыды.

Осындай өрмінез,
Болады кейбір ез.

ҚҰМЫРСҚА

– Құмырсқа, құмырсқа,
Ерте шықтың жұмысқа,
Болсын да бір тынысың?!
– Көбейеді ырысым,
Илеуім толық тым,

Байлыққа молықтым.
— Мол екен бейнетің!
— Сондай мол зейнетім.

ЕШКІ МЕН ЕРМЕК

— Ешкі қайда барасың,
Егін бар ғой алдында?!
— Ермек, жақсы баласың,
Енді мені аңдыма!

— Мақтан сүйгіш мен емес,
Маңырама, кейін қайт!
— Малға зеку жөн емес,
Маған мұны кейін айт!

Тапжылтпастан естіні,
Тапты Ермек айланы,
Тамсанған сол ешкіні!
Таяғымен айдады.

САРЫ МАСА МЕН ИНЕЛІК

Сары маса қыңыр — ақ,
Келіп еді ыңылдап,
Абайсызда қоныпты,
Шекемнен қан сорыпты.

Қашты менен именіп,
Куды оны инелік,
Жау ұзаққа ұшпады,
Инелік дос ұстады.

ҚОЯННЫҢ КӨЖЕГІ

Ақ қоянның көжегі
Айнымаған өзі еді:

Андып тұрып шоферді,
Автобусқа отырды.

Барыс сақшы кеп қалды,
— Билет қайда? — деп қалды.

— Әу, қоянның көжегі,
Әкел билет тез! — деді.

— Алып едім бұрын! — деп,
Көжек отыр дірілдеп.

Барыс оны сол сәтте
Басып алды суретке...

— Неге тұрсың қалтырап,
Табаныңды жалтырат!

Барыс сурет іліп жүр:
Жұрт көжекке күліп жүр.

Көрсен намыс, жас бала,
“Көжек” болу масқара!

МОЙНАҚТЫҢ ЕРЛІГІ

Түн болғанда “қауі” көп,
Мойнақ үріп әуілдеп,
Қарайғаннан қорқады,
Үйге қарай жортады.
Сүйткен біздің Мойнақты
Жұрт “сақ ит” деп ойлапты.

СОНА МЕН ӨГІЗ

Өгізді сона менсінбеді:
— Мал жаманы сенсің! — деді.
Өгіз зейінді еді:
Өсекке кейімеді.
Түр еді қасынып,
Өгізді сона басынып,
Мазалап жанын,
Сорып алды қанын.
Өгіз құйрығымен салып қалды,
Сона талып қалды.

КҮРКЕ ТАУЫҚ

Қанаттарын күржитіп,
Құйрығында да дүрдитіп,

Күрке тауық сызданды:
Жемді жұрттан қызғанды.

Оңбайтынның мінезі:
Ойлайтыны бір өзі.

БЕГЕМОТ

Бегемотта жаңа мода киіпті,
Жұрт сүймейтін киімдерді сүйіпті.
Маңғазданып аралап жүр көшені,
Жұрт күліп “бұл жынданған ба” деседі.

Ал бегемот “қызықтырдым халықты”, —
Деп өзінше бір қуанып қалыпты.

ТЫШҚАННЫҢ ЕРЛІГІ

Мысық тышқанды көріп қалды:
“Мәу” демей, өтірік өліп қалды.
“Сұлады дұшпан!
Құлады мықты!”
Деп тышқан
Мысықтың басына шықты.
Тышқанды сор қамап,
Мысықтың жорғалап
Аузына жақындады,
Сөйтіп, қапы қалды.
Көзін қысып,
Жатқын мысық —
“Тажал” екен!...
Тышқанды құтыртқан
Ажал екен!

КӨЗ БЕН ҚОЛ

Таудай істен көз
Тартыныпты тез, —

— Демде бітер ол! —
Деп, кірісті қол.

Еңбек етсе қол,
Ең зор батыр — сол.

ҚАЙНАР МЕН ӨЗЕН

— Анаңмын! — деген қайнарды
Кекетті өзен сайдағы:
— Көпіріп ақтым сенсіз — ақ,
Көкіме сөзбен қайдағы!

Ассаң да өмір көгіне, —
Анаң бас и, тегіңе!

АРЛАН МЕН ҚОЯН

Арлан мен қоян достасты, —
Арасы аян дос — қастың:
“Жарқыным — қоян!” — деп қойды, —
“Жарқынын” ноян жеп қойды.

Асырып залым айласын,
“Достасар” ойлап пайдасын.

САҒАТ ПЕН ҚОҢЫРАУ

Қоңырау соғылды да сылдырлады:
“Сағатты жүргіздім!” — деп, сынғырлады.
Ал сағат өз міндетін атқарғалы,
Ақырын сыртылдады, — мақтанбады.

Мақтаншақ қол соғады омырауға:
Ұқсайды сылдыр, қуыс қоңырауға.

КІРПІНІҢ АМАЛЫ

Көп емізіп майлы сүттен
Шөжектерін жайлы күткен.

Кербез кірпі сақ ісіне,
Келді жортып бақ ішіне.

Желмен түскен шиелерді,
Жерден кірпі иеленді:

Инесімен түйреп алды,
Икемделіп інге барды.
“Амал тауып асыраған
Ардақты ғой асыл анаң”.

ТАС ПЕН ГҮЛ

Қара тас күнге қызынып,
Қарады гүлге қызығып:
—Шіркін — ай, қандай керімісің ?!
Бір тынбай сайрап сен үшін,
Бұлбұл құс теңеу таппады,
“Гүл — гүл!” деп сені мақтады.
Мақтаған сені ақындар,
Мақтанам десең, қақың бар!
Көркемдік берген Жер — анаң
Еркелік жаса сен оған...
Күн сүйіп, жайнап гүл тұрды,
Нұр жиып, ғажап құлпырды:

– Еркелік менің не теңім:
Көркімді мақтан етемін.
Көркімнен әлем әсер ап,
Көркейсе, сол да жетеді.

Қос-қосынан көп шар бар:
Қызыл, сары, көк шар бар,
Жасыл, сұры тағы бар...
Жалпы санын табыңдар.

Үш бұрыштар үшеу:
Төрт бұрыштан үшеу —
Барлық бұрышы нешеу?

Қорабымның сыры бар:
Сана, қанша қыры бар?
Сана барлық жақтауын:
Санын білсең мақтармын.

Он метрлік ауланың
Бес метрлік ені кең:
Білсең оның ауданын
Білгіш дейін сені мен.

Тоғызда кеп сабаққа,
Іс бітірдім санап та.
Бірде бітті оқуым:
Қанша сағат оқыдым?
Ешкілерім — бесеу:
Емшектері нешеу?

Тайжан тапқан
Он жаңғақтан
Екіден — ақ
Еппен санап,
Балжан алды,
Әлжан алды,
Қалжан алды,
Қанша қалды?

Ала шапан киініп,
Дарбыз жатыр үйіліп,
Дарбыздарды шетінен
Санап шықтым екіден:
Бесеу болды жұп саны,
Нешеу болды түп саны.

Матай, Мақан,
Алтай, Ақан,
Жантай, Жақан,
Қаныш ағам бар:
Қанша ағам бар?

Ақ саулық та егіз тапты,
Көк саулық та егіз тапты.
Қанша саулық неше қозым?

Санын айтшы білсең өзің.
Менің көп—ақ құлындарым:
Жирен, торы, бурыл, сарым,
Айқасқам мен мен бурылжалым...
Айтшы қанша құлын барын.

Дастарханда торта бар,
Қазы, жая, қарта бар,
Көкөніс пен шырын бар.
Қанша тағам түрі бар?

Екеу—екеу,
Үшеу — екеу.
Қос—қосынан
Қосса нешеу?

От басында —
Дәл қасымда:
Шешем, әкем,
Інім, әпкем,
Атам — жалғыз.
Қанша жанбыз?

Наным дайын қалаған:
Тоқаш, шелпек, таба нан,
Жаппа, бөлке, самса тұр:
Санап көрші қанша тұр?

Інісі мен досын
Сыйлау үшін Қосым
Алма сатып алды.
Сатушыда алма
Екі есе көп қалды:
Алған алма — бесеу,

Қалған алма нешеу?
Оу, жараңдар, жараңдар,
Бұл қызыққа қараңдар:
Бір кітапта қанша бет?
Білмей отыр Қамшыбек.
Отыз парақ санады,
Он бет тағы қарады.
Көне, санап көріңдер,
Досқа көмек беріңдер.

Алмас, Асан келісті,
Алма жинап, бөлісті.
Арасында бір алма
Айтыс болды бұларға:
Асан берсе, алмасы
Үштен бірі кем болар,
Алмас берсе, алмасы
Асанның да тең болар.
Алма санап көріңдер,
Екіге тең бөліңдер.

Тоғыз тоқылдақ,
Сегіз шіңкілдек
Бір—бірден торт алды.
Үш—ақ торт қалды:
Өзің бірін ал,
Санын біліп ал.

Немерем бесеу,
Келінім екеу,
Өз балам нешеу?

Бір әпкем және үш інім,
Ағайым — Асқар, Мүсілім,
Әжемді қоршап аламыз:

Бір үйде қанша баламыз?
Қос шардан
Достарға
Бердім Бек,
Оспанға,
Асқарға...
Өз шарым
Аспанда
Қанша шар, қосқанда?

Буыршын мен атан бар,
Тайлағым мен ботам бар,
Үш інгенге иемін:
Санын айтшы түйемнің.

Әктеп, жинап үйімді,
Өтектедім киімді;
Еден шаңын сыпырдым:
Қанша жұмыс бітірдім?

Дүйсенбай мен Сейсенбай,
Сәрсенбай мен Бейсенбай,
Жұмабай мен Сенбібай,
Жексенбай да сонша бай:
Бір әулетте қанша бай?

Алдында үш балапан,
Артында үш балапан,
Ақ тауықты қосқанда
Саны қанша, балақан?

Қос теректің басында
Қос—қос қарға қонып тұр.
Қос жұп екен расында,

Саны қанша болып тұр?
Бес жұмыртқа бес жерде,
Тағы бестен үш жерде
Қанша болар барлығы
Бір қазанға түскенде ?

Жетен жеті,
Жекен жеті
Алша жеді.
Қалды он алша,
Бәрі қанша?

Оң қолымда бес өрік,
Сол қолымда бес өрік,
Саған берем барлығын.
Алатының неше өрік?

Бес құлынды биені
Бесікбайға айдаттым,
Қызыл сары биені
Қымыз үшін байлаттым.
Есептеші ал енді:
Неше бием бар енді?

Қос арбаның доңғалағы
Қанша қоссаң, он болады ?

Төрт биенің емшегі,
Төрт түйенің емшегі
Қанша екенін айта ғой,
Көп Білгіш дейін мен сені.

Машинаның бесеуін
Егінжайға жібердім,
Машинаның бесеуін
Еділбайға жібердім.
Жұмсадым сонда нешеуін?...
Білмей тұрмын есебін...

Бір—бірімен жарысқан
Төрт аю, бір арыстан,
Үш қоян, бір мәлін бар...
Бәрі нешеу, табындар...

ҚАНША АҢ?

Екі жерде екіден
Бұлан оттап жүр екен,
Екі жеде екіден
Құлан отта жүр екіден

Санын айтсаң қарағым,
Саналысың, жардың!

ЕСЕН ТӨЛІН САНАЙДЫ

Бір бұзау, қос құлыншақ,
Үш ақ лақ—қуыршақ,
Малын санап Есенім,
Білмей қойды есебін.
Есептейік, кәні, біз:
Есен досқа бәріміз.

Көмектесіп көрейік,
Сан үйретіп берейік!
Әпкем, інім Бекен бар,
Әкем, анам, көкем бар,
Әжем, атам, бабам бар:
Біз қаншамыз санаңдар.

Бөпеме бөкпен бердім
Көкеме сөктен бердім:
Әкеме Әсіп бердім,
Қанша ас асып бердім?

Былдыр-былдыр бүлдіршін,
Білгір бұл бір бүлдіршін
Бұл бір білгір бүлдіршін,
Білгірлігін білдірсін!

– Тайлақ қайрандай ма?
Шабак тайрандай ма?
– Тайлақ тайрандайды,
Шабак қайрандайды.

Аханның хат хабарын
Жинақтап, қаттап алдым.
Хатыма хаттар алдым
Хабарға хаттан қандым.

Аршабек арша деп шыршаны,
Шыршабек шырша деп аршаны
Шатасты күлдіріп баршаны:
Шырша деп, арша деп шаршады.

Қызықты қызықта,
Қызықпа бұзыққа.

Бір қауым
Қырғауыл
Сырға ауып,
Жырғап жүр.

Айбүбі
Қай күні
Бөйгіні
Алудан
Айныды.

Күлегеш
Тілеулес
Бұл емес.
Кіл егес
Шығарғыш
Бұл — Елеш.

Тағай ағай,
Ағай— Бағай...
Ағайша да
Ағайға бай.

Барақтарды
Барақтадым:
Санап бөрін
Сараптадым.

— Қарыс—қарыста,
Алыс—ғарышта.
— Қарыс алыс па,
Ғарыш алыс па?

Көбек бөбекті
Бөлек бөлепті,
Бөлеп бөбекті,
Жөргектемепті.

Айтшы сен, Дәметкен,
Дән көп пе, дәнектен?
Дәмет, тек дән ексең,
Дәметпе дәнектен.

Сауытбек саулықты
Саурық деп даурықты,
Саулықты саулық де,
Саурықты саурық де.

Ермектің өрегін,
Кергемін, көргемін!
Өрнектеп өрнегін,
Өрмектеп бергемін.

Ермін десең,
Ерінбе сен:
Еңбегің мен
Еліңе сен!

Шаш ал, — қас алма,
Ас ал: қасарма!

Ашу—шаншу:
Ашу басу —
Басу шаң — шу:
Шаншу басу.

Шайқор сусайды,
Сай ор: су шайды.

Ақыл, нақыл ал да, —
Ақыры қапыл қалма!

Сапалы Сабыр сабырлы,
Сабырмен Сабыр сарылды, —
Сақтады Сабыр сабырды, —
Сабырсыз Сағыр сабылды.

Кірпішті кім қалайды,
Құр құсты кім қалайды.

Асқа бас сап,
Аспа—саспа.
Сассаң, бастап
Астан аса.

Қыңқыл—сыңқыл
Қыңқылдан.
Күңкіл—мыңқыл
Күңкілден.

Қыбыр—жыбыр,
Жыбыр—сыбыр —
Сыбыр — жыбыр...
Бұл не дыбыр?!

Қала салсаң,
Шала салма:
Аласа там
Саласалма.

Шешем — шешен.
Шешен десең,
Көсем десең,
Шешеме сен.

Жақау—жалқау,
Жалқау, аңқау.
Аңқау жалқау —
Жалқау Жақау.

Тайқарбайдың
Қайсар жайын,
Жайқарбайым
Байқар дәйім.

Құлық бар құлақта,
Құлақ бар бұлақта.
Құлықты ал құлақтан,
Құлақ сал бұлаққа.

Топбасшы,
Тоқташы!
Допты алшы,
Топбасшы!

Ордабасым,
Ортадасың:
Ордаға мұң
Орнамасын.

Пыр-пыр — құр-ақ құр,
Бір... бір — бір-ақ құр;
Бір... бір — қырық бір:
Қырық бір — қырық құр.

Піспектің күнұзын
Піс депсің қымызын,
Піспекпін күнұзын, —
Ішпек кім қызығын?

Былдыр-былдыр бұлақтан,
Сылдыр-сылдыр су аққан,
Су ақ суат, бұлақтан
Су ақ суат суаттан.

Құлан қандай?
Бұлан қандай.
Шапса құлан
Озбас бұлан.
Бұлан сондай, —
Құлан қандай?

Кеспе, өссін тал
Өспе өсімтал,
Өссе өссін тал
Кеспе, өссін тал.

Сыйлы сыйласыңа,
Сыйлы сыйға сыйла,
Сыйды тыйма, сыйла!
Сыйды сыйла, тыйма!

Інім менің —
“Гүлім” дедім.
Күнім менің,
Күлімдедің.

Сырық — қырық,
Құрық — қырық.
Қанша болды
Құрық, сырық?

Ұрлық тірлік пе?
Тірлік — бірлікте!

Тіләлғыш Бек,
Тіләлғыш деп
Мақтасақ біз,
Біл алғыс деп.

Баласың ба?
— Баласынба!
Данасың ба?
— Данасынба!

Бекен, Төкен,
Тете екен.
Тете үлкені
Бекен екен.

Ол досың ба,
Жолдасың ба?
Ол досым да,
Жолдасым да!

Бәлем — Бөден
Бөден — кеден:
Кеден бөлем
Келем деген.

Әпкем Әшен
Әбден әсем:
Әсем әпкем
Әшен – әсем.

Оңғақ оң оңады,
Оң оңар, оңады:
Оңса оң оңғаны,
Оңған соң оңады.

Сыңғыр, сыңғыр, сылдырмақ,
Сыңғырлап тұр, сылдырлап:
Сылдырлақ та, сыңғырлақ
Сылдырмақты сылдырат.

Қаңтарда
Әр таңда
Аңдарға
Азық шаш
Қаңтарма.

Жағаның оңы – оң болар,
Жаңаның өңі – өң болар:
Оңды – оң де,
Өңді – өң де.

Домбыраның
Оң бұрауын
Оң бұрадым, –
Оң бұрадым.

Ініңе күніге
Күлімде ініңе.

Ініңе “күнім” де:
Күлімде күніге.

Күн тізгенмін:
Күнтізбемнің
Күнтізбегін
Күнде үзгенмін.

Аялдамаға
Аялдамада да,
Даяр арбаға
Даярлан, бала.

Ұйқы сиқы —
Қиқы — жиқы.
Сиқым сиқы —
Қиқы — түйқы.

Кергімендер:
Кергігендер —
Ерінгендер.
Ерінген Кер,
Ернің кебер.

Сары аралар —
Бал аралар.
Тал аралар
Тағы ара бар.

Жаппа жап та,
Қат — қабаттап,
Қапқа қаптап,
Қапта сақта.

Қызығы қымыздың —
Қызуы күн ұзын.
Күнұзын қызуы —
Қызығы қымыздың.

Бөкпен жеген
Бөпем екен, —
Бөпем бөкен
Төккен екен.

Доста сәнім:
Достасамын.
Достас жаным
Досқа мәлім.

Илан біліп:
Имандылық —
Иман, білік...
Сыйлан біліп.

Сан қарар
Сағатқа
Сабақта:
Санат та
Сабаққа
Салақ па?

Бөбекті
Өбектеп,
Бөбек деп
Көп өппе.

Сабыр, Садыр —
Сабырлы:
Сарқымайды
Сабырды.
Сабырсыз Сәт
Сан ұрды.

Қар жауа
Қарға да
Қаңқылдар:
Қарғаға
Қарама,
Қарасаң,
Қарғама!

Күннің — ініне
“Күнім — інім!” де:
Күнде ініңе
Күлме, күлімде.

Апасының ағасы да
Ағасы да, нағашы ма?
Нағашы да —
Ағасындай ағасы да!

Қораздар қоқылдап,
Қоқымды шоқып ап:
Қоқымға—ақ қоқылдап,
Таласты топырлап.

Көбелек — бедеде,
Бөдене көдеде,
Беде не?

Көде не?
Бөдені беде де,
Көдені көде де!

Алты алманы алды Алма
Алды алманы Алдан да,
Алдан, Алма алды ма
Айтшы қанша алды алма?

Асқаржаным —
Ашқарағым,
Асқа барың
Бастан мәлім.

Жұрағаттармен,
Жырақ кетемін,
Ракетамен
Бір—ақ кетемін.

— Тікұшақты —
Тік ұшпақты
Ұшырамын!
— Ұшыр, жаным!

Суға жусай бусайды,
Сусыз жусай сусайды;
Суғар Шубай жусайды,
Жусай суға бусайды.

Жиектік
Шие ектік
Шиені
Жиі ектік

Көрікті
Өрікті
Өрік қыз
Теріпті

Жүзімді
Үзуді
Түзуді
Біз білдік.

Алма бұл
Алманы
Алмагүл
Алмады.

Шырынжан
Шырыннан
Шырын бал
Шырын ал.

Әңгірбайдың
Таңғырбайы
Таңқурайды
Танымайды.

СУАЙТ

Әкесін де алдайды,
Шешесінде алдайды:
Алаңғасар суайттың
Ар — ұяты қалмайды.

ҚЫРЫС

Тындырмастан бір іс,
Іздегенің — ұрыс:
Қырсық болып бізге,
Қыңырайма, қырыс!

ӘДЕПСІЗ

Қарттарға орын бермейсің,
Мініңді өзің көрмейсің,
“Әдепті бол!” — деп, әлекпіз,
Әй, әдепсіз, әдепсіз!

СҮЙІНБЕК

“Анау жұмыс — қиын!” — деп,
“Мынау жұмыс — қиын!” — деп,
Істен безер құйын боп:
Сүйінбекте түйін жоқ!

ЕРІНШЕК

Асқа дайын — еміншек,
Іске дайын телімсек,
Жарымаған өмірде,
Жарым адам — еріншек.

ШІҢКІЛДЕК

Шыбық тимес шынқ етер,
Сөзге келмей қынқ етер:
Шіңкілдекке тиендер,
Шишадайын шырт кетер.

ҚАРАБАЙ

Қарабай—ау, Қарабай!
Жан—жағына қарамай,
Қайда барыл жығылдың:
Үстің — батпақ, қара май!
Әй, Қарабай — қара май!

КІМСІҢ?

Сыйламай өз ағасын,
Ұстай алған жағасын.
Тәтесін де налытқан,
Тәртібі жоқ баласың!

СЕКЕН

Біздің Секен —
Қызық екен:
Үш түймесі
Үзік екен.

КҮНШІЛ

Қасыңды да күндейсің,
Досыңды да күндейсің:
Жамандыққа жан салып,
Жақсылықты білмейсің.

ҰРЫСҚАҚ

Болымсызға құрыстап,
Болып алдың тырысқақ:
Ашуыңды тия алмай.
Айқайлайсың үялмай.
Алжастың ба жын ұстап,
Ау, тырысқақ — ұрысқақ?!

АШУЛАНШАҚ

Арыстанша арсылдап,
Қаһарланып қалшылдап,
Ақылыңнан ауыстың,
Өзіңе—өзің жауызсың.

ТОПАС

Есепті білмейсің, —
Есепті білетін
Есетті күндейсің:
Өзіңді кім дейсің?

ЖАҢҒАЛАҚ

Өз шашыңды тарамай,
Ұмытатын қарамай:
Жаңыласың тақпақты
Жатқа айтуға жарамай.

ДӨРЕКІ

“Сіз” дегенге “сен” дейсің:
Әдептіге көнбейсің.
Әй дөрекі, қашан сен
Мінезінді жөндейсің?

САТПАҚ

Сабалақ сатпағым,
Саған кім қарайды?
Бетіңнің сатпағын
Күшігің жалайды.

МАҚТАНШАҚ

Білгішпін! — деп, елеңдеп,
Білгіш жан жоқ менен! — деп
Айғай салдың аттан сап,
Әй мақтаншақ! Мақтаншақ!

МЫЛЖЫҢ

Бір сөзіңді мың айтып,
Тыңдағанды мұңайтып,
Мылжың, жағың тынбады,
Кім сөзіңді тыңдады?

БҰЛ НЕ?

Басып қалсаң түйінін,
Ақпараттың дүйімін,
Көрсетеді мәлімдеп,
Іші толған мәлімет.

(Компьютер)

БҰЛ ҚАЙ ҚҰС?

Әрбір құсқа ұрынбайды,
Ән сал десең, шырылдайды.

(Торғай)

Әсем бақта ән салады:
Әніне жұрт тамсанады.

(Бұлбұл)

Әр жағада шарқ ұрады,
Ән сал деп ек, шаңқылдады.

(Шағала)

Ән сал десең, тартынбайды,
Әншімін деп, қарқылдайды.

(Қарға)

БҰЛ ҚАЙ ТӨЛ?

Енем жоқ деп, маңырайды,
Енесі келсе, жамырайды.

(Қозы, лақ)

Енесінен озбайды,
Ертелі—кеш боздайды.

(Бота)

БҰЛ КІМ?

Босқа қарап жатпаймын,
Бақша күтіп баптаймын!
Балаларға ең шырын,
Балдай қауын сақтаймын!
Мен кіммін?

(Бақшашы)

Аямаймын барымды,
Аштырмаймын қарныңды:
Томсыраймын кел, күнім,
Тойғызамын бәріңді!
Мен кіммін?

(Аспазшы)

БҰЛ НЕ?

Тынбай саған жем беріп,
Тұрмыз істі меңгеріп.
Мойны ұзын түйе құс,
Мол астықты үйе түс.

(Астық тиегіш)

Қызық-ақ
Тызылдап.
Жарқылдап тез жанғаны
Сом темірді жалғады.
(Электр дәнекерлегіш)

Тұтқасын ұстап мығым бас,
Тұмсығы болат тығын бас:
Омырып тас көмірді,
Ояды бетон, темірді.
(Электр бұрғысы)

Пырылдар көкте инелік
Инелік емес, үй көлік.
(Вертолет)

Жалы – темір,
Жолы – темір
Шымыр атты
Зымыраттым.
(Трамвай)

Темір сирақты
Үлкен жирафты
Жұмсап көр енді:
Үй сап береді.
(Көтергіш кран)

Тұмсығы – қалақ,
Тұрмайды қарап:
Тау – тасты құлатады.
Тегістеуді ұнатады.
(Бульдозер)

Жылқы сауыр,
Жылан бауыр,
Темірден жүрегі,
Іс жайғап жүреді.
(Трактор)

Көкшіл айна үйдегі
Көрсетті көп киноны.
(Теледидар)

Жүйткіген дәу үйінді
Жүйрік деп, ел сүйінді:
Тас жолда жұртты тасып жүр,
Жылдамдыққа басып жүр.
(Автобус)

Тағамы—ток, қаны—май,
Тарсылдаған “әнін”—ай.
Тегіс тіркеп үйлерді,
Темір жолмен сүйреді.
(Тепловоз)

Сабан той бастап.
Салады әнді.
Сабанды тастап,
Сапырар дәнді.
(Комбайн)

Көптен күтіп, сағынған атам келді
Алтын алқа тағынған апам келді.
(Аяз ата мен шырша)

Төбедегі сылдырмақ
Төмен түсті құлдырап,
Сылдыр—сылдыр сылдырмақ
Сынып қалды сынғарлап.

(Сүңгі мұз)

Ізі жоқ, — жаны бар,
Құйрық пен жалы бар:
Теңіз, көл өзеннен
Тез ұстап алындар.

(Балық)

Гүлденгіп түздерде,
Гүл еккен қыз келді:
Гүлшіні көріндер,
Гүлдерін теріндер.

(Көктем)

Қара таудай буралар,
Қара бұйра шудалар,
Бура жерге шөгеді:
Бұлау терін төгеді.

(Бұлт пен найзағай)

Мұрны насос, кран да,
Таңғаламын бұл аңға.

(Піл)

Берсең бұйрық,
Оқтан жүйрік:
Самұрықтай самғады,

Көктен өтіп,
Айға жетіп,
Жеңілдеді салмағы.
(Ғарыш кемесі)

Дәу көпірім аспалы
Құлпыртып тұр аспанды.
(Кемпірқосақ)

Жоғары, төмен зымырап
Жүріп тұрған үйім бар.
Ол тоқтаса, біздерге
Биікке шығу қиындар.
(Лифт)

Бір көз бар көреген,
Бірақ жерді көрмейді.
Мен тұрған өреден
Аспанды көр, —дейді.
(Телескоп)

Қабырғасы шойыннан,
Омыртқасы шойыннан,
Жылыту үшін бөлмені
Үй ішіне қойылған.
(Жылу батареясы)

Атқанда таң арайлы
Ақ қанатын тарайды,
Жүппен жүзген бұл құсқа
Жұрт қызыға қарайды.
(Аққу)

Жазда күннің ыстықтығын көрсеткен,
Қыста суық аязды да өлшеткен.
Күннің ыстық, суықтығын байқатар...
Цифр қойып, сызған әрбір бөлшектеп
(*Ауа термометрі*)

Құлағының қыбын тап:
Қос ішегі дыңылдап,
Әуезді үнін шығарса,
Ән саламын ыңылдап.
(*Домбыра*)

Шыңымда қос қарауыл, екі тыңшы,
Иісшіл сабазым бар әрі сыншы.
Кемерде тізбектеліп отыз батыр,
Бәрі де маған қызмет етіп жатыр.
(*Көз, құлақ, мұрын, тіс*)

Күнде оған жұрт қарайды:
Күн мен айды санайды.
(*Күнтізбе*)

Тілі тәтті,
Ұйқысы қатты.
Күлкісі—күннің,
Бұл сенің кімнің?
(*Бөбек*)

Аппақ дейді аппақты,
Сатпақ дейді сатпақты.
Өзіңді де өзіне
Көрсетеді көзіне.
(*Айна*)

Жанды “мотор” сынбайды,
Күні—түні тынбайды.
Оның кейде жүрісін
Дәрігер де тыңдайды.
(*Жүрек*)

Аспаныма толды да,
Ақ көбелек қалқыды:
Ақырын кеп қонды да,
Алақанда балқыды.
(*Ақша қар*)

Сымға жалғанып,
Сыммен байланды;
Ол келсе шам жанып,
Моторлар ойнайды.
(*Электр тоғы*)

Әйгілеп үш сөзді
Бір дәу түр үш көзді:
Оған жас—кәріміз
Бағындық бәріміз.
(*Бағдаршам*)

Өзі бір паң
Жұтқаны шаң,
“Тазалықты сақтайды”,
Деп мамам оны мақтайды.
(*Шаңсорғыш*)

Жазда жылы киініп,
Қыста киім кимейді:
Жеміс берер иіліп,
Меңмендікті сүймейді.
(*Жеміс ағаш*)

Темір өңеш
Тегін емес;
Жер астына,
Әр тасқынға
Жатты құлап,
Атты бұлақ.
(Артезиян құдығы)

Бұлт емес, жел емес,
Бұлттарыңнан кем емес:
Төгіп өтсе нәсерді,
Егін жайнап өседі.
(Жаңбырлатқыш)

Ақ аю үйде тұр екен:
Жек көргені— кір екен.
Ыңырана бұрқырап,
Блай құсып тұр екен.
(Кір жуғыш машина)

Тыр — тыр етіп,
Қырға жетіп,
Шым төңкеріп ойнайды,
Еңбек тойын тойлайды.
(Трактор)

ШЕШУІ ҰЙҚАСАТЫН ЖҰМБАҚТАР

Оған ой бөлемін:
Күнім деп өбемін.
Бесікке бөледім.
Ол кімім?
— Бөбегім.

– Еңбек десе, ерінеді:
Ерінуге беріледі
Іске марғау.
Ол кім?
– Жалқау.

– Жанжал десе, жаны құмар:
Кішілерді күшпен сынар.
Өзін мақтар.
Ол кім?
– Сотқар.

– Тыңдырмай бір іс,
Іздегені – ұрыс.
Ол кім өзі?
– Қырыс.

– Ілесіп бір қойға,
Күнесіп жүр ойда.
Бар қарасы, бозы...
Ол не өзі?
– Қозы.

– Іскер оған сенбек:
Қиындықты жеңбек.
Ол немене?
– Еңбек.

Жаңа дидар,
Көне дидар
Көп көрсетіп,
Қызық сыйлар.
Ол қандай зат?
– Теледидар

– Сүзгіде жатып,
Қоюға батып,
Кептірсек жайып,
Құрт болар қатып.
Ол не?
– Қатық

– Биік–ақ асқан!
Күн нұрын шашқан,
Кейде бұлт басқан.
Ол не зат?
– Аспан.

– Үш түрлі боп жанған шам:
Үш түрінде мән бар шам.
Жол көрсетер аңғарсаң.
Ол қандай шам?
– Бағдаршам.

– Көрсек мәз боп қаламыз,
Сыйлап, тілін аламыз
Бәрімізді сүйетін
Ол кім? Біздің...
– Анамыз

– Онсыз болмас жолымыз,
Сыйлап құрмет етеміз
Тілін алсақ оның біз
Зор мақсатқа жетеміз.
– Ол кім?
– Біздің әкеміз.

– Айналайын інім! – деп
Аймалайтын күні көп.

Келгенінше шамамыз,
Сыйлап, тілін аламыз,
Ол кім?
— Біздің ағамыз.

Анадай маған, саған да
Қызмет жасап оған да
Қызығына батамыз,
Ол кім?
— Біздің апамыз.

Айтып берген ертегі
Қызығына батамыз.
Сыйлы кісі елдегі
Сөзі — өнеге, аты—аңыз
Ол кім?
— Біздің атамыз.

МАЗМҰНЫ

ТАҚПАҚТАР

Бекжан—бөбек	5
Ансарым	5
Қайырлы таң, балалар!	6
Дулат келді мектепке	6
Зерделі	7
Әдептілік салтымыз	7
Сүйем өз тілімді	8
Жаңа күн	8
Балбөбек	8
Жеңешем	9
Рысжан мен атасы	9
Екі дос	10
Айманның санасы	10
Биле, бөбек	10
Айналайын, бөбегім	11
Құтты болсын қадамың	11
Шөбере сөзі	12
Кішкентай қарындасым	12
Ізетті бала	13
Тыныштық керек бөпеме	13
Бақыт деген немене?	14
Иманды бол, шырағым	14
Ата, бізге келіңіз	15
Әпкетайым	15
Менің інім бар!	16
Нағашым	17
Ақ бесік	17
Әдеп пен Әдет	18
Ұят болды	18
Мақтаньш	19
Төл шақыру	19
Ғарышкерлер — жұлдыздар	20
Не ыстық?	21
Кенже бала	21
Бес дос	22

Әжем мен Әлен	22
Бөбегіме	23
Бөпемнің тілі	23
Бесік жыры	24
Тұсау кесер	24
Ағасы мен інісі	25
Ана мен бала	25
Үш дос	26
Қақпақыл доп	27
Алтын қақпа	27
Шаңғы жарыс	28
Жылылық пен ұлылық	28
Уәде	29
Ата сөзі	29
Немерелер сөзі	30
Кішкентай Ғайша	30
Алғашқы қоңырау	31
От шашу	31
Меймандос	32
Бал бала	32
Үйіміздің жұлдызы	33
Иманды бол шырағым	33
Атамның өсиеті	34
Ең жақсы адам	34
Ағатайым	35
Бөпем менің	35
Әдеппен сөйлеп әдеттен	36
Қош бол, балабақшамыз	36
Тыңда, Бекен	36
Мамама сыйлығым	37
Сегізінші наурызда	37
Сыйкәде	38
Жұлдыз	38
Бәйшешек	38
Балбөпем	38
Көктемде	39
Ата, асқа келіңіз	39
Баба әже	39

Сылдырмақ	40
Жаксы көрем анамнан	40
Анаң келді, алақай	40
Қош келдің жаңа күн	41
Туған күні бөпемнің	41
Ақ бөпем	41
Өнерпаз Өрен	42
Әдепті бала	42
Өсірген анамыз	42
Аман болсын анамыз	42
Дастарқан басында	43
Ояншы, ақ бөпем	43
Жорға	43
Көктем гүлін тереміз	44
Бірінші кітап	44
Батыр	44
Әжемнің құшағы	45
Өткеншек	45
Жанат	45
Үлкенді сыйлап әдеттен	46
Қызық кітап	46
Наурыздағы әуендер	47
Орнатамын тыныштық	47
Саяжайда	48
Жәмпіш	48
Нәсерден соң	49
Жағажайда	49
Күнтудың атасы	50
Саналы ұл	50
Ізетсіз бала	50
Құлын	51
Алатау, армысың	51
Байлық	51
Айнакөл	52
Көкемнен үлгі аламын	52
Бақтағы ән – күй	52
Гүлсімнің тәрбиесі	53
Баба әженің қуанышы	53

Аяныш	54
Жасұлан мен атасы	54
Үкі	55
Ел таңбасы	55
Әжемнің кілемі	55
Ақбардың аквариумы	56
Бейнет пен зейнет	56
Метро	56
Парта	57
Табиғатқа дұшпан бар	57
Қос пырақ	57
Қазақ елі	58
Мерей – бөбек	58
Әміржанның атасы	58

ТАБИҒАТЫМ – ТАМАША

“Жеті Қазына”	60
Уыз тойы	61
Алтын таулар	61
Дақылдар әні	62
Бәсіре	63
Тау баласы	64
Құстар не деп сайрайды	64
Жаса, күн, мәңгілік!	65
Қозы күйіс	66
Алтын қала	66
Шыңбұлақ	67
Қыс келгенде	67
Темірқазық	68
Әңгелек	68
Тундра	69
Ақ аю	69
Алып керік	70
Қырғауыл	70
Үкі	71
Бұлдырық	71
Қалбағай	71

Ұлар	72
Қыстың тойы – тамаша	72
Торғайлар	73
Гүл алаңы	73
Шық	74
Жасыл көл	74
Боран	75
Мәу – мішім	76
Тұлпарым	76
Балапан ұшты	77
Қасқыр	77
Сауысқан	78
Планета сөзі	78
Тоғайда	79
Алтын күрек	79
Күнбағыс	80
Ақ бұлт пен қиял	80
Туған үйдің жұртында	81
“Әнші” төлдер	82
Жеміс тойы	83
Лама	83
Колибри	83
Құлан	84
Күздің сәні	84
Шалғын	85
Кемпіркосак	85
Кактус	85
Сілеусін	86
Глобус	86
Көшет	86
Жылыжай	87
Лапын	87
Сонарда	88
Шөжелерді аядым	88
Қарағаш	89
Мизам	89
Табиғатты қорғандар	90
Лактар биі	90

Ара	91
Салма гүлі	91
Тоқыздақ	92
Пингвин	92
Теке	93
Бүлдірген	94
Бақшада	94
Жібек құрты	94
Көл басында	95
Бақбақ	95
Тиін	96
Атжалман	96
Бөдене	96
Киік	97
Аралар өні	97
Тюлень	98
Жарқанат	99
Той маскарад	99
Ондатр	101
Орманда	101
Ақ боран	102
Ерке бұлақ	102
Наурыз көже	102
Даладағы жауын	104
Там, там, тамшылар	104
Бұлт	105
Жыл құсы мен ел құсы	105
Жазғы таң	106
Қошқар	107
Гүл мен жеміс	107
Қар адам	108
Көктемде	108
Тауыс	109
Табиғат – емші	110
Күн	110
Ауа	110
Су	111
Дәм	111

Асказан	112
Спорт	112
Демалыс	112
Сайра, бұлбұл	113
Дельфин	114
Ғажап	114
Жайлауда	115
Жаяу борасын	115
Баобап	116
Қыс пен бала	116
Күн мен нөсер	117
Айдын көлде	117
Бұршақ нөсер	118
Тырна келді	119

КІМ БОЛАМ?

Алып кеме	120
Шеберханада	120
Мұғалім – анамыз	121
Монтер	121
Суретші	121
Бектің арманы	122
Ұстаз ана	122
Өнерпаздар	123
Жас биолог	123
Сіздердей боламыз	124
Басты нәрсе	124
Гимнастика	125
Шайба – шайба	125
Шаңғы жарыс	126
Күйші бөбек	127
Әжем мен Мәжен	127
Әнші қыз	128
Жарасымды киім	128
Ғарышкер – ағамыз	128
Мен паравоз	129
Кішкентай шофер	130

Кішкентай дәрігер	130
Үй – ішіміз – ансамбль!	131
Циркте	131
Металлург	132
Астроном	132
Гербарий	133
Ғарыш кемесі	133
Келешек көлік әмбебап	134
Отанымның ұлымын	134
Кішкентай тігінші	134
Ана тілі	135
Кішкентай атбегі	135
Әдебиет сөйлейді	136
Тақта білімі айнасы	136
Атымтай	137
Дәнекерші	138
Сәгібектің сапары	138
Сағаттың тілі сөйлейді	139
Станок	140
Саяхатшылар	140
Дәрігер	141
Ұста	141
Нұрмаштың еңбегі	142
Бағдаршам	142
Кішкентай ғарышкер	143
Геолог	144
Шебер	144
Атам ұста	145
Өнерпаз бала	145
Емші бала	146
Жанар мен Айгүл	146
Бес міндет	146
Гүл өсірген Гүлсім қыз	147
Талапты бала	147
Жас туристер жыры	148
Диқан болам	149
Білесің бе, досым, сен	149
Өзен	149

МЫСҚЫЛДАР

Күлдіргеннің “модасы”	151
Күлдіргеннің көмегі	151
Өкініш	152
Жедел – жедел басып жүр	152
Күлдірген – боксшы	153
Іс тәртіп	153
Жөндегіш	154
Шаңғышы	154
Аңғал	154
Батыр	155
Қиын сұрақ	155
Мәтек	156
Ана тілі сабағында	156
Таңдау	157
Өкініш	157
Күлдіргеннің кітаптары	158
Капитан	158
Бөпем тәртіп бұзып жүр	158
“Батыр” Қыз	159
Киношыл бала	159
Тұмардың ойыны	160
Күлдірген мен бүлдірген	160
Көркем қыздың бөлмесі	160
Ақылбек пен Мақұлбек	161
Кесір мінез	161
Қияңқы қияс	162
Салжан олақ	162
Кер мен Пес	162
Бөпесі мен “көкесі”	163
Тұрысбек	163
Қорқақ болу өзіңнен	164
Кержалқаудың арманы	164
Жоғалған кітап	165
Санат сабақта	165
Сылдыр сөз	166
Өсек пен есеп	166

Әтен бала қандай – ды?	167
Айдабол	167
Әдеп пен Тәбет	168
Әбігер	168
Күлдіргеннің қиялы	168
Иманның іс тәртібі	169
Салақ сасқалақ	170
Жалғыздықтан жаман жоқ	170
Ұят–ай	171
Балақай мен малақай	172
Ұшқадақ жолан	172
“Жыртқыш”	173
Ана тілі сабағында	173
Кім кінәлі?	174
Еріншек елеш	174
Жаза	175
Болымсыз етістік	176
Бұл кім десем...	176
Ерденнің “еңбегі”	177
“Қиын жұмыс”	177
“Жайбасар”	178
“Зырылдауық”	178
Қазмойын	179
Ойсыз құлақ	179
Досантай не ойлап жүр?	179
Әссе кімді сыйлайды?	180
Көшенің амалы	180
Жапалдың сәні	181
Сөз бен іс	181
Ұрысқақ	182
Мен емес	182
Мөген қорқақ	183
Ақпақұлақ	184
Мірәлі – кінәлі	184
Бұршақ пен бұланбай	185
Додабас – модабас	185
Саяхатта	186
Ұят деген немене?	186

Төкеннің төбеті	187
Тарсылдақ Танабай	188
Жалған достық	188
Аңқау қасқыр	188

МЫСАЛДАР

Құлтемірдің мақтаншысы	189
Бота мен тайлақ	189
Серке	190
Аю мен ара	190
Туған күні қозының	191
Өрмекші	191
Көбелектің өнері	191
Қоянның түсі	192
Әнші бақа	192
Мақтаншақ шар	192
Бидай мен бидайық	193
Тасбақа жүріс	193
Керіктің кескіні	193
Қарғаның сүюі	194
Тентек лак	194
Есек қулық	194
Бұзау мен күшік	195
Қораз бен балапандар	195
Қодық пен қонжық	195
Қарғаның бағасы	196
Борсық	196
Бірліксіздер	196
Құлтемір мен мысық	197
Бал іздеген қонжық	197
Бес батыр	197
Тікүшәкпен тауықтар	198
Емен мен жаңғақ	198
Екі күшік бір төбет	199
Екі тышқан, бір күшік	200
Әлекке түскен әріптер	201
Екі қошқар мен бір ит	202

Уық пен шаңырақ	202
Лақтың сыны	202
Өрмекші мен шыбын	203
Ұры шыбын	204
Құлтай мен құлтемір	204
Қоянның арманы	205
Мақтаншақ бақа	205
Тоқылдақ	206
Қыршаңқы	206
Жапалақ	207
Тал жылап тұр	207
Қызғаншақ балапан	207
Мақтаншақ лак	208
Өш алды	208
Күшіктің ерлігі	209
Құмырсқа	209
Ешкі мен Ермек	210
Сары маса мен инелік	210
Қоянның көжегі	211
Мойнақтың ерлігі	211
Сона мен өгіз	212
Күрке тауық	212
Бегемот	212
Тышқанның ерлігі	213
Көз бен қол	213
Қайнар мен өзен	214
Арлан мен қоян	214
Сағат пен қоңырау	214
Кірпінің амалы	215
Тас пен гүл	215

САНАМАҚТАР

Қанша аң?	223
Есен төлін санайды	223

ЖАҢЫЛТПАШТАР

МАЗАҚТАМАЛАР

Суайт	238
Қырыс	238
Әдепсіз	238
Сүйінбек	239
Еріншек	239
Шіңкілдек	239
Қарабай	239
Кімсің?	240
Секен	240
Күншіл	240
Ұрысқак	240
Ашуланшак	241
Топас	241
Жанғалак	241
Дөрекі	241
Сапак	242
Мақтаншак	242
МЫЛЖЫН	242

ЖҰМБАҚТАР

Бұл не?	243
Бұл қай күс?	243
Бұл қай төл?	244
Бұл кім?	244
Бұл не?	244
Шешуі ұйқасатын жұмбақтар	251

Әдібай Табылды

КӨҢІЛДІ БАЛАЛАР
Мерейтойлық басылым

Баспа директоры Ш. Байкенова

Редакторы А. Сыздық

Көркемдеуші редакторы-дизайнер Б. Еженов

Компьютерде беттеген Б. Еженов

ИБ №50

**Теруге 22.03.2005 ж. жіберілді.
Басуға 12.04.2006 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 ¹/₁₆. Қағаз офсеттік
Басылымы офсеттік. Есептік баспа табағы 17,0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 450
“Балалар әдебиеті” баспасы, 480009
Алматы қаласы, Абай даңғылы 143
тел/факс: 42-23-57**

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90,
E-mail: rpik-dauir_81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru

ISBN 9965-650-45-4



9 789965 650451

